

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ  
ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ»  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Нұр-Сұлтан, 2019

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі**  
**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі**  
**Тіл саясаты комитеті**  
**Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық**  
**ғылыми-практикалық орталығы**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

С. Абдрахманов, Б. Мамраев, К. Мұсырман, Ә. Тұрышев, Ғ. Мелдешов,  
Е. Қажыбек, Г. Құбаш, С. Итеғұлова.

**«Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы», – Нұр-Сұлтан,**  
2019. – 112 бет.

Жинаққа «Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы» атты ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалары енгізілген. Баяндамаларда заманауи терминдердің қалыптасу процесі, салалық терминдерді біріздендіру және жүйелеу жолдары, оның ішінде аударма саласындағы қордаланған мәселелер талқыланып, терминологияны қазақ тілін дамыту және байыту тұрғысында талқылауға назар аударылған.

Оқырмандар жинақ арқылы конференцияның қарарымен, бағдарламасымен және т.б. материалдармен таныса алады.

Еңбек ғалымдар мен сала мамандарына, терминология саласына қызығушылық танытып жүрген көпшілік қауымға арналады.

---

---

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаев терминдердің баламалары, терминжасам принциптері туралы бірнеше мәрте тұжырымдар айтып, ғалымдар мен сала мамандарына ұлттық терминқорды дамыту, терминологиялық лексиканы қалыптастыру, терминдерді біріздендіру туралы бірқатар міндеттерді айқындап берген болатын.

Елбасының қоғамдық сананы жаңғырту және рухани даму мәселелеріне қатысты сөздері мен мақалаларында айтылған бұл міндеттер «тілімізді терминологиялық тұрғыдан халықаралық деңгейге жақындату» қажеттілігіне негізделген. Ал бұл қоғамның барлық сұранысына жауап беретін қуатты қатынас құралы ретінде тілімізді дамытудың бірден-бір жолы болмақ.

Қазақ терминологиясының қазіргі жай-күйі, терминдерді біріздендіру, аударма мәселесі туралы сан алуан ғылыми тұжырымдар, түрлі қоғамдық пікірлер болғаны белгілі және әлі де айтылып жатыр. Соның бір дәлелі – ұсынылып отырған «Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы» атты ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.

Ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты – отандық терминологияның маңызды мәселелерін қазақ тілін дамыту және байыту, сондай-ақ жаңа қазақ әліпбиі негізінде терминдерді қолдану аясын одан әрі кеңейту тұрғысында қарастыру.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, жетекші ғалымдар, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңсесінің жауапты қызметкерлері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының мүшелері, Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы жұмыс топтарының мүшелері, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, ұлттық компаниялар мен БАҚ өкілдері бас қосқан жиында заманауи терминдерді қалыптастыру қағидаттарына, салалық терминдерді біріздендіру мен жүйелеу мәселелеріне баса назар аударылып, жаңа қазақ әліпбиі негізінде терминдерді қолдану аясын одан әрі кеңейту, салалық терминдерді біріздендіру және жүйелеу жолдары, заманауи терминдердің қалыптасу процесі, аударма саласындағы қордаланған мәселелер талқыланды.

Сондай-ақ латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне көшу барысында терминжасамның кей ескірген тәсілдерінен бас тарта отырып, терминдерді тіл заңдылығына сәйкес енгізу жайы баяндалды. Терминдерді ресми бекітуге ұсыну мен бекітуде, сондай-ақ олардың қолданысын орнықтыру жұмысында жүйелілік, сабақтастықтың аса қа-

---

---

жеттілігіне назар аударылды. Бекітілген терминдерді тұрақтандырып, оларды тіл тұтынушыларына, сала мамандарына жеткізу, электрондық жүйеден іздеп табу, тілдік қолданысқа енгізу тетігінің жасалмауы терминологияның дамуына кедергілердің бірі ретінде аталып өтілді. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік терминология жұмыс тұжырымдамасында белгіленген міндеттердің орындалу жайына мониторинг жүргізу, қазіргі заман талабына сай терминологиялық корпус құрып, оның онлайн және офлайн форматта қолжетімді болуын қамтамасыз ету және т.б. ұсыныстар айтылды.

Конференция аясында оқылған баяндамалардағы ұлттық терминологияның өзекті мәселелерін шешуге, аударма сапасын арттыруға, қазақ тілін халықаралық деңгейге терминология тұрғысынан жақындатуға бағытталған өзекті пікірлер сұрыптала келіп, Қарар ретінде қабылданды.

Отандық терминология мәселесіне қатысты айтылған тұжырымдар, ұсыныстар, және тың пікірлер терминологияның сапалық деңгейін арттыруға көмегін тигізеді деген ойдамыз.

Жинаққа ұсынылған баяндамалардағы ғылыми сараптамалар, терминологиядағы жетістіктер мен кемшіліктерді зерделеу нәтижелері тәжірибеде жүзеге асып, қазіргі қазақ терминологиясын жаңа сапаға көтеретініне сеніміміз мол.

*Редакция алқасы*

---

---

## ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

*Бейбіт Мамраев*

*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі  
Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы*



### **Қайырлы күн, құрметті әріптестер және бүгінгі конференцияға қатысушылар!**

«Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы» ғылыми-практикалық конференциясы Парламент Мәжілісінің төртінші сессиясына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылып отыр.

2017 жылғы 12 сәуірде еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарық көрді. Елбасының қоғамдық сананы жаңғырту жайлы идеялары барша қазақстандықтардың тарапынан кең қолдау тауып, жалпыұлттық рухани өрлеуге жол ашты. Ұсынған игі бастамалары қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі, «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қазіргі қазақ терминологиясын одан әрі дамытумен тікелей байланысты.

Елбасы: «Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет... Терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек», – деген болатын. Шынында да, қазақ тіліндегі терминдерді қалыптастыру және бекіту процесін жетілдіру қажеттігі туындап отырғандығы даусыз. Оған ғылыми және шығармашылық интеллигенция өкілдері, жетекші ғалым-тілтанушылар мен жауапты органдар белсене

---

---

атсалысуға тиісті. Мұндай жұмыс жүйелі негізде жүргізілгені жөн деп санаймыз.

Мәдениет және спорт министрлігінің «Termincom.kz» сайтында ұсынылған мәліметке сәйкес қазақ тіліндегі терминдердің жалпы саны 369 мыңнан астам екен. Ал Үкіметтің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы небәрі 24 300 терминді бекіткен болып шықты, яғни бұл барлық терминнің 6,6 проценті ғана. Міне, осының салдарынан терминдерді қолдануда бірізділік жетіспейді. Мұны біз өзіміздің заңшыға-рушылық қызметімізде де анық сезініп жүрміз. Бұған қоса, қазақтілді бұқаралық ақпарат құралдарында терминдерді бұрмалап аудару белең алып кетті.

Осыған орай, Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын жетілдіру, халықаралық терминдерді қазақ тіліне аударудың басты қағида-даттарын айқындау, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру барысында терминдерді қалыптастыру мен біріздендірудің өзекті мәселелерін шешу қажет. Бұл ретте қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, жаңа терминдердің мемлекеттік тілді игергісі келетін басқа этностар өкілдері үшін қолжетімді болуын да ескерген жөн.

Конференцияның тақырыбы өте өзекті. Өйткені мемлекеттік тіл мәртебесі бар ана тіліміздің қолданыс аясын одан әрі кеңейтуде ұлттық терминологияны жетілдірудің маңызы зор. Бүгін біз қазіргі қазақ терминологиясының көкейкесті мәселелерін жан-жақты талқылап, осы саланың әрі қарай дамуы бойынша қарар қабылдауымыз қажет.

Конференцияға Парламент депутаттары, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңесінің, Жоғарғы Соттың, еліміздің жетекші ғылыми мекемелерінің басшылары мен қызметкерлері, белгілі тіл мамандары, Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктерінің, басқа орталық атқарушы мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, квазимемлекеттік ұйымдардың өкілдері, бірқатар республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, үкіметтік емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып отыр. Ұйымдастырылып отырған ғылыми-практикалық конференцияның ұлттық терминологияның алдында тұрған басым мақсат-міндеттерді айқындауға ықпал ететіндігіне сеніміміз мол.

Конференцияның нәтижелі болуына және сәтті өтуіне тілектестік білдіремін!

---

---

## ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТІЛДІ ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

**Ерден Қажыбек**

*Қазақстан Республикасы БҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының директоры,  
Қазақстан Республикасы ҰҒА корр.-мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*



Бүгінгі күні елімізде қарқынды жүргізіліп жатқан түбегейлі тілдік реформа аясында ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыру мәселесі ерекше шешуші маңызға ие. Термин дегеніміз, «Арыстарша» айтсақ, «пән сөзі» – ғылым тілі, экономика мен даму тетігі, өндіріс пен кез келген шаруашылықтың негізі, мамандықтың нышаны, инновация кепілі. Терминсіз кәсіп жоқ, кәсіпсіз нәсіп жоқ. Сондықтан да әлемдегі ірі ұлттық тілдердің бірі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – Қазақ тілі жаһандық бәсекелестік процесінен тыс қала алмайды. Осы ретте қазіргі күн санап қарыштап дамып отырған ғылым мен техника заманында әлем елдерінің нарығынан кейін қалып қоймас үшін экономиканы дамытумен қатар жалпы адамзаттық қарым-қатынастың аса маңызды құралы – тіліміздің мүмкіндіктерін кеңейтуге, күнделікті тұрмысымызға еніп отырған терминдерді игеруге тиіспіз.

Кез келген тілдің терминологиясы ұлттық және интернационалдық қабаттардан тұратындығы белгілі. Ғылым саласының, әсіресе жаратылыстану ғылымдарының терминологиясында латын, грек сөздері басым қолданылады. Тіпті әлемдік тіл саналып жүрген ағылшынның өзінде де көптеген терминдер латын, грек сөздерінен алынған. Қазіргі кезде қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық мәселелері бір-

---

---

шама зерттеліп, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізіліп отыр. Алайда термин мәселесі ғылыми зерттеумен ғана шектелмей, практикалық қолданбалы тұрғыдан қоғамның барлық саласына, өндіріске енгізуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ терминологиясында, қалыптасқан қағидаттарға сүйене отырып, мемлекеттік тілдің терминологиялық жүйесін біріздендіріп, терминологиялық қорын қалыптастыру, жаңғырту және біріздендіру бүгінгі күні тілшілердің де, сала мамандарының да, жалпы қоғамның алдында тұрған «күн тәртібіндегі» шұғыл міндет деп білеміз.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерудің бір жолы оның ғылыми тілін жетілдірудегі терминологиялық жұмыстар (реттеу, жүйелеу, біріздендіру, стандарттау) мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздеу, сонымен қатар ғылыми атауларды ұлт тілінде қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың қарқынды дамуы нәтижесінде пайда болған ұғымдардың тіліміздегі ұлттық тұрғыдан дұрыс баламалармен және жаңа атаулармен толықтыру қажеттілігі терминологиялық жұмыстар теориясына жаңаша көзқарасты талап етеді. Терминдік жүйені біріздендіру мақсатында қазақ тілінің табиғатына сай терминдік инновациялар мәселесі аударылатын, стандартталатын бірліктердің пайыздық үлесін анықтап, оларды белгілі бір жүйеге түсіруді қажет етіп отыр. Терминжасам барысында оның теориялық негіздерін анықтауға, терминологиялық жұмыстардың тілдік қағидаттарын жүйеге түсіру, аудармашыларға, сала мамандарына нақты бағыт-бағдар беретін заман талабына сай әдістемелік нұсқаулықтарға мұқтаждық туып отыр.

Қазақ ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыру жөнінде жарияланған монографияларда, мақалаларда терминологиялық жұмыстардың мәселелері сөз болғанымен, терминологияны реттеу, жүйелеу, біріздендіру, стандарттау сияқты теориялық мәселелер арнайы зерттеу нысаны бола қойған жоқ. Терминологиялық неологизация теориясы мен практикасы қазақ тілінде әлі бір жүйеге түспеген. Яғни терминдердің қазақ тілінде берілу ерекшеліктері толықтай қамтылып жан-жақты талданып, оның ғылыми негізі әлі қалыптасып орныққан жоқ.

Алыс-жақын шет елдердегі осы бағытта жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының ұстанымдары өзгеше. Орыс тілінде терминологиялық қорды қалыптастыру барысында өзге тілдерден терминдер еркін қабылданып, орыс тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемделеді. Терминжасам жұмысы ҚХР қазақ диаспорасында, керісінше, шет тілдерден енген бүкіл терминдерді жаппай аударып немесе баламасын табу әдісі негізінде жүзеге асады. Мұның себебі иероглифке негізделген қытай жазуының терминдер уәжділігін дәл бере алуында.



---

---

Қазақ ұлттық терминологиялық қорын қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздерін (реттеу, жүйелеу, біріздендіру, стандарттау) анықтаудың ұлттық ғылым тілін дамытудағы орны ерекше. Мемлекеттік тілді дамыту жолында кездесіп отырған қиыншылықтардың бірі – терминологиялық жүйесіздік пен терминологиялық жұмыстарды теориялық тұрғыда толықтыру мақсатында оның теориялық және практикалық мәселелерін белгілі бір ғылыми жүйеге түсіру, жаңа терминдер мен лингвистикалық заңдастыру тұрғысынан қарастыру.

Мемлекеттік тілдің қазіргі қоғамымыздағы орны туралы ең жоғары мінберлерден аз айтылған жоқ:

- тұтастырушы фактор,
- ұлттық код,
- прогрестің нышаны,
- рухани жаңғырудың негізі,
- елтаңба, байрағымыз бен әнұранымыз сияқты ең қасиетті құндылықтарымыздың, рәміздеріміздің бірі,
- басты азаматтық атрибут,
- мемлекет дамуының негізгі көрсеткіші дедік.

Осы сипаттамаларға тағы бір теңеуді қосуға болады:

- мемлекеттік тіл дегеніз – терминдік тіл, пән сөздері, кәсіптік атаулар.

Мемлекеттік тілдің терминологиялық қорын қалыптастыру, жаңғырту және біріздендіру жұмыстарына әлемде қалыптасқан терминология саласының ғылыми және практикалық жетістіктері, тәжірибелері мен ғылыми алғышарттары негіз болады. Термин және ол білдіретін ұғым терминтанымда терминнің дефинициясынан бөлек қарастырылмайды. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда терминді «атау» ұғымынан бөлек тану мәселесі үрдіске айналып отыр. Сонымен бірге, сөздіктерде қандай да бір терминнің дефинициясын беруде бірізділік сақталмай келеді. Қарапайым мысал, «термин» деген атаудың дереккөздерде 300-ге жуық анықтамасы бар. Бұл дегеніңіз – терминографияда бірізділіктің сақталмай отыруының нақты көрсеткіші, сондай-ақ терминографияда терминдердің дефинициясын беруде нақты модельдің болмауының белгісі.

Иә, мемлекеттік тіл деген ұғым – салалық терминдердің қолданысы екені даусыз. Халықаралық тәжірибеге жүгінсек, терминологиялық бағыттардың ұзын саны 120-дан асып жығылатыны белгілі. Ішінара іріктеу және кейбір салаларды біріктіру нәтижесінде былтыр ҚР Білім және ғылым министрлігінің арнайы шешімі бойынша елімізде алғаш рет 50 терминологиялық секция жасақталды. Әр нақты бағытқа тиесілі кемінде 10 мың терминдік бірлік керек екен.

Бұл – ғалымдардың есептеуінше, нақты саланың ұлттық тілде еркін дамуы үшін қажетті минимумдық мөлшері. Он мыңнан көп те, он бес-

---

---

жиырма мың болуы мүмкін. Одан аз болған жағдайда ғылым бағытының барлық қыр-сыры, егжей-тегжейлі сипаттары, жан-жақты қасиеттері мен тармақтары толық қамтылуы екіталай, іске асуы қиын.

Бүгінгі таңда кезек күттірмес мәселе – қазақ тілін дамытуды маңызды тетіктерінің бірі – қазақ терминологиясын дұрыс жолға қоя білу. Себебі қазақ тілі қорының бірден-бір даму көзі – қазақ терминдері болып саналатыны белгілі. Интеллектуалдық деңгейге жауап бере алатын ғылым тілін қалыптастырып алмайынша, қазақ тілінің қолданылу аясы дамымайтыны көпшілікке аян. Үкімет тарапынан осы мәселе төңірегінде қолдау көрсетіліп жатыр. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының жүйелі жұмыс істеуі, терминнің теориялық, практикалық даму бағытына арналған, нақтырақ айтқанда, іргелі, қолданбалы зерттеулердің, сондай-ақ салааралық терминологиялық сөздіктер шығарудың қаржыландырылуы, т.т.

Алайда бұл іс-шаралардың барлығы қазақ терминдерін реттеу, жүйелеу, біріздендіру, нормалау, стандарттау бағытында жүйелі, бірізді атқарылып жатыр деп сенімді түрде айта алмаймыз. Осының салдарынан қазақ тілінде нормаланған терминдер аз десе де болады. Ал ол дегеніміз – атқарылып жатқан терминологиялық жұмыстар сапасының төменгі дәрежеде екендігін көрсетеді. Сондықтан алдымызда тұрған басты мақсат – қазақ ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыру барысында терминдерді бір жүйеге келтіру, реттеу, біріздендіру мен стандарттаудың теориялық негіздерін жасап, оның тілдік заңдылықтарын айқындау, сөздіктер мен ғылыми мәтіндер, стандарттар мен оқулық-әдістемелік құралдардағы терминдер қолданысына талдау жүргізу, олардың тілдік табиғатын, терминдік варианттар арақатынасын анықтап, тілдік нормаға сәйкестігін айқындау.

Олай болса, 50 өндіріс пен ғылым бағыты елімізде толыққанды жұмыс істеуі үшін, дәлірек айтсақ, мемлекеттік тілдің Қазақстанда толыққанды қызмет етуі үшін бізге кемінде 500 мың термин керек екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ашығын айтсақ, күні бүгінге дейін ресми түрде бекіткен термин саны әлі де жиырма-отыз мыңның әрі-бері жағында екенін ескерсек, бұған қоса, қазақ сөзжасамдық модельдеріне кереғар тәсілдермен жасалғандарын есепке алсақ, онда мемлекеттік тілімізді дамыту үшін біздің алдымызда көптеген қордаланған проблемалардың тұрғанын мойындағанмыз абзал.

Солардың ішінде, ең бірінші кезек күттірмейтін іс терминологиялық секцияларды дәстүрлі ғылым тармақтарына сәйкес классификациялау болып табылады. Бұл тұрғыдан келгенде, басты назар аударатын және ведомствоаралық ауқымда күш жұмылдыруды қажет ететін маңызды

---

---

бастаманы – «Ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыру және терминдерді латын графикасына көшіру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны» уақтылы және сапалы іске асыру қажет екенін баса айтқымыз келеді.

Жоспар бойынша жұмыстар кезең-кезеңімен, төменнен жоғарыға қарай қолға алынуы шарт. Терминдік лексиканың негізгі ерекшелігін – асқан дәлдігін, мағыналық нақтылығын және белгілі бір мөлшерде консервативтілігін, яғни халықаралық деңгейдегі университеттерге негізделуін үнемі есте сақтаған жөн. Жұмыс жоспарымызды атап айтсақ: 2020 жылы бастауыш білім беру терминологиясының латын графикасына негізделген және 1-4 сыныптарға арналған біріздендірілген терминологиялық сөздік әзірлеуіміз қажет.

2021 жылы 5-9 сыныптар үшін негізгі білім беру терминқоры анықталады. 2022 жылы орта және кәсіптік білім беруде қолданылатын 10-сыныптар үшін сөздік сериясы даярланады. 2023 жылы қоғамдық және әлеуметтік ғылымдар бойынша 20 салалық терминологиялық сөздік бітеді. 2024 жылы техника ғылымдары бойынша 15 салалық терминологиялық сөздік және 2025 жылы жаратылыстану ғылымына арналған 15 томды әзірлеу жоспарлануда.

Атап айтсақ, «елу жылда ел жаңа» дегендей, түбегейлі тілдік реформаның нәтижесінде жаңа елу шақты терминологиялық фолиантты ғылыми қауымдастыққа паш етпекпіз. Жоғарыда аталған қыруар жұмысты сапалы және уақтылы орындау үшін еліміздегі басты, жетекші білім беру және ғылым ошақтары, ғылыми-зерттеу институттары, ұлттық университеттердің терминтанушы мамандары тартылмақ.

Міндетті түрде бүгінгі заманның артықшылықтары – ғаламтор арқылы түрлі форматтағы онлайн басқосулар ұйымдастыру, сұрақ-жауап жүйелерін қалыптастыру, автоматтандырылған ұсыныстарды қабылдау тәртібі, мамандараралық үйлестіру жұмыстары – бұлардың бәрі порталдық мүмкіндіктері арқылы іске аспақ. Сондай-ақ, осы сәтті пайдаланып, жоғарыдағы көтерілген мәселелер ауқымы бір-екі министрліктің құзыретіндегі шаруа емес, мемлекеттік деңгейде іске асырылу қажеттігін тағы атап өткен жөн деп санаймыз.

Аталмыш бағдарлама аясындағы ауқымды үйлестіру-ұйымдастыру жұмыстары мемлекеттік органдардың көптеген жетекші салаларымен, ҒЗИ, университеттермен, сондай-ақ мемлекет жүз пайыз қатысатын холдингтер, корпорациялар мен акционерлік қоғамдарды қоса алғанда, ұлттық кәсіпорындармен жұмыс істеуді талап етеді. Түптеп келгенде, 50 бағыт бойынша ұлттық терминдік дерекқор мақұлдау, талқылау және сараптау кезеңдерінен өтіп, Терминком жиналысында бекітілген жағдайда қаншама жылдар бойы шешімін таппаған мемлекеттік маңызы орасан зор міндет орындалары ақиқат.

---

---

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Шерубай Құрманбайұлы**

*Қазақстан Республикасы ҰҒА корреспондент мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор*



Терминология мәселелеріне ҚР Парламент Мәжілісі тарапынан арнайы көңіл бөлініп, ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп республикалық ғылыми конференция ұйымдастырылып отыруы осы саланың маңызы мен кеңесіп шешетін өзекті мәселелерінің аз еместігінің көрінісі болса керек.

Бізге осы алқалы ғылыми жиынды ұйымдастырушылар тарапынан «Қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселелері» деген тақырып бойынша баяндама жасау ұсынылып отыр. «Терминологияның өзекті мәселелері» дегенде бұл саладағы бірінші кезекте атқарылуға тиісті жұмыстар мен шешімін таппаған мәселелер жөнінде сөз болуға тиіс. Бұл тұрғыдан келгенде екі мәселеге ерекше мән беру қажет деп ойлаймыз. Ең алдымен, бірінші мәселе - терминология дамуының бағыт-бағдарын белгілеп отыратын ғылыми кадрлардың, әсіресе термин жасауға машықтанған, терминологиялық жұмыстарды кәсіби тұрғыдан жүргізуге құзыретті практик терминші мамандардың жеткіліксіздігі мен барларының осы істің басы-қасында болмауы, өздері маманданған іспен тікелей айналыспауы. Екіншісі, ол - терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде жүйелі түрде, үйлестіре отырып, жоғары кәсі-

---

---

би деңгейде жүргізілмеуі. Қазақ терминологиясының шешімін таппай жатқан өзге мәселелерінің бәрі осы ең басты екі мәселені дұрыс шешіп, жолға қоймаудан туындап отыр деуге болады.

Терминология саласында түк істелмеді, мүлде жұмыс жүргізілмей жатыр деуге болмайды. Бізде осы екі бағыт бойынша да азды-көпті атқарылып жатқан жұмыстар, қол жеткен нәтижелер бар. Бұл атқарылған істер негізінен ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, кейінгі жылдардағы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитетіне қарасты Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының, жоғары оқу орындары мен әртүрлі мекемелерде еңбек етіп жүрген жекелеген ғалымдар мен мамандар ізденісінің нәтижесі. Тәуелсіздік жылдарында бұрынғы кезеңмен салыстырғанда терминтану саласы бойынша ғылыми кадрлар мен практик мамандар біршама көбірек даярланды. Түрлі ғылым саласының терминологиялық сөздіктерін жасап, оқу құралдарын жаза жүріп өз ізденістері арқылы сөздікші-терминші ретінде қалыптасқан сала мамандары да бар. Алайда ондай мамандардың көбі қазір әр салада, түрлі мекемелерде қызмет етеді. Олар күш біріктіріп, ортақ іске жұмыла кірісіп, өздері маманданған терминология мәселелерін шешу ісіне әрі баршаға ортақ шаруаға атсалысып, білетін ісімен айналысып отырмағандықтан, ұлттық терминдер қорын қалыптастыру сияқты өте ауқымды жұмыс тиісті деңгейде атқарылып, бұл мәселе толық шешімін таба алмай келеді. Іс нәтижесіне, осы мерзімге дейін атқарылған жұмыстардың ауқымы мен сапасына сыни тұрғыдан қарасақ, әзірге тіл тұтынушыларының сұраныстарын өтеп, ғылым тілінің қажеттілігін мінсіз қамтамасыз ете алатындай жетілдірілген терминжүйе қалыптастырдық деуге әлі де ертедеу. **Бұл негізінен қазақ тілінің ғылым мен технология саласындағы қолданысына, қоғам тарапынан оған деген қажеттіліктің толық туындамай отыруымен де тікелей байланысты.** Соған қарамастан, қолда бар мүмкіндіктер барынша пайдаланылып, ғылыми әлеует пен істі ұйымдастырушылар осы саланың өзекті мәселелерін шешуге жұмылдырылып, жоспарланып, өткізіліп жатқан ішаралардың ауыз толтырып айтатын нақты жетістіктері мыналар деуге келгенде де тосылып қаламыз. Ендеше, терминологиялық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді тетіктерін тауып, жетілдірілген терминжүйе қалыптастыру мақсатымызға апаратын ең ұтымды жолымен келе жатырмыз деген қорытынды жасауға негізіміз де көп емес. Олай болса, терминжасам мен терминдерді реттеу, біріздендіру, бекіту кезін-

---

---

дегі формалдылықтан арылып, терминологиялық жұмыстарды ұтымды ұйымдастырудың, іс сапасын көтерудің тиімді жолдарын әлі де бірлесе іздеуімізге тура келеді. Ол үшін алдымен бұл бағытта туындап отырған мәселелерді анықтап, істі жүргізу барысында кеткен кемшіліктерімізді айқындап алған жөн шығар. Содан кейін барып оларды түзетудің, алдағы уақытта атқаратын тірліктерімізді тиімді ұйымдастырудың жолдарын қарастыруға мүмкіндік аламыз.

Енді терминологияны ретке келтіруде қандай кемшіліктер жиі байқалады дегенге келсек, мына мәселелерді атауға болады:

**Терминологиялық жұмыстарды жүргізудің негізгі бағыт-бағдары, терминқор қалыптастырудың ғылыми қағидаттары айқын емес.** Терминологиялық жұмыстарды жүзеге асыру кезінде белгілі бір баршаға ортақ ұстанымдар мен қағидаттар басшылыққа алына бермейді немесе оларды жауапты құрылымдар мен осы жұмысқа жетекшілік етушілер қалауына қарай өздері белгілейді, жиі өзгертіп алады. Терминге, терминологияға бұлай қарау – бұл саладағы жұмыстың жолға қойылмағандығын, істің ғылыми, кәсіби тұрғыдан тиісті деңгейде жүргізілмей отырғанын көрсетеді. Соның салдарынан тұрақты қолданылатын ұлттық ғылыми терминологиялық қор қалыптасып, толық орнықпай отыр.

**Ұлт тілінде жасалған терминдердің сапасын анықтап, олардың арасынан ғылыми ұғымды дәл беретін, тілдік нормаға сай сәтті жасалғандарын уақтылы сұрыптап, іріктеп алу жолға қойылмаған.** Соның салдарынан түрлі факторлар (автордың беделге басуымен, жеке тұлғалардың қалауымен, лауазымды адамдардың ықпал етуімен т.б.) әсерінен терминге қойылатын талаптарға сай жасалған нұсқа таңдалмай, сәтсіз жасалған атаулар қолданысқа еніп, ресми бекітіліп кетіп жатады.

**Терминдерді ресми бекітуге ұсыну мен бекіту, сондай-ақ олардың қолданысын орнықтыру жұмысында жүйелілік, сабақтастық жетіспейді.** 90-жылдардан бастап терминқорымыздың ұлттық сипатын арттыру мақсатында кезінде орыс тілінен аударылмай өзгеріссіз қабылданған көптеген терминдердің қазақша баламалары жасалып, қолданысқа енгізілді. Олар жұртшылық санасына сіңіп, тілдегі қолданысы енді тұрақтай бастағанда сондай орынға бастаған атаулардың бірқатары қайта қаралып, бастапқы қалпына келтірілді. Мысалы: *аукцион (90-жылдарға дейін) – бәссауда (2009) – аукцион (2014), гимн (90-жылдарға дейін) – әнұран (1992) – гимн (2014), музей (90-жылдарға дейін) – мұражай (1998) – музей (2014), процент (90-жылдарға дейін) – пайыз (2000) – процент (2018), принцип (90-жылдарға дейін) – қағидат (2000) – принцип (2014)* және т.б.

Иә, терминдерді жүйелеп, жетілдіріп, талаптарға жауап бермейтіндерін

---

---

алмастырып отыру үздіксіз атқарылатын, ешқашан тоқталмауға тиіс жұмыс. Қатып қалған ешнәрсе жоқ. Термин шығармашылығы да жанды процесс. Бір бекіткен терминді өмірбақи солай қолдану қажет деп отырған жоқпыз. Бірақ айналдырған 15-20 жылдың ішінде бір терминді екі-үш рет қайта бекіту деген – мүлде ақылға сыйымсыз тірлік. Кеткен кемшіліктерді түзету, сәтсіз жасалған терминдердің орнын жаңа баламалармен алмастырылуы орынды. Алайда осылай әр он-он бес жыл сайын терминдерді қайта-қайта бекітіп, жиі-жиі өзгерте берсек, біз ғылым тілінің, салалық терминдер жүйесінің орнығуын, терминдердің тұрақты қолданылуын қамтамасыз ете алмаймыз. Тәуелсіздіктің 25-30 жылында бес рет қайта бекітілген атаулар бар. Мұны қалай түсінуге болады? Терминдерді бекітуді дәл осындай жиілікпен жүзеге асыру терминдерді қалыптастыруға, олардың тұрақты қолданылуына қол жеткізуге емес, керісінше, олардың тұрақтамауына апарып соқтырады. Жұмысты бұлай атқару жұрттың басын қатырып, мамандарды шатастырады. Сол себептен де белгілі бір терминді бекітуге ұсынушылар да, оны бекіту жауапкершілігіне ие комиссия мүшелері де өздеріне жүктелетін зор жауапкершілікті терең сезінгені абзал.

**Бекітілген терминдерді тұрақтандырып, оларды тіл тұтынушыларына, сала мамандары мен жұртшылыққа уақтылы таныстыру, қажет кезінде электрондық жүйелерден іздеп табу, тілдік қолданысқа енгізу тетігі жасалмаған.** Осы жұмыстың жолға қойылмау салдарынан бүгінге дейін бекітілген 24 мың терминнің елеулі бөлігі ғылым тілінде кеңінен қолданылмайды. Мысалы, мына сияқты ресми бекітілген *ішкіндік (гипоцентр), түтінтартқы (дымосос), қарымжы (задаток), майтұрақтылық (маслостойкость), айданды (дистиллянт)* тәрізді терминдерді кім қолданып жүр? Бұндай терминдер ондап, жүздеп саналады. Осы жағдайдың өзі біздің «Мемлекеттік бағдарлама бойынша индикатор белгілеп, сан қуалап жыл сайын мыңдаған терминдерді ресми бекітуіміздің тиімділігі қандай?» деген заңды сұрақ туындатады. Жалпы терминдерді осылай санмен жоспарлап бекітудің өзі – қисынсыз тірлік. Келесі бағдарламада мұны ескеру керек деп санаймыз.

**Атқарылған жұмыстар бір-бірімен байланыссыз, шашыраңқы түрде немесе тар ауқымда жүзеге асырылады.** Сондықтан бұл істе үйлесімсіздік, мамандардың бірінің істегенін екіншілері қайталау, реті мен маңыздылығы тұрғысынан кейін жасалуға тиісті жұмыстарды алдымен қолға алу сияқты кемшіліктер жиі байқалып жатады. Мәселен, бір ғана ғылым саласы бойынша бір-біріне қайшы тұстары көп терминологиялық сөздіктердің жарық көруі, бір мекемеде, оқу орындарында атқарылған жұмыстар, жазылған еңбектер жөнінде өзгелердің хабарсыз болуы және т.б.

Бұл – істі басқару мен ұйымдастыруға кәсіби тұрғыдан келмеуден

---

---

туындап отырған жағдай. Сол себептен де терминологияның шешімін таппаған, қордаланып қалған мәселелері әлі де азаймай отыр.

Бұл саладағы жұмыстар жемісін беруі үшін мына төмендегі мәселелер рет-ретімен, жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс деп санаймыз:

1. Жоғары білікті терминтанушы ғылыми кадрлар мен практик терминші мамандар даярлау (ҒЗИ, ЖОО-да терминтанушы ғылыми кадрлар даярлау, сала мамандарына терминология бойынша арнайы курстар жүргізу).

2. Бүкіл терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде басқару мен ұйымдастыру тетігін жетілдіру; (Терминкомның құқықтық мәртебесін күшейту, құзыретін нақтылау, жұмыс істеу тәртібіне өзгертулер енгізу).

3. Терминологияның бағыт-бағдарын белгілеп, терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ете алатын кадрлардан, терминологиялық жұмыстарды жүргізуге маманданған салалық мамандардан, терминшілерден тұратын білікті мамандар шоғырланған, Терминкомға ұсынылған терминдерді сараптамадан өткізетін арнайы құрылым құру.



---

---

## ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

***Бағлан Мақұлбеков***

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы,  
заң ғылымдарының докторы, профессор*



Заңнамалардың жобасын дайындау, талқылау және қабылдау өте күрделі процесс екені жұртшылыққа аян.

Заң қабылданғаннан кейін ол міндетті түрде орындалуы тиіс, яғни қоғам мүшелерінің тарапынан қолдау тауып, олардың өмір сүру ережелеріне айналуы тиіс.

Заңнамаларды кіршіксіз орындау үшін, оның мазмұны мен мағынасын терең түсініп, ой елегінен өткізу қажет.

Сіздердің назарларыңызды заңдарды қолдану тәжірибесіндегі кейбір өзекті мәселелерге аударғым келеді.

Ең басты айтарым-заң терминдері өзінің мағынасында, негізді қолданылмайды.

Заңнама қолданушы маман ретінде түйіндеген бір ойымыз – соңғы жылдары қабылданған заңнамалардың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінде ұзақ жылдар қолданыста болған, бұқара халықтың сана-сезіміне сіңіп, қалыптасып кеткен кейбір заң терминдерінің атаулары өзгертіліп, жаңаша мазмұн мен сипатқа ие болып отыр.

Пікіріміз жүйелі, ұстанымыз нанымды болу үшін құқықтық маңызы жоғары Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) енгізілген кейбір заң терминдерінің «құқықтық табиғаты» туралы ойымызды ортаға салсақ деген шешімге келіп отырмыз.

---

---

Кодекстің 8-бабының 5-тармағында «талап қою (арыз).....» деген ұғымдар келтірілген. Осы ретте «талап қою» - деген сөз тіркесі процестік құжаттың нысаны емес, субъектінің іс-әрекетін білдіретінін айтқымыз келеді.

Заң шығарушы «талап қою» деген тіркестен кейін жақшаның ішінде «арыз» деген сөзді бекер келтіріп отырған жоқ.

Шын мәнінде процестік құжаттың нысаны талап қою емес, арыз болып танылады.

Даудың мәні, мазмұны – ақы талабы.

Азаматтық процестің субъектілері өздерінің бұзылған құқықтарын сотқа талап арызын беру арқылы жүзеге асырады.

Осы баптың орысша мәтінінде «иск (заявление)» - деген тіркестер талданып отырған құқықтық ұғымның толық мазмұнын ашады. Ал «талап қою» - деген тіркесті қолдану арқылы біз талаптың (арыздың) мазмұнын, сипатын өзгертіп аламыз, яғни қателікке жол береміз. «Талап қою» - деген тіркес орыс тіліне аударғанда «предъявление иска» - деген әрекетті білдіреді емес пе?!

Азаматтық процеске қатысушы негізгі екі тұлға – талап қоюшы және жауапкер. Бұрын қолданыста болған Кодексте және оған дейінгі заңнамаларда талап қоюшы «талапкер» - деп айқындалған. Жаңа Кодексте осы «талапкер» - деген терминнің неліктен «талап қоюшы» - деп алынғаны түсініксіз болып отыр. Өзінің заңмен қорғалатын құқығы мен бостандығы бұзылды, нұқсан келді деп деп санайтын тұлға сотқа ақы (иск) талабын береді, талап қоймайды.

Ақы талабын беру мен талап қою екі түрлі процестік әрекеттерді білдіреді.

Ақы талабын беру – субъектінің конституциялық құқығы, ал талап қою осы құқықты жүзеге асырудың тәсілі, яғни тұлғаның өзінің құқықтарын қорғау жолындағы әрекеті болып табылады. Егер логикалық сәйкестікке жүгінетін болсақ, онда «жауапкер» деген терминді «жауап беруші» - деп ауыстыру қажет еді.

«Талап қоюшы» деген терминнің сәйкессіздігі, әсіресе шешім, қаулы сынды процестік құжаттарды дайындау барысында анық білінеді. Жаңа Азаматтық процестік кодекстің жобасын әзірлеген жұмыс тобының мүшесі ретінде айтарым, жобаның толық нұсқасында «талап қоюшы» - деген термин қолданылған жоқ болатын. Аталған өзгеріс заңнаманы қабылдау барысында енгізілуі мүмкін.

Кодекстің 17-бабында «айғақтар беру» - деген термин қарастырылған.

Заңнаманың орысша мәтінінде аталған термин «показания» деп ау-

---

---

дарылған. «Айғақ» деген сөз дәлелдеме, куә, куәлік ету, дәлел деген ұғымдарды білдіреді.

Мысалы, азаматтар жұбайы (зайыбы), туыстар сотқа жауап береді. Кез келген жауапты дәлел, дәлелдеме ретінде қабылдауға жол берілмейді. Жауаптың дәлелдемелік, айғақтық заңды сипаты бар ма, жоқ па деген мәселені сот қана шешеді, яғни жауапты сот айғақ, дәлелдеме ретінде қабылдауы мүмкін немесе тиісті негіздеме келтіре отырып қабылдамай тастауы мүмкін.

Сондықтан сот отырысына қатысушылардың жауабына (показания) айғақтың, дәлелдеменің сипатын, мазмұнын беру процестік заңнама тұрғысынан қателік болып саналады.

Кодекстің бүкіл мәтінінде «сот отырысы» деген термин жиі қолданылған. Ал заңнаманың орысша мәтінінде бұл термин «судебное заседание» деп алынған. Негізінде «заседание» деген термин мәжіліс, маслихат деп аударылады. Шындығында сот мәжіліс өткізеді. Мәжіліс кеңесу бөлмесінде шешім қабылдап, оны жариялаумен аяқталады.

Заң терминдерінің ерекшелігі сол, олар қабылданған құқықтық актілердің заңнамалық күшін айқындауда үлкен роль атқарады, олардың басқа құжаттардан айырмашылығын білдіреді.

Қабылданған заңнама актілері көпшілікке түсінікті болу үшін қолданылған терминдердің логикалық нанымдылығына, пайдалану орнына, заңдылық тұрғыдан тиімділігіне баса назар аударған жөн.

Біздің пікірімізше, «сот мәжілісі» деген термин сот төрелігі қызметінің міндеті мен мазмұнын анық, айқын, шынайы көрсетеді.

Кодекстің 3-тарауы «Ведомстволық және соттылық» - деп аталады. Заңгерлер, соның ішінде сот жүйесінде қызмет атқарып жүрген мамандар «ведомство», «соттылық» деген терминдердің мазмұнын дұрыс түсінеді және ажырата алады. «Ведомстволық» деген термин белгілі бір санаттағы азаматтық даулардың соттардың қаралуына жатады деген мағынада қолданылады. Соттылық – азаматтық даулардың қандай соттарда (экономикалық, әкімшілік, т.с.с.) қаралуға жататындығын білдіреді. Өз кезегінде «ведомство» деген сөздің орыс тілінен балама аудармасы «мекеме» деген сөз екенін ескерсек, жоғарыда аталған пікіріміздің нанымдылығына дәлел болар еді.

Азаматтық заңнамада жиі қолданылатын терминдердің бірі – дүние, мүлік, мүліктік қатынастар. Аталаған терминдер орыс тіліне «имущество» - деп аударылады. Бәрі түсінікті сияқты. Ал қолданыстағы процестік Кодексте осы «имущество» деген термин «нәрсе» деп аударылған. Аталған терминді көрсетілген мағынада қолданумен мүлдем келісуге

---

---

болмайды. Азаматтық даудың мазмұнының өзі – дүние, мүлік, мүліктік және мүліктік емес қатынастар.

Сонда қалай ғана азаматтық заңнаманың негізін құрайтын «мүлік» деген терминді «нәрсе» деген терминмен ауыстыруға болады, мұндай бастаманың авторлары осы пікірге қандай уәждер айтады екен?!

Қоғамдағы даулы мәселелерді реттеудің процестік жолдары мен тәсілдерін айқындайтын заңнамалық актінің өзіндік заңды тілі болуға тиіс, яғни заң терминдері орынды, өз мәнінде, айшықты дәрежеде қолданылуы тиіс.

Кодекстің 29-бабы «Жауапкердің орналасқан жері бойынша талап қоюды беру» деп аталады. Егер жауапкер заңды тұлға болса, онда оның орналасқан жерін анықтауға болады. Ал жауапкер жеке тұлға, яғни азаматтар болған жағдайда, олар қалай, қандай жерге орналасады?! Азаматтардың тұрғылықты мекенжайлары бар емес пе?!

Қазір заңгерлердің жаңа толқыны өсіп, жетіліп келе жатыр. Еліміздің болашағы солардың біліктілігінде, солардың қолында.

Мемлекеттік тіл мен процестік тілдің құндылықтарын ажырата алмай, жаңа заманда жаңаша білім алып жатқан жас ұрпаққа қолданыстағы заңнамаларда кездесетін кейбір заң терминдерін түсіну, мағынасын ұғу қиынға түсетіндігін ескергеніміз де жөн болар.

Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен құрылған эксперттік комиссияның мүшесі ретінде бізге қабылданатын Нормативтік қаулыларда, сот актілерінде заң терминдерінің дұрыс қолданылуын, мемлекеттік тілдің грамматикалық ережелерінің сақталуын қадағалау міндеті жүктелген.

Жұмыс барысында аталған процестік құжаттарда кездесетін заң терминдеріне, тілге байланысты сәйкессіздіктер анықталып жатады. Бірақ орындаушылар процестік заңнаманың мәтініне сілтеме жасап «заңда қалай жазылған, солай болуы тиіс, себебі заңнама күшінде» - деген негіздерді алға тартады. Иә, заңнама күшіне енгеннен кейін, ол орындалуы тиіс. Келісуден басқа амал жоқ.

Кодексте кездесетін «ратификация», «регламент», «объективтілік», «факт», «филиал», «объект», «кредитор», «корпоратив» тағы басқа ресми тілдердегі терминдердің мемлекеттік тілдегі мәтініне үйлестігі туралы мәселені жеке талдап, қарастырған дұрыс болар еді.

Процестік заңнаманың 8-тарауы «Сот шығыстары» - деп аталады. Бұрынғы заңнамада «сот шығыстары» «сот шығындары» деп аталғаны көпшілікке мәлім. Ондаған жылдар бойы «сот шығыны» деген терминді ешбір кедергісіз қолданып келген едік. Енді «шығынымыз шығысқа» ауысып кетті. «Шығыс» - деген сөз орыс тілінде «восток», «восход», «выход» - деген ұғымдарды білдіреді.

---

---

Сот төрелігі шеңберіне тартылып, мемлекеттік алым, адвокат пен өкілдің еңбекақысын, сараптама өткізу барысындағы қаржылық өтемдерді төлеген тұлға шығындалады емес пе?!

Кодексте «іс бойынша іс жүргізу» - деген термин жиі қолданылған. Орыс тіліне бұл термин «производство по делу» - деп аударылған. Біріншіден, терминнің оқылуы құлаққа түрпідей тиеді. Екіншіден, Кодексте «іс жүргізу» термині «процесс» деген терминнің баламасы ретінде белгіленген. Сонда «процесс» пен «производство» - деген терминдер қандай себептермен мемлекеттік тілде «іс жүргізу» - деп қолданылуы тиіс.

Орыс тілінде аталған екі термин сот төрелігін жүзеге асыру барысында екі түрлі, мазмұны мен сипаты бір-біріне ұқсамайтын, құқықтық салдары әртүрлі, негізгі процестік әрекеттерді білдіреді және сол мағынада қолданылады.

«Производство» деген терминді «өндіріс» деп айқындау дұрыс деп есептейміз. Себебі судья азаматтық істі жүргізу барысында істі «өндірісінен қысқартады», «өндірісін тоқтатуы» мүмкін.

Кодекстің 218-бабы «Репликалар» деп аталады.

Аталған баптың диспозициясына сәйкес сот жарыссөздеріне қатысушылар реплика айтып, сөз сөйлей алады. Осы ретте «реплика» деген терминді «пікір талас» - деп белгілеу қажет еді. Сонда жоғарыда көрсетілген сөйлемнің құрылуы мен оқылуы жатық және жағымды болар еді.

Кодекстің 272 және 277-баптарында «іс жүргізуді тоқтата тұру» және «іс жүргізуді тоқтату» деген терминдер қолданылған. Аталған екі термин де азаматтық іс жүргізу өндірісін «тоқтату», яғни процестік әрекетті белгілі бір заңнамада көрсетілген себеп-салдарға байланысты уақытша, кейінге қалдыра тұру деген ұғымдарды білдіреді. Ал өндірісінен тоқтатылған іс көрсетілген себептер жойылғаннан кейін қайтадан қарауға тағайындалады. Заңнаманың орыс тіліндегі мәтініндегі «тоқтата тұру - приостановление», ал «тоқтату – прекращение» - деп аударылған. Бұл екі әрекеттің құқықтық салдары әр түрлі болғандықтан, заңнамада жеке тарау ретінде алынған.

«Іс жүргізуді тоқтату» заңнамаға сәйкес іс жүргізуді қысқарту, яғни іс бойынша өндірісті аяқтау дегенді білдіреді. Өндірісінен қысқартылған іс қайта қарауға жатпайды. Сондықтан «тоқтату» деген термин «қысқарту» деген терминмен ауыстырылуы қажет деп есептейміз.

Процестік заңнаманың 54-тарауында «өтінішхат» деген термин жиі қолданылады. Әңгіме «ходатайство» деген термин жөнінде болып отыр.

Бұрын қолданыста болған заңнамада және ұзақ жылдар бойы сот тәжірибесінде «ходатайство – өтініш» деген мағынада қолданылып кел-

---

---

ді. «Өтініш» терминін «ходатайство» деп алсақ, «хат», «письмо» деп аударылатыны белгілі. Жоғарғы Сот сатысына хат жолданбайды, ал процестік заңнамада көрсетілген тәртіпті сақтай отырып өтініш беріледі, яғни орындалған процестік әрекет «өтініш» - деп аталатын құжат арқылы ресімделеді.

Қабылданған заңнаманың мазмұны түсінікті, тілі жатық болу үшін терминдер жүйесін дұрыс, орнымен қолдану қажет деп санаймыз.

Осы орайда, республика көлемінде заң терминдерін бір жүйеге келтіріп, олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган, тіпті болмаса білікті мамандардан тұратын беделді комиссия құрылса деген пікір білдіреміз.

Аталған орган (комиссия) дайындаған сөздіктерді, әдістемелік құралдарды басшылыққа алған жағдайда осы мақалаға арнау болып отырған мәселелер оңынан шешілер еді.

Біз тек қана бір Азаматтық процестік кодексінде қолданылған кейбір терминдердің құқықтық табиғаты туралы әңгіме қозғадық.

Сапалы сот актілерін қабылдауда заң терминдерін орнымен қолдану үлкен рөл атқарады. Сондықтан болашақта жоғарыда айтылған пікірлер мен ұсыныстарға Парламент мүшелері тарапынан назар аударылады деген сенімдеміз.

Тыңдағандарыңызға рахмет!

---

---

## ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІН АУДАРУ БАРЫСЫНДАҒЫ КЕЙ ТҰСТАР

*Асылбек Смағұлов*

*Қазақстан Республикасы Парламенті*

*Мәжілісінің депутаты, заң ғылымдарының докторы, профессор*



Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек деп тапсырма бергені бәрімізге белгілі.

Елімізде ұлттық терминология қалыптастыруда жүйелі жұмыстың жоқтығы, әлі күнге дейін терминологияның даму бағытын айқындай алмағанымыз бұл саланың дамуын ақсатып алғанымызды білдіреді. Бұл, әсіресе халықаралық терминдерді аударуда анық байқалады. Бұл тұрғыда біріне-бірі мүлдем қарама-қайшы екі пікір қалыптасып отыр. Оның біріншісі – халықаралық терминдерді жаппай қазақшаға аударуды қолдаса, ал екіншісі, егер лайықты баламасы болмаса, оларды сол күйінде тілдік айналымға қосуды құптайды. Тәуелсіздік алғалы ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, біздің терминолог ғалымдарымыздың, жалпы лингвист-мамандарымыздың бұл мәселе бойынша ортақ пікірге келе алмауы өкінішті-ақ.

Термин жасауда жетекшілік етеді деген Республикалық терминология комиссиясының өзі бұл бағытта белгілі бір ұстанымға ие бола алмай келеді. Мысалы, «процесс» деген халықаралық терминнің қолданылу саласы да, мағыналық аясы да кең екеніне қарамастан, оны «үдеріс» деп бекітті. Бұл ретте, онымен түбірлес «процессор», «процессинг» деген сөздердің қалайша аударылатыны белгісіз...

---

---

Өкінішке қарай, заңнама терминдерін қалыптастыруда, бірізділікті қамтамасыз етуде нақты тұжырымдалған ұстаным жоқ. Аталған салада әркім өз білгенімен жұмыс істеп, заңнаманы қазақша сөйлетуде бір терминді әртүрлі қолданып, заңдарды орындауда күрделі қиындықтарға душар болып отырмыз. Мәселен, «декриминализация» деген терминнің өзі еліміздің заңдарында «қылмыстық сипаттан арылту», «қылмыссыздандыру» деп, Үкімет қаулыларында «қылмыс деп танымау», «қылмыстан арылту», «декриминализациялау» деп әртүрлі қолданылып жүр. Мұндай мысалдар қолданыстағы нормативтік актілерде жетіп артылады.

Қазақ тілінің байлығы, мағыналық көпнұсқалылығы, синонимдік қатарларының кеңдігі көркем әдебиетте мол мүмкіндіктер ашқанымен, өзіндік ерекше талаптарға сай жасақталатын заң актілерінде белгілі бір қиындықтар туғызып, нормативтік құқықтық актілерде заң техникасының тілге қатысты талаптары сақталмай отыр.

Қазіргі заң мәтіндерін аударушылар мен терминологтардың арасында халықаралық терминдерді қазақшалауда сөздердің этимологиясын дұрыс пайдаланбай, оларды бұрмалап, орынсыз пайдалану жиі кездесіп жүр. Олар орыс, ағылшын, неміс және Еуропаның басқа да тілінде жүздеген жылдан бері қолданылып келе жатқан сөздердің барлығына қазақша балама іздеп, олардың заңдық-терминдік мағынасын бұзып отыр.

Жедел жүріп жатқан жаһандану мен интеграция процестерінде тілдер де бірімен-бірі жақындай түскенін аңғаруға болады. Бұл жолда термин сөздердің ықпалы ерекше. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін, яғни Совет үкіметі кезеңінде халықаралық терминдер, қысқарған сөздер аударылмай, сол қалпында алынуға тиіс деген бұлжымас принцип болған. Мысалы, право, космос, спутник, баланс, стаж, стажер, тағы басқа көптеген сөздер сол қалпында қолданылатын. Ал тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап халықаралық терминдерді жаппай қазақшалау басталып, тілімізге еніп жатқан терминдер құлаққа түрпідей тиіп, өзіміз әрең түсінетін халге жеттік. Елбасының пікірінше, «соңғы жылдары әлемде қалыптасқан 7 мың термин қазақ тіліне аударылған. Мұндай «жаңалықтар» кейде күлкінді келтіреді. Мысалы, «ғаламтор» (интернет), «қолтырауын» (крокодил), «күйсандық» (фортепиано) және тағы сол сияқтылар толып жатыр. Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет».

Демек, бізге Елбасының тапсырмасын орындауда, заңнама терминдерін қалыптастыруда, бірізділікті қамтамасыз ету үшін төмендегідей шараларды атқару қажет:

- мемлекеттік тілді дамытуға қаржы бөліп, жол картасын жасап, бұл бағытта жұмысты жандандыру;



---

---

- Республикалық терминология комиссиясының жұмысын жолға қойып, осы күнге дейін бекітілген терминдерге ревизия жасау (бірнеше нұсқада бекітілген терминдер жұртты шатастырып жүр, олардың ең дұрысын таңдап, қалғандарының күшін жою);

- термин қабылдауда «түркі тілдерінен термин алу», «терминдерді қазақ тілінің заңдылығына бағындырып қабылдауда» асыра сілтеуге жол бермей байыппен әрекет ету;

- заң мамандығы бойынша мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарында қазақ тіліндегі заң лексикасының заңнамада қолданылуына мониторинг жүргізу тақырыбында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу;

- ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде заң терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігін жетілдіріп, түзетіп, үнемі толықтырып отыру;

- барлық терминдердің тілдік, сапалық, жалпы қолданыстық сипаттамасына мониторинг жүргізіп, халықаралық терминдерді қабылдаудың бірыңғай принциптерін әзірлеу;

- қазақ тілінің терминжасамдық әлеуетін анықтау бойынша жұмыстар жүргізу;

- мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігін бағалау рейтингіне заң жобасының мемлекеттік тілде сапалы дайындауды нысаналы индикатор ретінде енгізу;

- Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты өкілдерінің терминология саласында осыған дейін атқарған жұмысы, алға қойған жоспарлары туралы есебін тыңдау;

- мемлекеттік органдарда халықаралық терминдердің баламасын қолдану мәселесіне ұдайы мониторинг жүргізіп, оның нәтижесінде анықталған кемшіліктерді Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссияда қарау;

- қолданыстағы заңдарға мониторинг жүргізіп, ондағы анықталған қателер мен олқылықтарды жою үшін заңдар мен кодекстерге тиісті өзгерістер мен толықтырлулар енгізу;

- орныққан заң терминдерінің банкін немесе электрондық қорын үнемі толықтыра отырып, қалыптастыру керек.

Қорыта айтқанда, осы салада орын алып отырған анархиялы жағдайдан арылу үшін бүкіл жұмысты бір жүйеге қою керек. Ол үшін белгілі бір индикаторлар белгілеп, егер мүмкін болса, мемлекеттік бағдарлама қабылдау қажет.

---

---

## ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМА ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДА ШЕШІЛМЕЙ ЖҮРГЕН БІРҚАТАР ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАР

*Дәуітәлі Омашұлы*

*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
Редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі*



Терминология мәселесін қозғағанда біз терминдерді ұлттық заңнама терминологиясы шеңберінде қарастыратынымызды бірден айтып өтуіміз керек. Өйткені заңдар қоғам өмірінің барлық саласын реттейтін жоғары құқықтық акт болып табылады. Сондықтан заңнама терминдері қоғамның тіршілік - тынысының барлық саласын қамтиды.

Ұлттық заңнама терминологиясында шешілмей жүрген бірқатар өзекті проблемалар бар. Оның біріншісі - нормативтік құқықтық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі проблемасы. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, Парламентке келіп түскенше осы жобалардың орыс тіліндегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Тиісті сала маманының, заңгердің тезінен өтпеген ұлттық термин алды-арты, кейінгі қолданылу жағдайы болжанбай, бір қайнауы ішінде шала-шарпы күйінде кетіп жатады.

Мәселенің түйіні нормативтік құқықтық актілер жобаларын қазақ тілінде әзірлеуде жатыр. Сонда ғана бірнеше сатыда алуан түрлі мамандар талқысынан өткен әмбебап терминдер қалыптасар еді.

---

---

Кеңес өкіметі тұсында ұлттық терминологиямыз интернационалистік принциппен дамыды. Түбірі сақталып, жалғауы орысшаға бейімделіп өзгертілген халықаралық терминдер, атау сөздер біздің тілдік ортамызға сол күйінше еніп кетті. Соның салдарынан қазіргі заңнама мәтіндерінде сырттан енген сөздер көптеп кездеседі. Басқа тілдерден сөзді қалай алу керек? Бұған қатысты екі пікір бар. Бірінші пікір - ол сөзді сол қалпында алу керек дейді, екінші пікір - ол сөзді алған уақытта осы елдің грамматикасына, сөз құрылысына, сөзді қалай қолданады, соған сай қылып алу керек дейді. Мысалы, «партия» деген сөзді орыстар француздан, француздар - латыннан алған. Сонда француз тілінде «жөпәрти» дейді, ал орыстар оны «партия» деп алған. «Диктатура» деген сөз француздан алынған. Француздар «лө диктәтюр» дейді. Оны орыстар «диктатура» деп алған. Басқа елдің тілдерінен алуға болады, бірақ оны ұлттық тілдің грамматикасына, сөз құрылысына кіргізіп жіберу керек. Мысалы, орыстар тілдік қорының 30 пайызына дейін латын мен гректен алған. Біздің көбіміз оның орыстың сөзі емес екенін білмейміз. Олар тіл заңдылығын сақтай отырып, өздерінің тіліне кіріктіріп жіберген. Шет тілдерінің сөздерін осылайша кіріктіріп жіберуге болады.

Бірнеше ұрпақ сол сырттан енген терминдердің тілімен оқып, бұл сөздер әбден құлаққа сіңісті болып қалды. Жөні келсе аударған да дұрыс, әрине. Бірақ, өкінішке орай, терминді, атау сөзді аударған кезде көпшілік жағдайда оның кез келген сөз тіркесіндегі әмбебап мағыналық принципі, яғни терминнің аудармасына деген академиялық көзқарас сақталмайды. Көпшілік жұрттың оны қалай қабылдайтыны, аударма терминнің тілдік ортаға сіңісу мәселесі ескерілмейді. Содан келіп бір сөзді бірнеше нұсқада аудару проблемасы пайда болды. Академиялық көзқарас соңғы жылдары қаптап кеткен сөздіктерде де сақталмаған. Өкінішке орай, академик Ә. Қайдаровтың сонау 90-жылдардың басында айтқан: «Қазақ тілінің терминологиясы әр түрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқасты болып бара жатыр. Осының салдарынан әркімнің өз білгенінше термин жасауы немесе оны ауыстыруы тәрізді бейберекет әрекетке (анархия) жол беріле бастады» деген сөзі бүгінгі күні күрделі проблемаға айналып, алдымыздан шығып отыр.

Осы орайда Терминкомға тиісті мәртебе берілсе, біздің жұртшылыққа тарап, қоғамдық пікір туғызатын ресми құжаттарымыз бен баспа басылымдарымызда бұрыннан екшеліп, електен өтіп, қалыптасқан сөздер мен тіркестерді әркімнің өз бетінше бұрмалап жазуына, жаңа сөздердің баламасын долбарлап жасай салуға жол берілмес еді-ау деген ой келеді.

Франция сияқты әлемге әйгілі дамыған елдің Президенті Француз Миттеран терминкомның жиналысын өзі басқаратын болған.

---

---

Сонда ол Францияның Президентінің істейтін жұмысы жоқ немесе біздің Президентіміз де Терминкомды басқарсын деген сөз емес. Бұл факт терминдерге осындай мән берсе де артық болмайды дегенді білдірсе керек. Ал біздің Терминком болса, әлі күнге дейін консультативтік - кеңесші орган мәртебесін қанағат тұтып отыр.

Адам психологиясы бір нәрсені жаңадан жасап, қиналғаннан гөрі дайынды пайдаланғанға бейім. Сондықтан біздің ғылымға талаптанған жастарымыз ғылым саласындағы, оның ішінде заң ғылымы саласындағы зерттеулерін қазақ тілінде жазуды, ондағы атау сөздер мен терминдерді қазақшаға аударғанды жан қинайтын артық жұмыс санайды. Ал орыс тілінде біршама пысықталып, дайындалған терминдер, терминология бар. Оның үстіне, көпшілік ғылыми әдебиеттер, мақалалар негізінен орыс тілінде және басқа тілде жазылған. Сол себепті де орыс тілінде жазғанды жөн көреді.

Тіліміздегі, оның ішінде ұлттық заңнамадағы терминдерді бірізге түсіруіміз қажет. Бұл - елдігімізге сын. Ол үшін терминдерді ретке келтіріп алу керек. Содан соң халықаралық теорияның қазіргі принципіне сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмысына көшуіміз қажет. Себебі біз халықаралық құқық теориясынан, оның терминологиясынан тыс қала алмаймыз.

Үлкен қиындық туғызып жүрген проблеманың бірі - мемлекеттік тілдегі терминдік қордың әлі жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны. Еуропаны айтпағанда, бұрынғы ТМД елдерімен салыстырғанда да біз бұл жөнінен көп кенжелеп қалғанбыз. Мысалы, кейбір Балтық жағалауы елдерінде мемлекеттік терминология комитеттері бекіткен терминдер санынан біздегі бекітілген терминдер әлі де аз.

Жоғарыда біз орыс тіліндегі терминологияның артықшылығы жөнінде айттық. Ал енді орыс терминологиясы да жоқтан бар болып, аспаннан аяғы салбырап түсе қалған жоқ. Кезінде КСРО халықтарының мемлекеттік тілі - орыс тілінің қоғамдық өмірдің барлық саласында жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында термин мәселесімен арнайы түрде айналысатын, білікті ғалымдар мен әлеуметтанушылардан құралған Ғылыми-техникалық терминология комитеті құрылып, оған ғылыми-зерттеу институттары бағындырылды. Яғни ол - жүйелі түрде жүргізілген жұмыстың жемісі. Біздің қазіргі Мемтерминкомды білікті аппараты, қажетті қаржысы бар тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік органға айналдырудың кезі келді. Сондай жағдай жасалғанда ғана, одан нәтижелі жұмыс талап етуге болады. Ал Мемтерминкомның консультативтік кеңесші орган ретіндегі қазіргі жағдайымен ұлттық терминдерімізді қалыптастыру сияқты үлкен жұмысты тиянақты жүргізу әсте де мүмкін емес екені белгілі. Кеңесші орган болғандықтан, оның шешімдерінің де жалпыға бірдей міндетті күші болмайды.

---

---

Терминология - бүгінгі күні ең күрделі және проблемасы көп сала. Қазір жарыса шығып жатқан жаңа сөздер көп. Сөздіктердің өзі ала-құла. Кәсіби, салалық, ғылыми терминдердің әр жерде әр түрлі жазылуы бәрімізді де жаңылдырады. Сондықтан заң, медицина, техника, экономика, әлеуметтану, саясаттану және тағы басқа салалардың өзіне тән терминдері мен атау сөздерін қамтитын 30 томдық сөздікті қайта пысықтаудың да уақыты келді.

Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасында терминологиялық ахуалға сипаттама беріліп, ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері белгіленді. Олардың бәрін тізбей-ақ бір - екеуіне тоқталайық.

Біріншісі: «Мемтерминкомның мәртебесі өзгертіліп, оның міндеттері, құрылымы қайтадан қаралып, жаңа бағыттары белгіленген ресми орган ретінде бекітілуі қажет», - дейді.

Екінші: Мемтерминком қабылдаған сөздерді Үкімет қаулысымен бекіту қажеттігі айтылады!

Ал енді алға қойылған осы міндеттердің орындалуы қалай. Тұжырымдамада Мемтерминкомды мемлекеттік орган ретінде құру бірінші міндет ретінде белгіленгенімен, ол әлі күнге шешімін тапқан жоқ. Терминком бекіткен сөзді алуға да, алмауға да болады, өйткені ол - кеңесші орган.

Терминком қабылдаған сөздер Үкіметтің қаулысымен бекітілсін деген нұсқау да орындалған жоқ.

Сондықтан Тұжырымдамада белгіленген міндеттердің орындалу жайына мониторинг жүргізіп, терминология үшін аса маңызды міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету керек.

Заң жобаларымен жұмыс істеу барысында терминологияға қатысты көптеген проблемаларға кезігіп жүрміз. Бұл - жалпы термин жасау ісіне де тән проблемалар, өйткені экономиканың, ғылым мен білімнің, техниканың түрлі салалары бойынша ұлттық терминологияны қалыптастырып, жетілдіріп отыру - күн тәртібінен түспейтін мәселе. Бұл ұзақ уақытқа созылатын іс екендігін бәріміз де жақсы білеміз.

Қазіргі жаһандану кезеңінде қазақ терминологиясын жасау, оны қалыптастырып, дамыту оңай шаруа емес, өйткені осы жаһандану процесімен талай-талай жаңа ұғымдар тұрмысымызға еніп жатыр. Бұл - біз үшін ғана емес, әлем жұртшылығы үшін де үлкен проблема.

Ендеше заңнама тілінің өзегі ретінде терминологиямызды түзу - бүгінгі күннің ерекше талабы.

---

---

**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ БАРЫСЫНДА КІРМЕ  
ТЕРМИНДЕРДІ ТІЛ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНА СӘЙКЕС ИГЕРУ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Қарлығаш Айдарбек**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Терминология бөлімінің меңгерушісі,  
филология ғылымдарының докторы, доцент*

**Орынай Жұбаева**

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы*



Елбасымыз Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – дей келіп, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту қажеттігін баса айтқан еді.

Осыған байланысты «тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани код» ретінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тілтанымдық мұрасын әрдайым назарда ұстауымыз қажет.

1. Шеттен енген термин сөздерді қазақ тілінің заңдылықтары бойынша бейімдеуде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы сынды терминолог ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа алу қажет. «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 27 наурыздағы санында жарық көрген мақаласында А.Байтұрсынұлы сөз басына ереже жасауға болмайтынын, ондай емле қолайлы, оңай емле болмай-

---

---

тынын ескерткен болатын. Сондықтан шеттілдегі термин сөздерді қазақ тіліне бейімдеген кезде А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың еңбектерінің негізінде қазақ тіліндегі нормаларды нақтылап алып, сол принциптерге бағындыру қажет. ХХ ғасырдың басында сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталып, *комиссариат – кеме-серет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе* түрінде жазылған. Қазақ тіліне кірген жат сөздерді де мүмкіндігінше сол заңға келтіріп жазу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін бірыңғай жіңішке не жуан түрінде алу керек.

2. Қазақ тілінде дыбыстардың тіркесуінде заңдылық бар:

- Сөз басында екі дауыссыз қатар келмейді.

- Екі дауысты дыбыс қатар келмейді.

- Сөз соңында үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі ғана (*қант, жент, қарт, салт* т.с.с.) келген, басқа дыбыс тіркесі (қатаң мен қатаң, үнді мен үнді, қатаң мен үнді, ұяң мен ұяң т.с.с.) қазақ тіліне жат. Сондықтан шеттілден енген сөздердегі жат қолданыстарды қазақ тілінің заңдылығына бейімдеу керек. Яғни *сьезд, подъезд, разъезд* т.с.с. сөздердегі **д** әрпін түсіріп жазу керек. Қазіргі кезде *поезд сөзі* пойыз түрінде жазылып жүр. Осы ұстаным басқа сөздерге де қолданылуы керек.

- А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде термин сөздердің тұлғасын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазуда қосымша жалғау арқылы тексеру әдісі қолданылған. Ол әдісті қазіргі кезде де қолдануға болады. Осыған байланысты **сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт, фт** дыбыстарына біткен есім сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылуы керек. Себебі бұл сөздерге қосымша жалғанғанда да соңғы әріптер түсіп қалады: *кросс – кросқа, кросы, класс – класқа, кластар, класы, металл – металды, металы, грамм – грамға, грамдық, грамы, киловатт – киловатта, групп – группі, съезд – съезге, съезі, ведомость – ведомосқа, фармацевт – фармацевке, шрифт – шрифпен; сондай-ақ трест – треске, тресі; турист – туриске, турисі; утопист – утописке, утописі; фантаст – фантасқа, фантасы; фонетист – фонетиске, фонетисі; форпост – форпосқа, форпосы; футурист – футуриске, футурисі; чекист – чекиске, чекісі; экономист – экономиске, экономісі; юрист – юриске, юрисі* т.с.с.

- Екі қатаң дауыссызға біткен (**ск, ст, кс, кт, пт, фт**) сөздердің соңына **ы, і** дәнекер дыбыстарын қосып жазу керек. Себебі ол сөздерге қосымша **ы, і** дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады: *объект+і+ге, объект+і+сі, киоск+і+ге, киоск+і+сі, киоск+і+лер, Омск+і+ден, Омск+і+ге, лифт+і+мен, факт+і+сі, факт+і+лер, рецепт+і+нің, рецепт+ті+ге, манускрипт+і+ге, моллюскіге, пактіні, тактіні, трактіге, фактісі, перфектіні, интеллектіге, инстинктіні, рецептіге, эвкалиптінің* т.с.с.

---

---

• Үнді және қатаң дауыссыздар тіркесіне (**нк, лк, мп, лт, лыт, нс, рс, рт, рш, нт, рм, фр** т.б.) біткен сөздерге қосымша **ы, і** дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша жалғанады: *финанс+қа, финанс+ы, аванс+ы* (авансысы емес), *цемент+ке, цемент+ті, фермент+тік, цифр+ға, цифр+ы* (цифрысы емес); *хлороформ+ға, хлороформ+нан, хлороформ+ы, фунт+қа, фунт+ы, формант+тар, формант+ы, банк+ке, автопарк+тен, пульт+ке* т.с.с. Себебі сөз соңындағы үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі қазақ тіліне жат емес (*қарт, ант, салт, сарт, шарт, қаңқ, саңқ, кент, серт* және т.с.с.). Мұндай дыбыстық тіркестерді Қ.Кемеңгерұлы «дауыссыз дифтонг» деп атаған еді.

• Қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтары бойынша қатаң дауыссыздан кейін үнді не ұяң дауыссыз келе алмайды. Сондықтан **енд** (*бренд, дивиденд, стенд, тренд, фотостенд*), **онд** (*алюкобонд, генофонд, евробонд*), **унд** (*карборунд*) дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздерді де нт түрінде жазу керек.

• Шет тілден *енген, енг, инг, онг* дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы **нг** дыбысының орнына қазақ тіліндегі **ң** дыбысын таңбалауға болады: *автопаркинг, агрохолдинг, аутбридинг, аутсорсинг, банкинг, бизнес-рейтинг, бизнес-тренинг, боулинг, брифинг, викинг, демпинг, допинг, импритинг, инбридинг, инжиниринг, карлинг, картинг, кастинг, кикбоксинг, кинг, клиринг, консалтинг, контроллинг, лизинг, маркетинг, митинг, мониторинг, пейджинг, порцинг, рейтинг, роуминг, ринг, семинар-тренинг, серфинг, скрининг, смокинг, спарринг, стайлинг, стерлинг, тренинг, фандрайзинг, франчайзинг, холдинг, хостинг, лозунг, бумеранг, ранг, фланг, сленг, гонг, дифтонг, полидифтонг* т.с.с. Себебі түпнұсқада **нг** дыбыс тіркесі емес, **ң** дыбысы. Ол транскрипциядан да анық көрінеді: *сленг – slæŋ, дифтонг – 'dɪf.tʊŋ, паркинг – 'pa:.kɪŋ, холдинг – 'həʊl.dɪŋ, банкинг – 'bæŋ.kɪŋ, рейтинг – 'rei.tɪŋ, тренинг – 'treɪnɪŋ, боулинг – 'bəʊ.lɪŋ, брифинг – 'brɪ:fɪŋ, маркетинг – 'mɑ:kɪtɪŋ* т.с.с. Алайда орыс тілінде **ң** дыбысы болмағандықтан, **нг** тіркесімен берілген. Бұл сөздерді делдал тілдегі өзгеріске түскен қалпында емес, түпнұсқадағы қалпына жақын етіп алуға болады.

• Қазақ тілінде үнді мен қатаң тіркескенмен, керісінше, қатаң мен үнді қатар келе алмайды. Сондықтан шеттен енген сөздердегі **тр**-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы, і** дыбыстарын кіргізу керек: *тыйатыр, метір* т.б.

• Қазақ тілінде сөз **б, г, ғ, д** дыбыстарына бітпейді. Сондықтан шеттен енген, осы дыбыстарға біткен сөздер қазақ тілінің заңдылығына бағындыру керек. Соған сәйкес

❖ **аб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*араб, архесиллаб, мазһаб, масштаб, штаб, хиджаб*);



- ❖ **об** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*гардероб, гидрофоб, микроб*);
  - ❖ **уб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*автоклуб, аэроклуб, бизнес-клуб, интернет-клуб, клуб, куб, мотоклуб, спорт-клуб, фитнесклуб*);
  - ❖ **аг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*анилаг, архипелаг, бактериофаг, детритофаг, рейхстаг, рычаг*);
  - ❖ **орг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*комсорг*);
  - ❖ **ург** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*драматург, жазушы-драматург, кардиохирург, кинодраматург, металлург, нейрохирург, хирург*);
  - ❖ **фаг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*ксилофаг, макрофаг, олигофаг, сапрофаг, саркофаг, энтомофаг*);
  - ❖ **яг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*варяг*);
  - ❖ **ог** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*ағартушы-педагог, акушер-гинеколог, аналог, антрополог, археолог, астролог, бактериолог, барлаушы-геолог, биолог, бульдог, геолог, герцог, гидролог, гинеколог, гляциолог, косметолог, маркетолог, метеоролог, минеролог, мифолог т.с.с.*);
  - ❖ **ад** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*бал-маскарад, жад, жиһад, лимонад, мармелад, рафинад, шоколад т.с.с.*);
  - ❖ **айд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*слайд*);
  - ❖ **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авангард, гепард, электркард*);
  - ❖ **ед** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*швед*);
  - ❖ **ейд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*рейд*);
  - ❖ **eid** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*нуклеопротеид, протеид, хромопротеид*);
  - ❖ **фуд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фаст-фуд*);
  - ❖ **юд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фотоэтюд*);
  - ❖ **ярд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*бильярд*);
  - ❖ **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*стюард*);
  - ❖ **яд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*наряд*);
  - ❖ **ряд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авиаотряд, отряд, разряд, снаряд*);
  - ❖ **ид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*альдегид, антимонид, геноцид, гербицид, гибрид, диоксид, оксид, пластид, полигибрид, силицид, суицид т.с.с.*);
  - ❖ **од** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*анод, бутерброд, взвод, диод, йод, катод, метод, электрод, эпизод т.с.с.*);
  - ❖ **oid** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*астероид, гаплоид, дифтонгоид, коллоид, органоид т.с.с.*);
  - ❖ **орд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздердегі (*аккорд, билборд, рекорд, сканворд, скейтборд, сноуборд*);
- б, г, д** дыбыстарының орнына **п, к, т** әріптерін жазу керек. Себебі бұл

---

---

сөздер ұяң дауыссыздарға біткенмен, оларға қосымша ұяң дыбыстан бастап жалғана алмайды, қатаң дыбыстан басталады: *арабқа, архесилабты, мазһабта, маситабпен, штабтан, хиджабты*, т.с.с. Сөз тұлғасын қосымша жалғау арқылы тексеру әдісі – А.Байтұрсынұлы бастаған ғалымдардың негізгі ұстанымдарының бірі. Бұл әдіс осы уақытқа дейін көп еленбегенмен, орфографиялық сөздіктерде, анықтағыштарда (Р.Сыздық «Қазақ тілінің анықтағышы». – Астана, 2000) ұяң дыбыстарға біткен сөздерге жалғанатын қосымшалардың қатаң дыбыспен басталатыны туралы айтылған. Күнделікті қолданысымызда да қатаң дыбыстан ғана бастаймыз. Соңғы ұяң дыбыстарды қазақ қатаң түрде ғана дыбыстай алады. Араб тілінен енген *кітап* сөзі **б** әрпіне біткен. Алайда қазақ тілінде ол сөздің соңында қатаң дыбыс (**п**) таңбаланып жүр. Одан қазақ тілінің заңдылығы бұзылып тұрған жоқ. Қажым Басымұлы еңбектерінде *араб* сөзі *арап* түрінде таңбаланған. Қазір *араб* түрінде жазылып жүр. Бұл – қазақ тілінің заңдылықтарына қайшы. Сол себепті тіліміздің заңдылықтарына сәйкес **б, г, д** дыбыстарына біткен сөздерде сөздің соңына **п, к, т** әріптерін жазу керек.

- Шет тілден енген сөздердің бастапқы буындары езулік, соңғы буыны еріндік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндікті бастапқы буындарға ауыстырып не мүлде жойып, езулікке айналдырып жазу керек: *автор – аптыр, директор – деректір, корректор – кәректір* т.б.

- Шеттен енген сөздердің соңындағы **а** дыбысы түсіріліп жазылуы керек: *аптека – аптек, фабрика – пабірік, награда – награт, морфема – морфем, фонема – фонем* т.б.

- XX ғасырдың басындағы А.Байтұрсынұлы ұстанымдарына сәйкес **ка**-ға біткен сөздердің соңын **-ке** түрінде (*справка – ысырабке, музыка – мүузійке, техника – текнійке* т.с.с.); **-ок** қосымшасына біткен сөздерді **-ке** түрінде (*участок – ұушаске, список – іспеске* т.б.); аяғы **-ция**-мен тынған сөздерді **-са/-се** тұлғасында (*милиция – мелетсе, станция – станса* т.б.) жазуға болады.

---

---

## МАҚҰЛДАНҒАН ЕМЛЕ ЖОБАСЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ИГЕРІЛУІ

*Гүлфар Мамырбек*

*Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалым хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты*



Дәл қазіргі таңда терминдердің латын графикасына негізделген қолданысын жүйелеу, біріздендіру мәселесі өзекті болып отырғаны белгілі. Осымен байланысты емле ережелерін құрастыру барысында Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Ұлттық комиссия жанынан құрылған терминологиялық және орфографиялық топ мүшелерінің басын қосып бірнеше мәрте отырыстар мен талқылаулар өткізген болатын. Ондағы басты мақсат – терминолог мамандар уәждерін басшылыққа алып, емледегі ең күрделі әрі басты мәселе – кірме сөздерді латын графикасында таңбалауды ретке келтіру еді. Алайда бір ғана терминолог ғалым Шерубай Құрманбайұлы тарапынан кірме сөздерді латын графикасымен таңбалау бойынша бағыт-бағдар айтылып, ұсыныстар берілді. Ұсыныстарды ескере отырып, емле құрастырушы мамандар, таза грамматологиялық тұрғыдан шеттілдік сөздердің емлесін әзірлеп шықты. 2018 жылдың 6 желтоқсанында мақұлданған емледе шеттілдік сөздерді игерудің стандартты нұсқасы ұсынылды. Бұл жобаның тиімді екендігін Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы тарапынан жүргізілген сынама-сауалнама және үгіт-насихат жұмыстары кезінде келіп түскен пікірлерден байқауға болады. Емле ережесіндегі шеттілдік сөздердің игерілуі біріншіден, ұлттық жазу жүйесінің ерекшеліктері ескеріле отырып жасалса,

---

---

екіншіден, автоматты транслитерациялау принципімен емес, керісінше, фонетикалық және түпнұсқа принципті үйлестіре отырып таңбалау механизмдерін басшылыққа алды. Бұл дәл қазіргі аралық кезеңде, яғни кирилл саналы халық пен латын саналы ұрпақтың тоғысып тұрған кезеңінде жасалған сәтті қадам деуге болады. Мәселен, кірме сөздердің көбі түпнұсқаға жақындатылып берілсе, ал әліпбидегі жоқ әріптер төл дыбыстарымыз арқылы ұлттық тілдің әуезіне икемдеп берілді. Мысалы: сөз ортасында келетін **ю** әрпі бірыңғай **ú**-мен жазылады: *parashút, absolút, glúkoza, debút, prodúser, lúks, valúta, búdjed, búro, sújet, búleten, fúchers, kompúter, tútor, konúktýra, konúktivít*. Я әрпі **á** әрпімен жазылады: *zarád, knáz, narád, razrád, gríláj*. Ал жіңішкелік белгісі (**ь**) бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылады, *alkogól (-diń, -i, -ge, -der), ansámbł (-diń, -i, -ge, -der), asfált (-tiń, -i, -qa, -ta), áłbatros (-tyń, -y, -qa, -tar), áłbom (-nyń, -y, -ǵa, -dar), kúlt (-tiń, -i, -ke), múłtfilm (-niń, -i, -ge, -der), ós (-tiń, -i, -ke, -ter), rálma (-nyń, -sy, -ǵa, -lar), paról (-diń, -i, -ge, -der)* т.б.

Мақұлданған емледегі, бұндай бірізділік принципінің өте ұтымды шыққанын біз қазір дәрістерді беру үстінде көзіміз жетіп отыр. Өйткені қай жерде **ю**, қай жерде **я**, қай жерде жіңішкелік белгісі, қай жерде жуандық белгісі тұрғанын кирил санадағы халық жақсы меңгерген. Ал сол әріптері бар сөзді латын графикасына аударғанда жоғарыда айтып кеткен стандартты үлгі арқылы кірме сөздерді игеріп жатыр. Сондықтан мақұлданған емлеге ішінара өзгеріс енгізуге болатын шығар, алайда кірме сөздерді игерудің тетіктері сәтті құрылғандықтан ондағы негізгі принциптердің сақталғаны болашақта тиімді болмақ деген ойдамын. Жалпы терминология мәселесіне қатысты мынадай мәселелер болашақта басты назарда болса:

- Шеттілінен толассыз еніп жатқан терминдерді түпнұсқа күйінде алып, оны фонетикалық тұрғыдан латын әліпбиімен транскрипциялағаннан гөрі қазақша атаған, тиімді, сол үшін баламаларды табу жұмыстары күшейтілсе.

- Баламалары қабылданған жағдайда, оны қалың жұртшылыққа насихаттау жұмыстары жүргізілсе, әсіресе оқулық құрастырушы авторлар мен сала мамандарына түпнұсқа термин емес, аударылған баламаны қолдану міндеттелсе (мәселен, фактор емес түрткіжайт, потенциал емес әлеует, т.б.).

- Баламасы жоқ терминдерді аудару барысында міндетті түрде терминолог пен сол сала маманы бірлесе отырып жұмыс істеу міндеттелсе, себебі тілтанушы мен сол сала маманы бірлесе отырып жұмыс істегенде ғана сәтті балама шығады.

---

---

- Қолданысқа еніп кеткен өте сәтті аударылған, уәжді баламалар толықтай жинақталса.

- Сәтті аударылған баламалардың беделін арттыру үшін, кеңінен таныту үшін насихат жұмыстары қолға алынса. Өйткені сәтті аударылған терминдер қалың жұртшылыққа кеңінен танылмай жатыр.

- Терминографиялық еңбектер негізінде терминологиялық корпус жасалса. Бұл дегеніміз – халықтың терминдермен жете танысуына үлкен мүмкіндік жасайтын электронды қор.

- Терминологиялық корпус онлайн (электронды) және офлайн (қағаз түрінде) түрінде қолжетімді болуы қамтамасыз етілсе.

- Нормативті база жасақталып, талап күшейтілсе. Мәселен, қазіргі таңда бір терминнің аудармасы әр кітапта әртүрлі болып жүр (бірде түпнұсқамен беріледі, бірде баламасы беріледі, бірде мүлде басқа аудармамен беріледі).

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған мәселелер оң шешімін тапқанда ұлттық терминология жаңа сатыға көтерілер еді.

---

---

## «ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУДА ТЕРМИНДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

*Рауан Кенжесханұлы*

*«Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының директоры*



Осыдан тура екі жыл бұрын Елбасының, еліміздің рухани өміріне үлкен серпіліс әкелген “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” мақаласы жарияланды. Елбасы көтерген бастамалар мен берген тапсырмалары зиялы қауымды, ғылым мен білімге жанашыр ортаны шабыттандырып, елдік маңызы аса зор өте ауқымды іске жұмылдырды.

Мақалада аталған алты арнайы жобаның бірі – “Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық”. Бұл жобаны іске асыру үшін үкіметтік емес және коммерциялық емес негізде жұмыс істейтін “Ұлттық аударма бюросы” құрылды. Бұл бастама еліміздің барлық оқу орындары, оқытушылары мен студенттеріне әлемнің ең озық ғылым мен білім орталықтарының алтын қорын ашып берді. Дүние жүзінің алдыңғы қатарлы оқу орындарында қолданылатын, ең жақсы деген оқулықтарға қол жеткізу үшін сол іргелі оқу орындарының баспалары, ең ірі деген халықаралық баспа үйлерімен әріптестік орнатылды.

Бюроның үйлестіруімен іске асып жатқан ауқымды ғылыми аударма жұмысы қазақ тілінде жаңа оқулықтар дайындап, жоғарғы мектеп мазмұнын түбегейлі түрде жаңартумен қатар қазақ аударма мектебінің күшейіп, соның ішінде бүгін сөз болып отырған терминология мәселелерін нақты, практикалық тұрғыдан қарауға негіз болды.

Алдымен “100 жаңа оқулық” жобасының жалпы талаптарымен

---

---

таныстырайын. Оқулықтарды іріктеу үшін жоғары оқу орындары мен гуманитарлық бағыттағы ғылыми орталықтардан жалпы саны 800-ден аса аударылуы қажет деген оқулыққа ұсыныс келіп түсті.

Сала мамандарынан құралған жұмыс тобы аударылатын оқулықтарға қойылатын талаптарды анықтады. Олар:

- Оқулық кемінде 3 басылымнен өтуі тиіс, яғни өзіне деген сұранысты растауы қажет;

- соңғы басылымы соңғы 3 жылдан кеш болмау, яғни мазмұны ескірмеген, өзектілігі жоғары болуы шарт;

- оқулық дүние жүзіндегі маңдайалды 100 университеттің оқу бағдарламасында болуы қажет;

- кітаптың құрылымы мен мазмұны идеялық тұрғыдан бейтарап, яғни белгілі бір ұстанымдар мен тұжырымдарды ғана насихаттамауы тиіс. Оқулық ғылым саласына жалпы шолу жасайтын, болашақ маманды ғылым саласындағы барлық идеялар мен ұстанымдар спектрімен таныстыруы тиіс;

- сонымен бірге, оқулықтың заманға лайық болуы, яғни тек кітап түрінде емес, ақпараттық технологиялар негізінде, интерактивті форматта оқып-үйренуге мүмкіндік беретін жаңа үлгідегі қосымшалармен бірге жүруі талап ретінде қойылды.

Осындай талаптар негізінде жоба қолға алынған екі жылдың ішінде философия, әлеуметтану, психология, мәдениеттану мен антропология, дінтану және тіл білімі, экономика мен кәсіпкерлік салаларын қамтитын 48 оқулық аударылып, баспаға әзірленді.

Аударма жұмысына ұлттық университеттер және салалық оқу орындары, гуманитарлық бағыттағы ғылыми зерттеу орталықтары кеңінен тартылды. Аударманы мейлінше сапалы шығару үшін алғашқы мәтінді дайындауға жоғары оқу орындарының ұстаздары, ғылыми редакция жасауға еліміздің белгілі ғалымдары, әдеби редакцияға танымал тілшілер мен баспагерлер шақырылды.

Қазір бұл жұмысқа жалпы саны 300-ге тарта маман қатысуда.

Аударма тілін мейлінше ұғынықты әрі жатық ету мақсатында барлық мамандарға ортақ аударма ережелері мен ұстанымдары дайындалып, бекітілді. Олар:

- Жаңа ұғымдар мен терминдерді халықаралық ғылыми және кәсіби лексикадан кең тарту;

- терминдердің өзге тілдегі түбірін аудару арқылы жаңа ұғым жасауға сақ болу;

- мазмұнға нұқсан келтірмей, грамматикалық құрылымдарды мейлінше жеңілдету;

- мазмұнды жерсіндіру, яғни мысалдар мен кейстерді, суреттер мен кескіндерді барынша қазақстандық баламалармен алмастыру.

---

---

Осы негізде қазірдің өзінде жоба сөздігіне 3 мыңға тарта ғылыми термин, ұғым мен түсінік жинақталды. Олардың бірсыпырасы бұрынғы қолданыс үлгісінен өзгеріп, енді бір бөлігі қазақ – тіліндегі баламасы алғаш рет берілген жаңа сөздер. Сондықтан, бұл жоба тек жаңа білім мен жаңа мазмұнға ғана жол ашып қоймай, сонымен қатар жаңа ұғымдар мен түсініктер арқылы тілімізді жаңартып, оның ғылыми әлеуетін кеңейтті.

Өткен жылы біз бұл жоба шеңберінде аударылып, басылған алғашқы 18 оқулықты көпшілікке таныстырдық. Содан бері оның әрқайсысы 10 мың дана басылыммен шығарылып, еліміздегі 112 жоғары оқу орнына тегін таратылды. Оқулықтардың электронды нұсқалары интернет арқылы еркін қолданысқа берілді.

Жаңа оқулықтардың мазмұны мен құрылымы, аударма сапасы, жаңа ғылыми ұғымдар мен терминдердің қолданысы, оларды қазақстандық жоғары мектеп бағдарламасы мен ғылыми айналымға енгізу мәселелері академиялық және университеттік ортада кеңінен талқыланды. Оқулықтарды таныстыру, талқылау шаралары еліміздің барлық аймақтарында өтті.

Ғалымдар мен оқытушылар “100 жаңа оқулық” жобасы еліміздегі жоғары гуманитарлық білімнің мазмұнын түбегейлі түрде өзгертіп, оны ілгері халықаралық деңгейге шығаруға жол ашқандығын бір ауыздан айтты.

Аударылған оқулықтар биылғы оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарының бағдарламаларына еніп, кең қолданыла бастады.

Жаңа оқулықтарға деген жоғары сұраныс пен қоғамдағы қызығушылықты ескере отырып, еліміздегі ірі кітап дүкендері арқылы тарату үшін қосымша басылым шығару қолға алынууда.

Оқулық аудару аясында жинақталған тәжірибені қорытып, ғылыми аудармаға қажетті, сондай-ақ ғылыми лексиканы жүйелеп нормалауға қажетті сөздіктер дайындау қолға алынды. Бұл бағытта сөздік дайындау тәжірибесі аса мол Оксфорд университетінің баспасымен бірлесіп жұмыс істеуге келістік. Атап айтсақ:

- Оксфорд белгісімен үлкен қазақ-ағылшын, ағылшын-қазақ сөздігі.
- сондай-ақ қоғамдық және әлеуметтік ғылымдардың түсіндірме сөздігі;
- экономикалық түсіндірме сөздік және қазақ тілінің кірме ұғымдар сөздіктерін дайындау жүріп жатыр.

Бұл жұмысқа Шерубай Құрманбайұлы және Таңат Аяпова секілді тәжірибелі де белгілі ғалымдармен қатар, Бағлан Мизамхан, Мұхтар Сеңгірбайұлы, Асем Қалиева секілді жас ғалымдар да атсалысуда.

Аталған жұмысқа үлес қосуға ниетті мамандарды ортаға қосылуға шақырамыз.



---

---

## ТЕРМИНДЕРДІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ОРНЫҒУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Сауытбек АБДРАХМАНОВ**

*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты,  
филология ғылымдарының докторы*



«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, тілі мен ділі де – тілінде».

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше «Егемен Қазақстан» және «Айқын» газеттерінің басшылары Дархан Қыдырәлі мен Нұртөре Жүсіпке берген сұхбатында осылай деп қадап айтты. Иә, тіл – халықтың жаны. Жанымыз да, қанымыз да, мәніміз де, сәніміз де, әніміз де, әріміз де ең алдымен тілден танылады.

Жер бетіндегі халық атаулының басты бір парызы – туған тілін сақтау, байыту, ұштау, көркейту, қуаттандыру, сөйтіп оны ұрпақтан ұрпаққа жайнатып жеткізу. Мұның жолы көп. Соның бірі – терминдер.

Термин дәлдігінің мәнділігіне назар аударудан бастайық әңгімені. Дәл осы күндері біздің ойымыздан шықпай, аузымыздан түспей тұрған ең басты сөз, әрине, сайлау. Сол «сайлауға» байланысты сөз мәніне көңіл бөлу керектігіне орай мынандай жайды айта аламыз. Қазақта сайлаудың неше түрі – хан сайлауы, аға сұлтан сайлауы, болыс сайлауы өткен. Ол кезде сайлаудың мәні адамды сайлылау, сайлылығын сынау дегенге саятын. Ал өткен ғасырда сол сөзге басқашалау реңк берілді. Мұны саяси тұрғыдан өте ақылды адамдар жасады. Қарап отырсаңыздар, бізде «вы-

---

---

боры» да, «избрание» де бір сөзбен, «сайлау» сөзімен беріледі. Кеңестік идеология сайлауға келгенде осы дефиницияның «избрание» мағынасына көбірек салмақ салды. Сөйтіп сайлауды лауазымға көтермелеу, марапаттау ыңғайына келтірді, тіпті тағайындауға тақап қойды. Өйткені саяси жүйеге «выборы» ұғымынан гөрі «избрание» ұғымы тиімділеу еді. Сол кезде «сайлау» сөзінің «избрание», яғни таңдаулы деп тану мағынасы алға шығарылды. «Выбран депутатом» деген жоқ, «избран депутатом» деп сөйледі. Тиісінше, «депутаттыққа таңдалды» деген жоқ, «депутаттыққа сайланды» деді. Сайлаудың өзі қоғамның абзал азаматтарын көтермелеу, марапаттау, оларға сенім көрсету актісіне айналдырылды. Мерекеге ұластырылды. Біздің қазақтар сол күні туған ұл-қызына Сайлау, Сайлаубек, Сайлаукүл деп ат қойып жататын болды. Ал демократия желі есіп, қайта құру басталғаннан кейін, тәуелсіздік жылдарында «выборы» сөзінің түпкі мәні, дәл аудармасы – «таңдау» мағынасы ашыла бастады. Әрине, «выборы» сөзінің өз мағынасы таңдау – «выбирать». Партиялар арасынан таңдау, бағдарламалар арасынан таңдау, кандидаттардың арасынан таңдау. Бұл сөзді терминді қалай алуға, қалай түсінуге байланысты ұғымдардың ауысуы да мүмкін екендігіне нақты бір мысал ретінде айтып отырмыз. «Выборы» сөзіне балама термин ретінде «сайлаудың» орнына «таңдауды» алуды ұсынып, бүйректен сирақ шығару үшін емес. «Сайлаудың» түпкі мәні сайлылау, яғни лайықтыны таңдау екенін ескерсек, жалпы сайлау атаулыға солай қарауға бейімделсек, бәрі де бірте-бірте орнына келеді. Терминдердің тілді дамытудағы алабөтен орнына байланысты мынандай тосын мысал келтіруге болады. Бір сұрақ қояйықшы. Сіздер орыс тілінде А әрпінен басталатын сөз қанша деп шамалайсыздар? 1974 жылы «Русский язык» баспасынан шыққан «Орфографический словарь русского языка» деген сөздікті алып қарайық. Көлемі орташа сол сөздікте 106 мың сөз қамтылған. А әрпінен басталатын сөздер тұтас 14 бетті алып жатыр. Барлығы 3360 сөз. Сол 3360 сөздің қаншасы орыстың өз сөзі деп ойлайсыздар? Мың ба? Жоқ. Бес жүз бе? Жоқ. Жүз бе? Жоқ. Елу ме? Жоқ. Он ба? Жоқ... Сонда қанша?.. Алты сөз! Атап-атап шығайық: аз, азбука, аж, авось, ага, агу... Бұлардың соңғы екеуі, яғни «ага» мен «агу» лепті сөздер – восклицания. Біздегі «иә», «ой», «түү» деген сияқты. Ол екеуін алып тастасақ, орыс тілінің өзінің А әрпінен басталатын сөздерін санауға бір қолдың саусақтары да жететін болып шығады... Сенсеңіздер де осы, сенбесеңіздер де осы. Сенбесеңіздер Интернетті шұқылап, «Русские слова на букву А» деген мақаланы тауып алып оқыңыздар. «Наш язык брал от других народов названия тех предметов, понятий, животных, которые не встречались в нашей стране:

---

---

ананас, апельсин, аллигатор, альбатрос, алебарда, аутодафе» делінген онда. Әлгі сөздікте (тағы да айтамыз – көлемі орташа сөздікте) мұндай сөздердің саны 3354... Сондағы «абажурдан» «аэроэлектроразведкаға» дейінгі аралықтан жаңағы айтылған алты сөзден басқа орыстың өз сөзін табу мүмкін емес. «Антоновка», «Антоновские яблоки» деген сияқты антропонимдерді, «абхазец», «аварец», «аджарец», «алжирец», «армянин», «алтаец» деген сияқты этнонимдерді, «алеутский», «антарктический», «ангорский» деген сияқты топонимдерді төл сөзге жатқызуға болмайтыны белгілі. Сондағы «абзац» та, «абитуриент» те, «абонент» те, «абориген» де, «аборт» та, «аванс» та, «авангард» та, «аврал» да, «агитация» да, «ажиотаж» да, «азарт» та, «акробат» та, «айсберг» те, «актер» де, «актив» те, «акула» да, «анатомия» да, «ангина» да, «армия» да, «аромат» та, «асфальт» та, «аптека» да, «афиша» да, бәрі де сырттан келген сөздер. Олардың ішінде «алмаз», «алтын», «арба», «аркан», «аршин», «арык», «атаман» сияқты түркізмдер де толып жатыр. Біздің «Вер бана ат. А.С. Пушкин шығармаларындағы түркізмдер» деген зерттеуімізде («Елорда», 2009) ақын шығармаларынан алынған 120 түркі сөздері талданған болатын. Жаңағыдай сөздерді басқа әріптер бойынша да мыңдап келтіре беруге болады. Олардың бәрі де бүгінде сөздіктен ойып тұрып орнын алып, орыс тілін әлемдегі ең бай тілдердің біріне, Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми қолданылатын алты тілінің біріне айналдырып отыр. Терминдену арқылы тілдің байытылуын біз өзіміздің ана тілімізден де көреміз. Тіліміздегі жүз-жүздеген арабизмдер мен фарсизмдер – соның дәлелі. Дәптер, қалам, кітап, хат, құқық, мемлекет, отан, үкімет, ғасыр, заман, сағат, уақыт, ғылым, тәжірибе, ұстаз, сапар, тағдыр, хабар сияқты арабизмдерді, әждаһа, апта, астана, дастарқан, дозақ, жәдігер, қожайын, құмай, намаз, наурыз, ораза, пайғамбар, патша, пері сияқты фарсизмдерді біз баяғыдан өз сөзіміз деп білеміз. Термин деп аталмағанымен, олардың бәрі де өз заманының терминдері болатын. Русизмдер олардан көп болмаса, аз емес. Үстел, кәрзіңке, бәтіңке, кереует, самаурын деп шұбырта беру қиынға түспейді. Орыс тілінен сол күйінде ауысқан сөздер қаншама. Аудару жолымен енген сөздер қаншама. Калькалау жолымен қосылған сөздер қаншама. Қысқасы, әлемдегі әр тіл сияқты қазақ тілі де терминдену арқылы да көркейіп келеді. Алдағы кезде де тіліміз терминмен түрленетін болады. Жаһандану дәуірінде енді тілімізге ағылшын тілінің тікелей ықпалы да арта түсетіні талассыз. Қаласақ та, қаламасақ та солай. Ағылшын тілі демекші, 2009 жылы бұл тілдің сөздік қоры миллионнан асты. Соңғы мың жылдың ішінде ағылшын тіліндегі сөздер саны шамамен 20 есе артқан екен. Әрине, ол тілді

---

---

байытудың басты қайнар көзі ғылыми-техникалық терминдер екендігі анық. Соның өзінде неологизмдердің бәрі бірдей Оскфорд сөздігіне қосыла салмайды, интернеттің сұрау сала іздеуінде 25 мыңнан артық рет кездескеннен, яғни жалпылама қолданысқа түскеннен кейін ғана ғылыми айналымға алынады.

Қазіргі қазақ тілінің тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі міндетін абыроймен атқарып келе жатқанында ұлттық терминологияның алар орны ерекше. Бүгінгі таңда тілші ғалымдар арасында қазақ терминологиясының ғылыми негізі қалыптасып бітті деген тоқтамды пікір орныққан. Олай айтуға толық негіз бар. Ана тіліміздің қазынасына терминдер табиғи түрде кірігіп, тіліміз тоқтаусыз байып жатса, бұл істе осы үдерістің әдіс-тәсілдерін негіздеп берген терминтанушы ғалымдардың үлесі үлкен. Бұл жөнінде көрнекті терминтанушы ғалымымыз Шерубай Құрманбайұлы салмақты сөз айтты.

Соңғы жылдарда қазақ тілінің терминдері біраз сынға ұшырап жүргені рас. Олардың арасында ең жоғары деңгейде айтылғандары да бар. Осы арада өзіміз көп жылдан бері мүшесі болып жүрген Терминология комиссиясының жұмысына қысқа қайырып тоқтала кетудің орайы келіп тұр. Төл тіліміздің терминдер арқылы толығында соғыс біте салысымен, сонау 1945 жылы құрылған Терминология комиссиясының ұзақ уақыт бойғы жүйелі жұмысының рөлі ересен. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілген 31 томдық терминологиялық сөздіктің Терминкомның сүзгісінен өтіп, мақұлданғанын айтсақ та жеткілікті болар дейміз. Олардың әрқайсысында орташа есеппен 13-14 мың термин бар. Сонда тасқа басылып, дефиницияланған терминдеріміздің өзі шамамен 400 мыңның о жақ, бұ жағында болып шығады екен. Кіріспе сөзінде конференция модераторы Бейбіт Мамраев 369 мың деп нақтылап айтты. Қалай болғанда бұл қыруар байлық! Табиғатынан қабылдампаз тіліміздің терминдерді қазақшаға қабыстырып ала қоятын қасиетін, әсіресе, өзімізге әбден сіңіскен сөздерді бізге тілі жақын ағайындардың қалай қолданатынымен салыстырғанда анық көреміз. Кейінгі кезде Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті біздің нақты ұсынысымыз бойынша Терминология комиссиясының отырыстарында талқыланатын терминдердің әзербайжан, түрік, қырғыз, өзбек, ағылшын, француз, неміс, испан тілдеріндегі нұсқаларын қоса ұсыну жақсы дәстүрге айналды. Солардың өзіміздің тісіміз бататындарымен салыстыра қарағанда қазақ тіліндегі терминологияның туысқан тілдердегіден анағұрлым ғылыми негізді екеніне көз жеткізе аламыз.

Терминология комиссиясының жұмысында пуризм кездесетінін

---

---

айту жөн. Мұның сыры қарапайым. Тек кемшіліктен тұратын құбылыс болмайды. Пуризм де солай. Purus – латынша таза деген сөз. Туған тілді өзге тілдің әсерінен тазарту және қорғау, сондай-ақ нормаға түспеген тілдік элементтерден арашалау да пуризм болып саналады. Бұл жағынан пуризмнің жағымды жақтары да бар. Ататүріктің тұсындағы түрік тілші ғалымдарының араб, парсы сөздерінен тілді тазарту үшін мыңдаған жаңа сөздерді ойлап тапқаны, бұлар тарих қойнауында ұмытылған өзіміздің байырғы сөздеріміз, оларды тілімізге оралтып жатырмыз деген ғылымилаңған аңыздар таратқаны, соларды негіздеп ондаған монографиялар жазғаны бүгінде мемлекеттік құпия болудан қалған. Әлгі сөздердің дені тілде тұрақтай алғаны тағы рас. Пуризм – талай тіл өткен жол. Славянофилдердің кезінде «ботинканы» «мокро-ступ» деп жазуға жағаласып баққаны белгілі. Ондай ізденістер бізде де болды. Терминдерге қалайда балама табуға тырысушылық кейде бір-жақтылыққа соқтырғаны рас. Жаңа Шерубай Құрманбайұлы да сынап өтті, алдымен былай алдық, біраз жылдан кейін былай алдық деп. Термин жасау – жанды процесс. Өмір кей терминдердің уақыт сынына шыдамағанын көрсетуі де мүмкін. Ондайда «солай бекітіп қойғанбыз» деп сіресе бермей, қателікті жөндеген дұрыс. Мысалы, музейді «мұражай» деп алу көңілдегідей шықпағанын мойындау керек. Мойындадық та. Неге десеңіз, музей деген мұраны сақтауға қоятын жай ғана емес. Музей деген (түпкі мағынасы – музалар үйі) тарихтың, материалдық және рухани мәдениеттің жәдігерліктерін жинаумен, зерттеумен, сақтаумен, көрсетумен, сондай-ақ санаткерлік, танытушылық қызметпен айналысатын мекеме. Сақтау – музейдің сан қырлы қызметінің бір қыры ғана. Сонымен бірге, терминге сыңар сөздер де (дублетные термины) болатынын, болуға тиісті екенін ескеру керек. Сынға іліккен «ғаламтор» – сондай сөз. «Интернет» сөзі термин ретінде интернет күйінде бекітілген. «Ғаламтор» – «всемирная паутина», «глобальная сеть» деген ұғымдардың баламасы. Интернеттің бейресми, бейнелі атауы. «Всемирная паутина» дейтін тұсты «ғаламтор» деп алудың онша айыбы жоқ шығар. Кешегі өткен Ерағанды – Еркеғали Рахмадиевті күйіндіретін «сазгер» де соншама сорақы сөз емес. Марқұм: «Мен бұрын композитор Рахмадиев едім, енді сазгер Рахмадиевке айналдым» деп шаншып сөйлейтін. Композитор сөзі Терминком тарапынан термин ретінде «сазгер» деп бекітілмеген. Композитор – музыкалық композиция құруды кәсіп ететін автор. Сонымен бірге «мелодист» деген ұғым да бар ғой. «Мелодист» ұғымына сөздіктерде «музыкант-инструменталист, сочиняющий только песенные напевы» деген анықтама беріледі. Әуені қарапайым

---

---

әндердің иесіне сол «сазгер» сөзі шақ келмей ме? Олардың бәрін «композитор» дей беру артық болмай ма қайта? Айтқандай, рояль, фортепиано, пианино сөздері сол күйінде, аман-есен тұр. Өйткені тұруға тиіс. «Күйсандық» деу солардың бәрін бейнелеп атауды ғана білдіреді. Проза, поэзия тілінде, орынды жерінде пайдаланса артығы болмауы әбден мүмкін. Бәрі де контексте қалай қолдануға байланысты.

Мына жайдың да басын ашып алайық. Баспасөз бетінде қылаң беріп қалатын, әлеуметтік желілерде жиі-жиі келеке етілетін «қылтима» (балкон), шаптырма (фонтан), сарықисық (банан), былқима-сылқима (диван-кресло), уқалағыш (массажер) сияқты тұрпайы терминсымақтарға қатысты айтарымыз мынау: мемлекеттік Терминология комиссиясында ондай сөздер бекітілмек тұрмақ, қаралған да емес, қаралмақ тұрмақ, ондай ұсыныстар жасалған да емес. Терминнің маңында жүрген адамдар ондай әңгімеге бармайды. Сондықтан мұндайдың бәрі әлеуметтік желіге қазақ тілін мазақ ету салынатын арандатушылық екенін бәріміз біліп отыруымыз керек.

Баспасөз арқылы орныққан жаңа сөздер қатарында ақуыз – белок, аударым – перевод, әдіснама – методика, әзірleme – разработка, әлеует – потенциал, бағам – курс, бейін – профиль, бітімгер – миротворец, діңмаңдайша – портик, жағдаят – ситуация, жүктеме – нагрузка, кептеліс – пробка, кешен – комплекс, кілтсөз – пароль, қасбет – фасад, қуғын-сүргін – репрессия, құжат – документ, құзырет – компетенция, майса – газон, оққағар – телохранитель, отшашу – фейерверк, рәсім – церемония, саябақ – парк, тағаттылылық – толерантность, таптаурын – стереотип, тапсырыс – заказ, таралым – тираж, тарихнама – историография, телім – участок, төлем – платеж, түптұлға – прототип, түсім – поступление, тікұшақ – вертолет, тінтуір – мышь, ұнтаспа – кассета, ықпалдастық – интеграция, іскі – шприц сияқты сөздерді жүздеп келтіре беруге болады. Бұлардың бәрі дерлік бара-бара іс қағаздарына ауысқан, бірте-бірте біразы Терминком тарапынан ресми бекітілген сөздер. Көбі бүгінде орнығып кетті. Осы дәстүрдің негізі бұрыннан-ақ қаланған. Мысалы, 1972 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Тіл мәдениеті және баспасөз» атты жинақтағы «Заң терминдерін қолданудың кейбір мәселелері» деген мақаласында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Ведомстволарының бас редакторы Кемел Тоқаев: «Кейде сөздің заңда қолдануының нақты мәнін білмей, тұспалдап аударушылық бар. Мысалы, сотта, іс қазақша жүргізілетін мекемелердің көбінде «решение суда» деген сөздерді соттың шешімі, определение деген сөзді анықтама деп алады. Шынында, мұндағы «решение» деген қаулы-қарарларда кездесетін шешім емес, билік

---

---

(соттың билігі) деген мағынаны білдіреді. «Определение – ұйғарым деген сөз» деп жазыпты. Содан бері заң термині ретінде «определение» «ұйғарым» болып келеді. 2013 жылы шыққан «Заңнамада жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері» атты қостомдық анықтамалықта да дәл солай жүр.

Рас, жазушылардың, журналистердің ізденісі барысында алқасөз (коллегия), аспансерік (стюардесса), ауқымдану (глобализация), әуедоп (волейбол), көнімпаздық (толерантность), толағай (штангист), уқалағыш (массажер), үнпарақ (газета), шайнама (закуска), шатхана (кафе) сияқты толып жатқан эксперименттер де кездесті. Олар тілде орныға қойған жоқ. Латынның «terminus» сөзінің мағынасы – шекара, шек (граница, предел) дегенді білдіретіні белгілі. Яғни термин деп білімнің немесе іс-әрекеттің арнаулы саласындағы ұғымды (дефиницияны) сипаттайтын сөзді немесе сөз тіркесін айтамыз. Ал ол неліктен о бастан шекара, шек сөздерімен байланыстырылған? Рим мифологиясында жер телімдерін бөлетін шекаралар мен аралық белгілер құдайын Термин деп атаған. Демек, термин дегеніміз – шегі, шекарасы, аралығы анық айқындалған сөз. Жалпы қолданыстағы сөздерден терминдердің басты айырмашылығы – көпмағыналы, астарлы болмайтыны. Терминнің негізгі ерекшеліктері мыналар: біріншіден, жүйелілігі, екіншіден, дефинициясы, яғни ғылыми анықтамасы, үшіншіден, моносемиялылығы, яғни әртүрлі мағына тудырмайтындығы, төртіншіден, экспрессияның болмауы яғни, сезімге ерік бермеуі, бесіншіден, стильдік бейтараптылығы. Терминжасам ісінде осы талаптар сақталуы міндетті. Терминдерді қолданудағы дәлсіздік халықаралық құжаттарда, әртүрлі іскерлік мәмілелерде, мүлікті кепілге қоюға, сатуға, тарту етуге қатысты нотариус қағаздарында, адам тағдырын шешетін сот ұйғарымдарында түсінбестікке, тіпті дауға соқтыруы да мүмкін. Әскер және қорғаныс салаларының терминдерінде бұған атымен жол беруге болмайтыны белгілі.

Қазақ алфавитінің латын жазуына көшірілуіне байланысты терминжасам ісін жетілдіру – жылдар бойы атқарылатын, жүйелі жүргізілуге тиісті жұмыс. Осы орайда жаңа әліпбидің қазіргі бекітілген нұсқасы әлдеқайда жақсарғанын, негізінен халықтың көңілінен шыққанын, баспасөзде қолданыла да бастағанын разылықпен айта отырып, жеке пікір ретінде мына жайды ортаға салғымыз келеді.

Жаңа әліпби қазіргі қазақ тілінің бері қойғанда соңғы екі ғасырда қол жеткен фонетикалық байлығынан түбегейлі бас тартқызбауға тиіс. «Бұрын тілімізде болмаған, бізге жат дыбыс» деу де шартты сөз. Мысалы, өзіміздің әуелдегі әрпіміз сияқты көрінетін х әрпінен басталатын төл

---

---

сөзіміз жалғыз ғана «хан» сөзі. Ханталапай, хандық, ханшайым, ханым сөздерінің бәрінің тегі – хан. Оның өзінің түп-түбірі «қағанда» жатқанын ескерсек, бізде х әрпінен басталатын төл сөзіміз жоқ болып шығады. Солай екен деп біз х дыбысын жатсына алмаймыз ғой. Айтқандай, біз «кірме сөзден» гөрі «сіңірілген сөзді» дұрысырақ көреміз, тіліміздің қабылдампаз табиғатына осы анықтама көбірек келетін сияқты. Орыстың тілші мамандары да «слова-пришельцы» дегенді сирек қолданады, олардың көбірек айтатыны – «заимствованные слова».

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруге байланысты ұлттық терминологияны жаңаша қалыптастыру жөнінде алдымызда аса ауқымды, аса ауыр жұмыс тұр. Аса ауқымды, аса ауыр болатыны – қазақ терминологиясын түгелдей латын жазуында транслитерациялау қажеттігінде. Яғни латынға толық көшеміз деп белгіленген 2025 жылға дейін ұлттық терминологияның кемінде 45-50 томдық салалық сөздіктерін дайындау, талқылау, бекіту, құрастыру, бастыру ғана емес, сол сөздердің бәрін жаңа әліпбиге ауыстырып шығу керек болады. Иә, көшіріп шығу емес, ауыстырып шығу. Терминдерді кирилл жазуына негізделген әліпбидегі түрінен латын жазуына негізделген әліпбидегі түріне көшіруді техникалық тұрғыдан бізге кәдімгі конвертор-ақ шешіп бере алады. Оның төрт томдық «Абай жолының» өзін латын жазуына айналасы оншақты секундтың ішінде көшіретінін мамандар растап отыр. Мәселе басқада. Мәселе жазуымызды латынға ауыстыру барысында терминологияны да тілдік реформаға бейімдеуде, терминдердің қазақ тілінің әуезділік талаптарына сай болуын құнттауда. Өз басымыз жазуды латынға ауыстырудағы мақсаттың бірі қазақ тілінің қоңыр үнін қалпына келтіру деп білеміз. Үндестік заңы түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі басты заң десек, мұның үйренерлік үлгісін қара шаңырақтағы қазақтар көрсетуге тиіс. Бұл орайда ойлантатын жайлар баршылық. Шеттілдік сөздер емлесінің ережелерін әлі де жетілдіре түсу керек сияқты. Бір ғана қырын айтайық. Ол жіңішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісіне (ъ) байланысты. Олар жаңа әліпбиде атымен таңбаланбаған. Жіңішкелік белгісі бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылатын, ал айыру белгісі ескерілмейтін, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанатын болып белгіленді баспасөзде жарияланған жобада. Мысалы, ансамбль сөзі енді ансамбл күйінде жазылғалы отыр. Неге? Оны сол күйінде ансамбл деп оқитындар, солай дыбыстайтындар табылады. Табылады емес-ау, қазіргідей сауатсыздық жайлаған жағдайда, ана тілінің қайнарынан қанып ішпегендер азаймай тұрған кезде көптеп кездеседі. Сингармонизм заңдылығын білетіндер, әуезділік талабын ескеретіндер



---

---

ол сөзді ансамбіл деп жұмсартып оқиды, солай дыбыстайды. Немесе айыру белгісі (ъ) ескерілмейтін болып отыр. Субъект енді субект болып, объект енді обект болып, фельдъегерь енді фелдегер болып жазылады. Сингармонизм заңдылығын білетіндер, әуезділік талабын ескеретіндер оларды субиект деп, обиект деп, фелдиегер деп оқиды, солай дыбыстайды. Бірақ жұрттың бәрі орфография мен орфоэпияның ара-жігін соншама дәл ажыратып жатпайды ғой.

Ең басты мәселе, біздіңше, терминдердің жазылуында қай тілдегі нұсқаны түпкісөз ретінде ұстануға келіп тіреледі. Орфоэпия бойынша жазуға шақырушылар да шығып жатыр. Мысалы, конституция сөзін түпкі нұсқадағыдай *конститьюшн* деп, аннотация сөзін *нетэйшн* деп, классификация сөзін *класификэйшн* деп жазу ұсынылуда. Біздіңше, бұл өте даулы мәселе. Бүкіл әлем орфография бойынша жазады, орфоэпия бойынша сөйлейді. Онда орыстың «ция» деген сөзжасам жұрнағынан шығарылған мыңдаған сөздердің қазақша нұсқасының бәрін өзгертуге тура келеді. Тиісінше жұрнақ, жалғау, септіктер де өзгереді. Жүздеген заңдарға тиісті түзетулер енгізу керек болады. Ол адам шошырлық жұмыс және сол жұмыс қажет пе өзі? Мысалы, *конституционный* деген сөзді *конститьюшндік* дейтін боламыз ба? Әлде жазылуына қатып қалып, *конституциондық* дейміз бе? Әлде о бастағы латындық нұсқасымен *конститудиолық* дейміз бе? Мұны латын жазуымен ағылшын тілін үйренуді жеңілдетеді деп түсіндіреді. Дәл осы жағынан ағылшын тілі соншалықты үйренерлік үздік үлгі емес. Жазылуы мен оқылуының екеуі екі жаққа кететін сөздер ағылшын тілінде өте көп. Ана жылы Англияға барғанда бір анекдот естігенбіз – «Оксфорд деп жазамыз, Кембридж деп оқимыз» деп өздеріне өздері күледі екен. «Бұрын былай жазылатын, енді былай жазылады» деп қолдан қиындатып жүріп, жастарымыз қазақ тілін жаңа әліпбимен үйренуге енді көбірек бет бұрады-ау деген үмітімізді үздіріп алмаймыз ба? Ондай да қауіп жоқ емес қой. Нағыз ойланатын, қатты ойланатын кезде тұрмыз. Осындай жайлар жаңа әліпбиді ішінара жетілдіру қажеттігін қарастыруды талап етуі де мүмкін түптің түбінде. Ол жағын тілші мамандардың қарауына қалдырайық. Негізінде көрші ағайындар сияқты латынға толық көшкеннен кейін барып жазуға үш рет реформа жасап жүргеннен гөрі жетілдіруге болатын тұстарды жаңа әліпбиге толық көшпей тұрып жетілдіріп алған жөн. Әрине, жаңа әліпбидің әлде де жетілдіруге болатын тұстары бар деген аса байыпты, ғылыми тоқтам жасалған жағдайда ғана.

Негізінде, бұрынғылар да терминдерді қолдану, тіл мәдениеті туралы бізден кем бас қатырмаған. 1968 жылы 16-18 желтоқсан күндері (үш

---

---

күн бойы!) Ғылым академиясында баспасөз тілінің мәдениеті жөнінде ғылыми-практикалық конференция өткен. Конференция материалдарынан құрастырылған «Тіл мәдениеті және баспасөз» атты жинақты студент кезімізден сақтап келеміз. Академия президенті Шаһмардан Есеновтің кіріспе сөзінен бастап, Исмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Әмәди Ысқақов, Рабиға Сыздықова, Шора Сарыбаев, Әйтім Әбдірахманов, Кәкен Аханов, Төлеубай Қордабаев, Ғайниден Мұсабаев сынды тілші-ғалымдар, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұзафар Әлімбаев, Кемел Тоқаев сияқты жазушылар, Құрманбек Сағындықов, Нұрғазы Шәкеев, Әбдуәли Қарағұлов, Жанайдар Мусин, Ғайса Сармурзин секілді журналистер негізгі, қосымша баяндамалар жасап, жарыссөзде сөйлеп, тіл мәдениетінің көкейкесті мәселелерін қозғаған сол алқалы жиында бес бірдей баяндаманың терминологияға арналуы көп жайды аңғартады. Жазуымызды латынға ауыстырудың қазіргідей күрмеуі көп кезеңінде Білім және ғылым министрлігі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бірлесе отырып, осы үлгімен үлкен конференция өткізсе, сол беделді конференция латынға көшудің ғылыми негізін түпкілікті саралап берсе деген нақты ұсыныс жасағымыз келеді. Бұл істегі тоқтамды сөзді тілші-ғалымдар айтуға тиіс екені талассыз. Терминдердің тілде орнығуында БАҚ саласының алар орны үлкен. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әріптестеріміз ана тілімізді байыту, әлеуетін арттыру жөніндегі жауапкершілік жүгін жеңілдетпейтініне сенімдіміз. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген сөзі біздің бәріміз үшін басты бағдар бола беруге тиіс.

---

---

## ЛАТЫН ТАҢБАЛЫ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІН ГАЗЕТ ӨНДІРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

**Айбын Шағалақ**

*«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ  
Басқарма төрағасының орынбасары, бас редактор*



Депутат Сауытбек Абдрахманов мырза өз баяндамасында тілімізге, енді бірер жылда қолданысқа енгізіле бастайтын жаңа әліпбиімізге, оның емле ережелеріне байланысты алдағы уақытта туындайтын өзекті мәселелерге кеңінен тоқталды. Расында, бұл орайда әлі қыруар жұмыстар атқарылып, тілші-ғалымдар тарапынан бірқатар мәселелер жан-жақты пысықталуы, нақтылануы тиіс екені аңғарылып отыр.

Дегенмен, жаңа әліпбиді ең алдымен қазақтілді бұқаралық ақпарат құралдары зор ықыласпен қабыл алғанын, оны бірінші болып қолдана бастағанын атап өткім келеді. Бүгінде еліміздегі республикалық және облыстық деңгейдегі қазақ газеттерінің барлығы дерлік өз атауларын латын негізді әліпбиге ауыстырып қойғаны – соның айғағы.

Ал қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Egemen Qazaqstan» газеті әліпби нұсқасы қабылданғаннан кейін тұтас бір бетін жүйелі түрде жаңа әліпбимен шығаруды бастады. Ондағы мақсатымыз – жаңа әліпбиге жұртшылықтың көзін, бойын үйрете беру. Бұл қадам қалың оқырман тарапынан жақсы қабылданып, көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

Жалпы, біздің басылымның бір бетін латын әліпбиімен беру ісінде 4 әріпке (дыбысқа) – Ю, И, І және С әріптеріне қатысты аздаған іркіліс туатыны болмаса, тұтастай алғанда, газеттің өндірісіне жауапты қызметкерлердің алдынан аса бір үлкен кедергі кездесіп отырған жоқ.

---

---

Қазіргі уақытта «Егеменнің» латынша бетіндегі материалдар түгелдей жаңа емле ережесіне сәйкес басылып жатыр. Бұл ретте біз qazlatyn.kz сайтындағы конвертерді пайдаланып отырмыз. Мұндағы бір артықшылық, аталған конвертер жаңа емлеге сәйкестеліп жасалғандықтан, мәтін негізінен ережеге сай аударылып түседі. Бірақ жоғарыда аталған әріптер кездесетін сөздерді қайта қарап, үстінен жөндеуге тура келеді.

Мысалы, бұл жағдай шетелдік, халықаралық ұйымдардың қалыптасқан, жалпыға түсінікті қысқарған атауларын жазған кезде жиі кездеседі. Айталық, кирилше әліпбиімен жазып үйреніп қалған ЮНЕСКО, ЮСАИД сияқты ұйым атауларындағы бірінші тұрған Ю конвертермен аударғанда IYNESKO (ИУНЕСКО) болып түсетіндіктен, үстінен қайыра түзетіп отырамыз.

Бір ескеретіні, бұл аталған түйткілдер кирилше жазылған дайын мәтіндерді конвертер арқылы аударғанда ғана туындайды. Біз қазір негізінен осылай жұмыс істеп отырмыз. Ал ертең уақыт өте келе компьютерімізге латын негізді қазақ әліпбиі орнатылғанда, мәселе өздігімен жойылады. ЮНЕСКО дегендегі Ю –ді бірден U деп (UNESCO) теріп кете беретін боламыз.

Бізге қазір де, кейін де қиындық тудыратыны и мен і таңбалары.

Осы әріптердің бас әріппен жазылғанда бірдей таңбалануы материал оқуда іркіліс тудырады және визуалдық ұқсастық сөз арасындағы қатені байқамай қалуға себеп болып жатады. Мысалы, Is basqarmasy ә дегенде Ис деп оқылып кетеді. Исмет, Исләм, Искендір деген адам аттары латыншада Исмет, Исләм, Искендір болып оқылуы әбден мүмкін. Өйткені ондай есімдер бар екені белгілі.

Үшіншіден, С таңбасы әліпбиде жоқ. Мысалы С витамині дегенді қалай жазатынымыз белгісіз. Бұл мәселеге Ұлттық комиссияның жанындағы орфографиялық жұмыс тобының мүшесі Нұрсәуле Рсалиева өз мақаласында назар аударыпты. Ал біздің практикамызда әлі кездесе қойған жоқ, бірақ алдағы уақытта әйтеуір бір кездесетіні анық. Ондай жағдайда S –мен жазуға келмейді, өйткені тура осы әріппен таңбаланатын витамин бар екен. Сонда С витаминін жазу үшін клавиатураны ағылшынға ауыстырып отыруға тура келеді. Осы жағын әлі де ойлану керек сияқты.

Сөз соңында латын әліпбиі газет өндірісінде дәл қазіргі қалпында жоғарыда келтірген мысалдардан бөлек, аса бір үлкен қиындық тудырмайтынын тағы да қайталап айтқым келеді. Ең бастысы, емле ережені дұрыс түсініп, дұрыс қолдана білу деп ойлаймыз.

---

---

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ»  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ  
СТЕНОГРАММАСЫ**

*2019 жылғы 11 сәуір*

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы Б.Б. МАМРАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Қайырлы күн, құрметті әріптестер және бүгінгі конференцияға қатысушылар! «Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы» ғылыми-практикалық конференциясына қош келдіңіздер!

Конференция Парламент Мәжілісінің төртінші сессиясына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылып отыр.

2017 жылғы 12 сәуірде еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жарық көрді.

Елбасының қоғамдық сананы жаңғырту жайлы идеялары барша қазақстандықтардың тарапынан кең қолдау тауып, жалпыұлттық рухани өрлеуге жол ашты.

Ұсынған игі бастамалары қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі, «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы қазіргі қазақ терминологиясын одан әрі дамытумен тікелей байланысты.

Елбасы: «Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет... Терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек», – деген болатын.

Шынында да, қазақ тіліндегі терминдерді қалыптастыру және бекіту процесін жетілдіру қажеттігі туындап отырғандығы даусыз. Оған ғылыми және шығармашылық интеллигенция өкілдері, жетекші ғалым-тілтанушылар мен жауапты органдар белсене атсалысуға тиісті. Мұндай жұмыс жүйелі негізде жүргізілгені жөн деп санаймыз.

Мәдениет және спорт министрлігінің «Termincom.kz» сайтында ұсынылған мәліметке сәйкес қазақ тіліндегі терминдердің жалпы саны 369 мыңнан астам екен. Ал Үкіметтің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы небәрі 24 300 терминді бекіткен болып шықты, яғни бұл барлық терминнің 6,6 проценті ғана. Міне, осының салдарынан терминдерді қолдануда бірізділік жетіспейді. Мұны біз өзіміздің заңшыға рушылық қызметімізде де анық сезініп жүрміз.

Бұған қоса, қазақтілді бұқаралық ақпарат құралдарында терминдерді бұрмалап аудару белең алып кетті.

Осыған орай Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын жетілдіру, халықаралық терминдерді қазақ тіліне аударудың басты

---

---

қағидаттарын айқындау, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру барысында терминдерді қалыптастыру мен біріздендірудің өзекті мәселелерін шешу қажет.

Бұл ретте қоғамымыздың ерекшелігін ескеріп, жаңа терминдердің мемлекеттік тілді игергісі келетін басқа этностар өкілдері үшін қолжетімді болуын да ескерген жөн.

Конференцияның тақырыбы өте өзекті. Өйткені мемлекеттік тіл мәртебесі бар ана тіліміздің қолданыс аясын одан әрі кеңейтуде ұлттық терминологияны жетілдірудің маңызы зор. Бүгін біз қазіргі қазақ терминологиясының көкейкесті мәселелерін жан-жақты талқылап, осы саланың әрі қарай дамуы бойынша қарар қабылдауымыз қажет.

Конференция жұмысының регламентіне сәйкес сөз сөйлеушілерге 10 минутқа дейін, пікір қосушыларға 5 минутқа дейін уақыт беріледі. Сұрақтар қысқа, жауаптар нұсқа болса, дұрыс болар еді. Сонымен бірге сұрақ қоятын және сұрақтарға жауап беретін адамдар, стенограммаға аты-жөндеріңізді айтуды сұраймыз.

Құрметті әріптестер, сіздерден регламентті сақтауды өтінеміз.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Конференцияға Парламент депутаттары, Президент Әкімшілігі мен Премьер-Министр Кеңсесінің, Жоғарғы Соттың, еліміздің жетекші ғылыми мекемелерінің басшылары мен қызметкерлері, белгілі тіл мамандары, Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктерінің, басқа орталық атқарушы мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, квазимемлекеттік ұйымдардың өкілдері, бірқатар республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, үкіметтік емес ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып отыр.

Құрметті әріптестер! 2018 жылғы 19 ақпанда Елбасы қазақ тілінің латын графикасына негізделген әліпбиінің түпкілікті нұсқасын бекіткендігі белгілі.

Жаңа әліпбиімізді әзірлеудің бастауында болған белгілі ғалым-лингвист, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ерден Задаұлы Қажыбекке сөз беремін.

Е. ҚАЖЫБЕК. Құрметті төрағалық етуші! Құрметті халық қалаулылары! Құрметті әріптестер! Бүгін елімізде қарқынды жүріп жатқан түбегейлі тілдік реформа аясында ұлттық терминологиялық қорды құру мәселесінің маңызы ерекше екенін баршамызға белгілі.

Термин дегеніміз, арыстарша айтсақ, «пән сөзі» – ғылым тілі, экономика мен даму тетігі, өндіріс пен кез келген шаруашылықтың негізі, мамандықтың белгісі, инновация кепілі. Терминсіз кәсіп жоқ, кәсіпсіз нәсіп жоқ.

Мемлекеттік тілдің қоғамымыздағы орны туралы ең жоғары мінбер-

---

---

лерден аз айтылған жоқ: тұтастырушы фактор, ұлттық код, прогрестің нышаны, рухани жаңғырудың негізі, Елтаңба, Байрағымыз, Әнұранымыз сияқты біздің ең қасиетті рухани құндылықтарымыз, рәмізіміз, басты азаматтық атрибут, мемлекет дамуының негізгі көрсеткіші, тағы басқалар.

Осы сипаттамаларға тағы бір маңызды теңеуді қосуға болады: мемлекеттік тіліміз дегеніміз, ол – терминдік тіл, пән сөзі, кәсіптік атаулар.

Иә, мемлекеттік тіл деген ұғым – салалық терминдердің қолданысы екені даусыз.

Халықаралық тәжірибеге жүгінсек, 200-дей ғылым, өндіріс, шаруашылық салалары бар, ең кемі 120. Біз былтыр Білім және ғылым министрлігінде алғаш рет салалалық терминологиялық 50 секцияны құрдық, жасақтадық.

Ғалымдардың пайымдауы бойынша әр саланы өндірісті, ғылымды толыққанды дамыту үшін кемінде 10 мың термин керек екен. 10 мың термин деген көп те болуы мүмкін, 15-20. Бірақ 10 мыңнан аз болған жағдайда бұл сала жан-жақты, толыққанды дамымайды екен.

Олай болса, іріктелген 50 саланы дамыту үшін бізге кемінде бекітілген 500 мың термин керек екен. Жаңа Бейбіт Баймағамбетұлы айтып кетті, 30 жылда Терминком 20 мыңның айналасында термин бекіткен. Бекітілген терминдердің саны 20 мыңның айналасында екенін ескерсек, біз мемлекеттік тілімізді дамытудың қандай сатысындағы тұрғанымыз айқын көрінеді.

Негізгі қазірдің біздің мемлекеттік тілімізді дамыту үшін тілдік реформа аясындағы біздің ең үлкен мақсатымыз – 50 секция бойынша жұмыс жүргізу. Әлбетте, бұл жұмысты таза ғылыми тұрғыда жүргізу керек. Біз ешқашан бұл мәселеге әдістемелік тұрғыдан төменнен жоғары қолға алмадық бұл жұмысты. Амандық болса, келесі жылдан бастап үлкен ведомствоаралық 6 жылдық бағдарлама басталмақшы. Сол бағдарлама бойынша, бірінші, 2020 жылы бастауыш мектептен бастаймыз. Бір жылдың ішінде бастауыш мектептің пайдаланатын терминдердің сөздігін шығарамыз.

2021 жылы 5-9 сыныптар, яғни негізгі білім беру терминқоры анықталады.

2022 жылы орта және кәсіптік білім, кәсіптік білім деген көптеген лицей, колледж және 10-11 сынып оқушылары үшін бірнеше том терминдік сөздіктер нормативтік біріздендірілген терминдердің сөздігі жасалуы керек.

2023 жылы жоғары оқу орындары деңгейінде 20 қалың салалық қоғамдық ғылымдар бойынша терминологиялық сөздік бітеді.

2024 жылы 15 салалық техника ғылымдары бойынша терминологиялық сөздіктер біту керек.

---

---

Елбасы 25 жыл деген меже қойған, біз тілдік реформамызды толық аяқтауымыз керек. 2025 жылы жаратылыстану ғылымына арналған 15 томды әзірлеу жоспарлануда.

Атап айтсақ, «елу жылда ел жаңа» дегендей, түбегейлі тілдік реформамыздың нәтижесінде жаңа елу шақты терминологиялық фолиантты ғылыми қауымдастыққа паш етпекпіз. Бұл жұмыстарды жүргізгенде тек кабинеттерде отырып немесе салалық мамандар өздерінің лабораторияларында, өздерінің кәсіпорындарында отырып емес бүкіл ел болып қазіргі заманның мүмкіншіліктерін ғаламторды, әлеуметтік желілерді, сұрақ-жауап, түрлі мониторинг, рейтингтерді, кез келген жер шарындағы маман жасалып жатқан жұмыстарды қарауға, қадағалап тұруға үлес қосуға, сұрақ жіберуге, жауап алуға мүмкіншілікке ие болу керек. Осындай жүйені порталдық деңгейде қалыптастыруымыз шарт.

Тағы да бір өте маңызды мәселе – терминологияны қалыптастыру бұрынғы кездерде екі-үш министрліктің қанжығасына байланған салмақ болған. Бұл мәселені, біріншіден, тілші терминологтар емес, филологтар емес, сала мамандары бастапқы этаптарын жасау керек. Бұны ел болып, бүкіл мемлекеттік ведомстволар, бүкіл ірі ұлттық университеттер, бүкіл басты ғылыми зерттеу институттары бірігіп қолға алатын шаруа екеніне назарларыңызды аударғым келеді.

Түптеп келгенде, 50 бағыт бойынша ұлттық терминқоры мақұлдау, талқылау және сараптау кезеңдерінен өтіп, мемлекеттік Терминком жиналысында бекітілген жағдайда, қаншама жылдар бойы шешімін таппаған мемлекеттік маңызы орасан зор міндет орындалары ақиқат. Біз бұған үміттенеміз, сенеміз. Бүгінгі жиынның осындай үлкен бағдарламаны бастауы үшін септігі боларына сеніміміз нық. Назарларыңызға рақмет.

**ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ.** Рақмет, Ерден Задаұлы.

Конференцияның негізгі мақсаты - қазіргі қазақ терминологиясының мәселелерін өзектілендіру.

Осыған орай келесі сөз 20 жылдан астам уақыт бойы ана тіліміздің мемлекеттік тіл мәртебесін қамтамасыз етуге белсене атсалысып жүрген, қазақ терминологиясына арналған ғылыми еңбектердің авторы, филология ғылымдарының докторы, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Шерубай Құрманбайұлына беріледі.

**Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ.** Ең алдымен Парламент мінберінен мамандарға сөйлеуге мүмкіндік беріп, терминологияның өзекті мәселелеріне арналған алқалы ғылыми жиынды ұйымдастырып отырған комитет мүшелері Сіздерге және Мәдениет және спорт министрлігіне алғысымызды айтамыз.

Бізге жүктелген тақырып негізінен «Қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселелері» деген тақырып ұсынылған екен. Біз осы баян-



---

---

дамамызда негізінен қазіргі қазақ терминологиясының бірінші кезекте шешілуге тиісті мәселелерін және проблемаларын, қандай мәселелер бар соларды анықтап алып, әрі қарай соны шешудің жолдарын іздестіруге тоқталсақ дейміз.

Ең алдымен, қазақ терминологиясы 90-жылдардан бастап осы салада елеулі жұмыстар атқарылды. Оны айтуымыз керек. Ғылыми терминологиялық ғылыми кадрлар дайындау, ғылыми еңбектер жазу жағынан Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты көптеген жұмыстар атқарды, ғылыми кадрлар дайындады, докторлық диссертациялар, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Осы мамандар қазір терминтану саласында шама-шарқынша еңбек етіп жатыр.

Екінші жағынан, біздің түрлі ғылым салаларының мамандары заңгерлер, экономистер, математиктер мен химиктер өз саласы бойынша терминологиялық сөздіктер жасап, сол сөздіктердің негізінде бүгінгі тілімі ғылым саласында қолданысын тауып жатыр. Онымен қоса, аудармашылар, журналистер, қаламгерлер, басқа да қалам ұстаған азаматтар тарапынан терминологияның дамуына атсалысып, үлес қосып жүрген азаматтар бар. Сондай жетістіктеріміз, жасалып жатқан азды-көпті жұмыстарымыздың болғанына қарамастан терминологияның барлық мәселесі толық шешімін тапты, терминологиялық қорымыз мінсіз, жетілдірілген, біздің ғылым саласындағы мамандардың және көпшілік қауымның сұранысын толық өтеп отыр деп біз әлі толық айта алмаймыз. Оның өзіндік себептері бар. Осы себептерге тоқталсақ.

Ең алдымен, сіздерге алдарыңыздағы слайдта көрсетіліп тұрғандай, шешімін таппаған мәселелерге тоқталайық.

Бірінші, терминология дамуының бағыт-бағдарын белгілеп отыратын ғылыми кадрлардың, әсіресе термин жасауға машықтанған, терминологиялық жұмыстарды кәсіби тұрғыдан жүргізуге құзыретті практик терминші мамандардың жеткіліксіздігі мен барларының осы істің басы-қасында болмауы, өздері маманданған іспен тікелей айналыспауы. Бұл үлкен себеп болып отыр. Бар, бірақ өте шашыраңқы. Біреуі жоғары оқу орнында тілдің морфологиясымен, синтаксисіне немесе тіл тарихынан сабақ беріп жүрсе, екіншісі басқа құрылымдарда сабақ беріп жүр. Қысқасы, бар маманның өзін бір орталыққа шоғырландырып, күштерімізді біріктіре алмай отырмыз.

Екінші, терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде жүйелі түрде, үйлестіре отырып, жоғары кәсіби деңгейде жүргізілмеуі. Иә, осы уақытқа дейінгі терминология саласында жасалған жұмыстардың жетістіктерінің бәрі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Терминология комиссиясының, комиссия мүшелерінің және осы Терминологиялық комиссияның мүшесі болып есептелетін Мәдениет және

---

---

спорт министрлігіндегі Тіл комитетінің, соған қарасты орталықтардың қызметкерлерінің атқарған жұмысы. Бұл салада жасалып жатқан жұмыстар бар. Оны жоққа шығармаймыз. Бірақ толықтай жүйелі түрде, координация, үйлестіру жұмысы әлі толық жолға қойылды деп айта алмаймыз. Ең үлкен мәселе – осы.

Терминологияның басқа да шешімін таппай жатқан өзге мәселелерінің барлығы да дәл осы негізгі, басты екі мәселенің толық шешімін таппауынан туындап отыр деп есептейміз.

Біз жаңа сөзімізде айтып өттік, бұл жерде негізгі ұйымдастырып отырған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғылыми база болса, жекелеген ғалымдар, мамандар тарапынан жоғары оқу орындарында жұмыс атқарып жатқан азаматтар тарапынан жұмыс жасалғанын сөзімізде айттық. Ол алдарыңызда тұр.

Келесі слайд. Алдарыңызда сөздіктер тұр, араларыңызда олардың авторлары да отыруы мүмкін. Қарап отырсаңыздар, қазір қазақ тілі бойынша қазақ тілінде терминологиядан ешнәрсе жасалмады деп айтуға негіз жоқ. Салалық сөздіктердің өзі, ғылымның мына жерде микробиология, кибернетика, кеден саласы дейсіз бе, барлық салаға қатысты терминдер шықты. Міне, түрлі-түрлі салалардың бәрі бар, алдарыңызда тұр.

Бұл салада жасалып жатқан жұмыс бар, бірақ осы саладағы сөздіктердің бәрі мінсіз, біздің жасаған, бекіткен терминдеріміздің бәрі қолданысқа еніп жатыр, осылардың бәрі бір қолдан шыққандай мінсіз қолданылып жатыр деуге әлі тағы да ертелеу болып отыр.

Келесі слайд. Өздеріңіз көріп отырсыздар, істің нәтижесінде осы мерзімге дейін атқарылған жұмыстардың ауқымы мен сапасына сыни тұрғыдан қарайтын болсақ, әзірге тіл тұтынушылардың сұранысын өтеп, ғылым тілінің қажеттілігін мінсіз қамтамасыз ете алатындай жетілдірілген термин жүйе қалыптасты деп айта алмаймыз.

Бұның негізгі себебі не дегенде, біз, терминологияны зерттеп жүрген мамандар, басты себебі ретінде бұл негізінен қазақ тілінің ғылым мен технология саласындағы қолданысына, қоғам тарапынан оған деген қажеттіліктің толық туындамай отыруымен тікелей байланысты дейміз. Неге? Біріншіден, қазақ тілі ғылым тілі ретінде ядролық физика саласында, кибернетика саласында, ақпараттық технология саласында немесе басқа да ғылымның, әсіресе нақты ғылымдар, техника, энергетика саласында, медицина саласында, қаржы саласында кеңінен қолданылып жатқан болса, мәселен, Ұлттық Банк пен Қаржы министрлігі қазақша сөйлеп тұрса, онда қаржы терминологиясының дамуына қажеттілік те, негіз де қалыптасады, мамандар да іздей бастайды. Қазақ тілі осы салада қолданылмайынша, бұл саладағы терминнің орнығады деуі, алдымен қазақ тілінде қаржы саласындағы заңды дайындап

---

---

алып, содан кейін барып оны орыс тіліне аударып, бекітіп немесе оны талқылап жатсақ, қаржы саласының қазақ тіліндегі терминологиясының орнығуына біз негіз қалай алмаймыз. Осыны ашық айтуымыз керек. Бұл барлық ғылым саласына қатысты. Әсіресе, кеңестік кезеңдегі саясатқа байланысты көптеген энергетика, техника, құқық қорғау, заң салаларындағы мемлекеттік тілдің қолданысы шектелгендіктен, біздің тіліміз ғылым тілі ретінде өрісін жайып кете алмады. Әлі күнге дейін сол дәстүр жалғасып келе жатыр.

Екінші. Терминологиялық жұмыстарды ұтымды жүргізу үшін ұйымдастырудың сапасын көтеру мен оның тиімді жолдарын әлі де бірлесе іздеуімізге тура келеді. Ол үшін алдымен бұл бағытта туындап отырған мәселелерді анықтап, іс жүргізу барысында кеткен кемшіліктерді айқындап алуымыз керек. Неге біздің терминология саласындағы жасап жатқан жұмыстарымыздан кейде шикіліктер шыға береді немесе келіспеушіліктер болып жатады, пікір қайшылығы неге жиі туындап жатады дегенді мамандар анықтау керек деп ойлаймыз.

Енді осы мәселелерге тоқталайық. Біз қандай кемшіліктерге жол беріп отырмыз?

Келесі слайд. Ең алдымен терминологиялық жұмыстарды жүргізудің негізгі бағыт-бағдарын терминқор қалыптастырудың ғылыми қағидаттары әлі айқын емес.

Терминологиялық жұмыстарды жүзеге асыру кезінде белгілі бір баршаға ортақ ұстанымдар мен қағидаттар басшылыққа алына бермейді немесе оларды жауапты құрылымдар мен осы жұмысқа жетекшілік етушілер қалауына қарай өздері белгілейді немесе жиі өзгертеді. Терминге, терминологияға бұлай қарау бұл саладағы жұмыстың жолға қойылмағандығын, істің ғылыми, кәсіби тұрғыдан тиісті деңгейде жүргізілмей отырғандығын көрсетеді. Соның салдарынан тұрақты қолданылатын ұлттық ғылыми терминологиялық қор толық қалыптаспай отыр.

Баршаңызға белгілі, жақсы білесіздер, кешегі кеңестік заманда орыс тіліндегі терминқорды Кеңес Одағындағы 15 одақтас республика түгел бірдей қолдана білді. Неге? Өйткені Мәскеуде КНТТ (Комитет научно-технической терминологии) құрылып, сол комитетке сол кездегі Кеңес Одағының барлық мықты мамандары шоғырландырылып, тіл саясатына сәйкес бұлжытпайтын заңдарды сол комитет бір уысында ұстап отырды.

Өкінішке қарай, тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейін біз терминологияны дәл сондай әдіспен жүргізіп, бір қолға алып, мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына негізделген, жүйелі, үйлестірілген, кәсіби жоғары деңгейде жүргізетін құрылым құрып, соны ұстап қала алмадық. Сондықтан да терминологиялық жұмыстар шашырап кетті деуге болады. Жасалып жатыр, бірақ орталықтандырылған бір мықты, барлығына жауап беретін орталық әлі күнге дейін қалыптаспай отыр.

---

---

Келесі. Ұлт тілінде жасалған терминдердің сапасын анықтап, олардың арасынан ғылыми ұтымды деп дәл беретін тілдік нормаға сай келетін, сәтті жасалған терминді уақытылы сұрыптап, іріктеп алу жолға қойылмаған. Бұл – үлкен мәселе. Жақсы-жақсы терминдер жасалады, сала мамандары ізденеді, өзінің мақаласында жазады, оқу құралын енгізеді, бірақ соларды жинақтап, сұрыптап, кәсіби тұрғыдан лингвистикалық және сала маманымен бірлесе отырып ең ұтымды он балама ұсынылса, онның ішінен ең ұтымды жасалғанын таңдап алу жағы бізде тағы да жолға қойылмаған. Бұл жерде, ашығын айту керек, кейде жеке адамдардың факторлары, егер аға буын ғалым өкілі болса, соның айтқан сөзі немесе ол мемлекеттік құрылым болса, сол жерде отырған басшының, лауазымды басшының беделі мен салмағы басымдыққа беріледі де, лингвистикалық факторлар, норма, тілдік талап, терминнің ұтымды жасалғандығы, көңілге қонымдылығы сияқты факторлар екінші кезекке ысырылып кетеді. Біз осыған кәсіби тұрғыдан келу жағына баруымыз керек. Бұл – ғылыми этика, ғылыми мәдениет мәселесі.

Келесі. 90-жылдардан бері терминдерді ұсыну мен бекіту, сондай-ақ олардың қолданысын орнықтыру жұмысында жүйелілік, сабақтастық жетіспейді. Әсіресе, заң саласындағы сіздерге қатысты өз салаларыңыздағы терминдердің заңда қолданысында қайшылықтар туындап жатуының үлкен себебі осы жерде жатыр деп есептейміз.

90-жылдардан бергі ұлттық сипатын арттыру мақсатында орыс тілінен енген терминдер қазақша жасала бастады. Қазақтың терминологиялық қорының ұлттық сипаты біршама артты.

Міне, алдарыңызда бекітілген терминдер түр. Мысалы, біз кеңес заманында аукцион сөзін «аукцион» деп келдік. 90-жылдардан бастап бұған «бэссауда» деген термин қолданысқа енді. 2009 жылы бұны Мемлекеттік терминологиялық комиссия бекітті. 2014 жылы қайтадан «аукцион» деп ауыстырдық. Гимн сөзін де солай. 1992 жылы ресми «әнұран» деп бекітілді, 2014 жылы қайта «гимн» деп бекітілді. Музей сөзі 1998 жылы «мұражай» деп бекітіліп, 2014 жылы қайта «музей» қалпына келді. Принцип сөзі 2000-жылдары «қағидат» еді, 2014 жылы қайтадан «принцип» болды. Процент сөзі де солай.

Бұл жерде нені айтуға болады? Мен мынаның дұрыс-бұрыстығы туралы бұл жерде талас туғызбай-ақ қояйын, мына жерде үш рет қана бекітілген терминдерді айтып отырмын. 20 жылдың ішінде бес рет бекітілген терминдер бар.

Егер Терминком, термин саласының практик мамандары терминдерді әр 5 жыл, 10 жыл сайын өзгертіп бекітіп отыратын болса, біз мамандардың, аудармашылардың, қазақ тілін тұтынушылардың басын қатырып, бір терминді орнықтыруға ешқандай мүмкіндік бермейміз.

---

---

Күнде-күнде өзгеріп жатқан терминнің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенінен ел шатаса бастайды.

Сондықтан бізде бір терминді бекітетін кезде жақсылап, тоғыз толғанып, он ойланып, ақылдасып, пікірімізді, қайшылықтарын сол жерде еңсеріп алып, сол жерде бекітіп, содан кейін сол терминнің қолданысын қамтамасыз етуді Терминком қолға алса, сонда ғана термин орнығады. Ал біз мынандай әрбір 5-10 жыл сайын өзгертіп отырған терминдермен ұятқа қаламыз. Біз осыны қатаң ескеруіміз керек, құрметті әріптестер. Біздің жұмысымызда жүйесіздік туғызып отырған осы мәселе.

Келесі слайд. Терминологияны ретке келтірудегі кемшіліктердің бірі бекітілген терминдерді тұрақтандырып, оларды тіл тұтынушыларына, сала мамандары мен жұртшылыққа уақытылы таныстыру, қажет кезінде электрондық жүйелерден іздеп табу, тілдік қолданысқа енгізу механизмі жасалмаған, ашық айтуымыз керек.

Кейінгі жылдары, «Termincom.kz» ашылғалы бері, Мәдениет және спорт министрлігінің «Тіл-Қазына» орталығы тарапынан электрондық база жасалып, бірқатар жұмыстар атқарылды. Сол жерден біраз нәрсені табуға болады.

Дегенмен, мәселен, Ресейдегі сияқты «Терминология. База данных» немесе немістердегідей терминдердің толық базасын, сіз іздесеңіз, оның мағынасын немесе аудармасын неміс тілінде, ағылшын тілінде қалай екенін, оның этимологиясын кез келген маман кез келген уақытта тауып ала қою керек. Ол бізде тұру керек. Бізде осы терминдер базасы жасақталмаған. Бұл – үлкен кемшілік.

Біз қазір терминдерді бекітіп жатырмыз. Процент қуалап кеттік. Өткен жылы индикатор бойынша 21 мың термин бекіттік, биыл 24 мың термин бекітілді, келесі жылы 27 мың термин бекітілуі керек.

Термин шығармашылығы – шығармашылық процесс. Оның өзінің аты да айтып тұр – «термин шығармашылығы».

Ақынға біз бір айда 500 жол өлең жазып, бір жылда 6 мың жол өлең жазуың керек деп тапсырма бере алмаймыз. Ақынның қашан шабыты келеді, жапырақтың сыбдыры, судың сылдыры оған әсер еткен кезде өлең жазады. Біз ақынға әкімшілік жолмен жазғызған өлең өлең болмайды. Тапсырыспен жазылған өлеңнің оңғаны болмайтынын барлықтарыңыз жақсы білесіздер. Сондықтан терминді шығармашылықпен жасау керек. Оған сан қумау керек.

Міне, қараңыздар, сан қуып бекіттік. Ішкіндік – гипоцентр, майтұрақтылық – маслостойкость, түтінтартқы – дымосос, айданды – дистиллят, қарымжы – задаток, сәулеқұрау – фотосинтез. Фотосинтезді «сәулеқұрау» деп қолданып жүрген маманды мен әлі көрген жоқпын. Сонда біз не үшін бекіттік? Біздің бекіткен терминдеріміз қолданысқа

---

---

енбейтін болса, онда біз оны бәленбай мың терминді бекіттік деп жаһанға жар салып бекіткенімізбен, терминдеріміз макулатура сияқты қағаздарда, сөздіктерде қалатын болса, қолданысқа енбейтін болса, ғылым тілінде ол өзінің бар екендігін сездірмейтін болса, ондай терминді біз не үшін жасап, не үшін бекітіп жатырмыз? Осы жағын қатты ойлануымыз керек.

Келесі мәселе. Атқарылған жұмыстар бір-бірімен байланыссыз, шашыраңқы түрде немесе тар ауқымда жүргізіліп жатыр.

Мен жаңа айтып өттім, сөз жоқ, Терминком жұмыс істеп жатыр. Тіл білімі институтында Ереке, бөлімде бес-алты адам жұмыс істеп жатыр. «Тіл-Қазына» орталығында бес-алты адам өзінше жұмыс істеп жатыр. Кафедраларда әр-әр жерде бір-екі адам, біз сияқты ғалымдар өзінше жүрген жерінде өзімен-өзі жұмысын істеп жүр. Бірақ осы мамандардың, бар мамандардың терминтанудың теориясын білетін, әдістемесін білетін, терминтанудың практикасын білетін мамандардың бір жерге шоғырланып жұмыс істеуі бізде жетпейді.

Жаңа Ерекең дұрыс айтты, терминология – өте ауқымды жұмыс. Мыңдаған сөздерді жасап отыру керек, үйлестіріп отыру керек, зерттеп, тексеріп отыру керек. Ал оны бес-алты адам отырып, әркім өзінше шағын-шағын ұжым болып біз бұл жұмысты атқара алмаймыз. КНТТ-ны Кеңес Одағы еріккен құрған жоқ. Ол 15 одақтас республикаға орыс тілінің ғылым тілі ретінде үстемдігін орнату үшін құрылған болатын. Ал қазақ тілінің Қазақстандағы ғылым тілі ретінде қолданысын қамтамасыз ету сіздер мен біздердің басты міндетіміз болса керек деп есептейміз.

Міне, бізде осындай үйлестіру жетіспейді. Келесі терминологиялық жұмыстар жүйелі түрле жүзеге асырылуы үшін негізгі ұсыныстарымызды айтайық. Ол ұсыныстар алдарыңызда тұр.

Бірінші – жоғары білікті терминтанушы ғылыми кадрлар мен практик терминші мамандар даярлау. Ол – ғылыми-зерттеу институттарының, Тіл білімі институтының, жоғары оқу орындарының міндеті. Әсіресе арнайы курстар жүргізу. Терминтанушы мамандар жоғары курстардан бастап соларды өз мамандығына қарай бейімдеу жағы жетіспейді. Біз жалпы мамандарды дайындаймыз, ертең ол салаға келген кезде терминологиядағы білімі таяздау болып тұрады. Сондықтан арнайы курстар арқылы соларды дайындау керек.

Сонымен қоса заңгерлерге, экономистерге, химиктерге өзінің саласының терминологиясын қалай жасап, қалай қолдану жөнінде арнаулы курстар жүргізілу керек. Бұл да сала маманының ертең өз саласына барғанда қазақ тілін ғылым тілі ретінде қолдануына мүмкіндік береді.

Екінші – бүкіл терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде басқару мен ұйымдастыру тетігін жетілдіру.

---

---

Құрметті әріптестер, Терминком мүшелері! Мен де Терминкомның 20 жыл бойы мүшесі болдым, хатшысы болдым. Терминком өз жұмысын атқарып жатыр, бірақ Терминкомның жұмысын бұндай қоғамдық негізде кеңесші орган ретінде жүргізу қазіргі уақыт талабына жауап бермейді. Бұны ең алғаш Ахмет Байтұрсынұлы басқарған. Ахмет Байтұрсынұлы Білім министрі болған. Қасында Қаныш Сәтбаев, Елдес Омаров сияқты қазақтың ең мықты ғалымдары шоғырланған болатын. Сондықтан Ахаңдар терминологиялық жұмысты дұрыс алып жүре алды. Ал қазір Терминкомда әрбір Терминком мүшесі – үлкен-үлкен лауазым иесі. Сондықтан оларға терминологиямен түбегейлі, кәсіби түрде айналысуға мүмкіндік жоқ. Тоқсанына бір рет жиналған кезде Терминком ұсынған терминдерді, мыңдаған терминдерді қарап шығуға да уақыт жетпей жатады. Сондықтан Терминкомның базасын нығайтуымыз керек. Содан кейін бекітілген терминдерімізді Терминком бекітті екен деп қазақ баспасөзі, қазақ сайттары мен порталдары, электронды құралдар пайдаланып жатыр деп айта алмаймыз. Қысқасы, міндеттей алмаймыз. Міндеттей алмағаннан кейін термин қолданылмайды деген сөз. Бекітесіз, бекіткеніңіз қолданылмай қалады. Сондықтан осы мәселені, яғни Терминкомның жұмыс істеу механизмін, мәртебесін, құзыретін нығайту керек, күшейту керек және уақыт талабына сай өзгерістер енгізу керек.

Үшінші – терминологиялық бағыт-бағдарын белгілеп, терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ете алатын кадрлары, терминологиялық жұмыстарды біріздендіруді жүзеге асыратын салалық мамандарды, мен салалық мамандар деп отырғаным, жаратылыстану саласының, яғни нақты ғылымдар саласының, математика мен физиканың, құқық қорғау саласының мықты осы саламен айналысып жүрген мамандары осының ішінде болу керек. Сондай білікті мамандар шоғырланған Терминкомның жұмысын ғылыми-практикалық тұрғыдан қамтамасыз ете алатын, ертең Терминкомды ұятқа қалдырмайтын, Терминкомның бекіткен терминдеріне жауап бере алатын ғылыми база, мекеме, ұйым болу керек.

Менің әріптестерім Терминология орталығы, жекелеген бөлімдер, жұмыс істеп жатқан төрт-бес адам, олар шама-шарқынша жақсы жұмыс істеп жатыр, бірақ ол жұмыс республика бойынша жүргізілетін өте ауқымды жұмысты жеткізуге қауқары жетеді деп басшылар айтатын болса, мен тыңдауға дайынмын, алайда біз оны көріп отырған жоқпыз. Ондай үйлестіру жұмысына шама жетпей жатыр, шашырап жатырмыз. Сондықтан осы мәселені бірлестіріп бір орталықтан, кешегі КНТТ-ның тәжірибесін мен жайдан-жай айтып отырған жоқпын, әріптестер, дұрыс түсініңіздер, немесе біздің өзіміздің бұл жерде мүддеміз жоқ. Осындай орталықтандырылған жағдайда ғана қазақ тілі ғылым тілі ретінде, қа-

---

---

зақ терминологиясы мінсіз жетілдірілген, күнде дау-дамайға түспейтін, бес жыл сайын терминдерімізді қайта-қайта бекітіп, мынауың дұрыс, аналар бүлдіріпті, біз түзеттік деп жүрмейтін, жүйелі, кәсіби, ғылыми тұрғыда жүргізілетін жұмыс жолға қойылады.

Негізінен айтайық деген ой-пікірлеріміз осы.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Шерубай Құрманбайұлы. Баяндамаңызды негізгі баяндама ретінде алып тыңдады. Күрделі мәселелерді көтердіңіз, оның жартысы тікелей терминологиялық мәселелер болса, жартысы – ұйымдастыру мәселесі. Ал енді ұйымдастыру мәселесін, құрметті қауым, не істеу керек екенімізді осында екі азамат отыр, біреуі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті төрағасының міндетін атқарушы Мелдешов Ғалымжан Сәрсенбайұлы, екіншісі – Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті төрағасының орынбасары Садықов Еркін Тоқмұхамедұлы. Жаңағы айтылған мәселелер осы кісілердің назарына деп ойлаймын. Рақмет.

Қазіргі қазақ терминологиясының проблемалары тек қана лингвистикалық проблемалар емес. Бұл мәселелер жекелеген мемлекеттік органдардың да құзыретінде.

Осыған орай сөз кезегін қызметтік практикадан жиналған тәжірибесі туралы ойларын ортаға салу үшін ана тіліміздің юриспруденция саласында дамуына үлес қосып, өзекті проблемаларға арнап бірқатар мақалалар жариялап жүрген заң ғылымдарының кандидаты, Жоғарғы Соттың судьясы Бағлан Демесінұлы Мақұлбековке беремін.

Құрметті әріптестер, регламентті сақтауды өтінемін.

Б.Д. МАҚҰЛБЕКОВ. Құрметті конференцияға қатысушылар, әріптестер! Заңнамалардың жобасын дайындау, талқылау және қабылдау өте күрделі процесс екені жұртшылыққа аян.

Заң қабылданғаннан кейін ол міндетті түрде орындалуы тиіс, яғни қоғам мүшелерінің тарапынан қолдау тауып, олардың өмір сүру ережелеріне айналуы тиіс.

Заңнамаларды кіршіксіз орындау үшін оның мазмұны мен мағынасын терең түсініп, ой елегінен өткізу қажет.

Заңнама қолданушы маман ретінде түйіндеген бір ойымыз соңғы жылдары қабылданған заңнамалардың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінде ұзақ жылдар қолданыста болған, бұқара халықтың сана-сезіміне сіңіп, қалыптасып кеткен кейбір заң терминдерінің атаулары өзгертіліп, жаңаша мазмұн мен сипатқа ие болып отырғандығында.

Пікіріміз жүйелі, ұстанымыз нанымды болу үшін құқықтық маңызы жоғары Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне енгізілген кейбір заң терминдерінің «құқықтық табиғаты» туралы ойымызды ортаға салғым келеді.



---

---

Кодекстің 8-бабының 5-тармағында «талап қою (арыз)» деген ұғым келтірілген.

Заң шығарушы «талап қою» деген тіркестен кейін жақшаның ішінде «арыз» деген сөзді бекер келтірген жоқ. Шын мәнінде, процестік құжаттың нысаны талап қою емес, арыз болып танылады. Даудың мәні, мазмұны – ақы талабы.

Азаматтық процестің субъектілері өздерінің бұзылған құқықтарын сотқа талап арызын беру арқылы жүзеге асырады. Осы баптың орысша мәтінінде «иск (заявление)» деген тіркестер талданып отырған құқықтық ұғымның толық мазмұнын ашады. Ал «талап қою» деген тіркесті қолдану арқылы біз талаптың мазмұнын, сипатын өзгертіп аламыз, яғни құқықтық қателікке жол береміз.

Азаматтық процеске қатысушы негізгі екі тұлға – талап қоюшы және жауапкер.

Бұрын қолданыста болған кодексте және оған дейінгі заңнамаларда талап қоюшы «талапкер» деп қолданылған. Жаңа кодексте осы «талапкер» деген терминнің неліктен «талап қоюшы» деп ауыстырылғаны түсініксіз болып отыр.

Өзінің заңмен қорғалатын құқығы мен бостандығы бұзылды, нұқсан келді деп санайтын тұлға сотқа ақы талабын береді, талап қоймайды. Ақы талабын беру мен талап қою екі түрлі процестік әрекеттерді білдіреді.

Ақы талабын беру – субъектінің конституциялық құқығы, ал талап қою осы құқықты жүзеге асырудың процессуалдық тәсілі, яғни тұлғаның өзінің құқықтарын қорғау жолындағы әрекеті болып табылады.

Егер логикалық сәйкестікке жүгінетін болсақ, онда «жауапкер» деген сөзді «жауап беруші» деп ауыстыру қажет еді.

«Талап қоюшы» деген терминнің сәйкессіздігі, әсіресе судьяларға шешім, қаулы сияқты процестік құжаттарды толтырғанда үлкен кедергілер келтіріп отыр.

Кодекстің 17-бабында «айғақтар беру» деген термин қарастырылған. Ал заңнаманың орысша мәтінінде аталған термин «показания» деп аударылған.

«Айғақ» деген сөз – дәлелдеме, куә, куәлік ету, дәлел деген ұғымдарды білдіреді. Кез келген жауапты дәлел, дәлелдеме ретінде қабылдауға жол берілмейді.

Жауаптың дәлелдемелік, айғақтық заңды сипаты бар ма, жоқ па деген мәселені тек сот қана шешеді, яғни жауапты сот айғақ, дәлелдеме ретінде қабылдауы мүмкін немесе тиісті негіздеме келтіре отырып ол дәлелдемені сот қабылдамауы мүмкін.

Сондықтан сот отырысына қатысушылардың жауабына айғақтың, дәлелдеменің сипатын, мазмұнын беру процестік заңнама тұрғысынан қателік болып табылады.

---

---

Кодекстің кейбір мәтіндерінде «сот отырысы» деген термин жиі қолданылған. Ал заңнаманың орысша мәтінінде бұл термин «судебное заседание» деп қолданылған. Негізінде «заседание» деген термин мәжіліс, мәслихат деп аударылады.

Шындығында, сот мәжіліс өткізеді. Мәжіліс кеңесу бөлмесінде шешім қабылдап, оны жариялаумен аяқталады.

Заң терминдерінің ерекшелігі сол, олар қабылданған құқықтық актілердің заңнамалық күшін айқындауда үлкен рөл атқарады, олардың басқа құжаттардан айырмашылығын білдіреді.

Қабылданған заңнама актілері көпшілікке түсінікті болу үшін қолданылған терминдердің логикалық нанымдылығына, пайдалану орнына, заңдылық тұрғыдан тиімділігіне баса назар аударған жөн.

Біздің пікірімізше, «сот мәжілісі» деген термин сот төрелігі қызметінің міндеті мен мазмұнын анық, ашық көрсетеді.

Кодекстің 3-тарауы «Ведомстволық және соттылық» деп аталады. Заңгерлер, оның ішінде судьялар «ведомство», «соттылық» деген терминдердің айырмашылығын түсінеді.

Соттылық азаматтық даулардың қандай соттарда қаралуын білдірсе, азаматтық заңнамада жиі қолданылатын терминдердің бірі – дүние, мүлік, мүліктік қатынастар.

Аталаған терминдер орыс тіліне «имущество» деп аударылады. Бәрі түсінікті. Ал біздің қолданыстағы Азаматтық процестік кодексте осы термин «нәрсе» деп аударылған.

Азаматтық даудың мазмұнының өзі – дүние, мүлік, мүліктік және мүліктік емес қатынастар. Сонда қалай ғана азаматтық заңнаманың негізін құрайтын «мүлік» деген терминді «нәрсе» деп аударылғаны бізге түсініксіз.

Қоғамдағы даулы мәселелерді реттеудің процестік жолдары мен тәсілдерін айқындайтын заңнамалық актінің өзіндік заңды процестік тілі болуы тиіс, яғни заң терминдері орынды, өз мәнінде қолданылуы тиіс.

Кодекстің 29-бабында «Жауапкердің орналасқан жері бойынша талап қою» деген тіркес бар. Егер жауапкер заңды тұлға болса, онда оның орналасқан жерін анықтауға болады. Ал жауапкер жеке тұлға, яғни азаматтар болса, оның орналасқан жерін қалай анықтауға болады?

Қазір заңгерлердің жаңа толқыны өсіп келе жатыр. Еліміздің болашағы солардың біліктілігінде, солардың қолында.

Мемлекеттік тіл мен процестік тілдің құндылықтарын ажырата алмай, жаңа заманда жаңаша білім алып жатқан жас ұрпаққа қолданыстағы заңнамаларда кездесетін кейбір заң терминдерін түсіну, мағынасын ұғу қиынға түсетіндігін өзінен-өзі түсінікті.

Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен құрылған эксперттік комиссияның мүшесі ретінде біздер қабылдайтын нормативтік қаулыларда, сот

---

---

актілерінде заң терминдерінің дұрыс қолданылуын, мемлекеттік тілдің грамматикалық ережелерінің сақталуын қадағалау міндеті жүктелген.

Жұмыс барысында аталған процестік құжаттарда кездесетін заң терминдеріне, тілге байланысты сәйкессіздіктер анықталып жатады.

Бірақ судьялар процестік заңнаманың мәтініне сілтеме жасап, «заңда қалай жазылған, солай болуы тиіс, себебі заңнама күшінде» деген негіздерді алға тартады. Иә, заңнама күшіне енгеннен кейін, ол орындалуы тиіс, оған біз келісеміз.

Мемлекеттік тілдің шұбарлануы туралы мәселені де естен шығармау қажет.

Кейбір заңнамалық актілерде кездесетін «ратификация», «регламент», «объективтілік», «факт», «филиал», «объект», «кредитор», «корпоратив» және басқа да ресми тілдердегі терминдердің мемлекеттік тілдегі мәтініне үйлестігі туралы мәселені жеке талдаған жөн сияқты.

Процестік заңнаманың 8-тарауы «Сот шығыстары» деп аталады.

Бұрынғы заңнамада «сот шығыстары» «сот шығындары» деп алынған болатын. Ондаған жылдар бойы «сот шығыны» деген терминді ешбір кедергісіз қолданып келген едік. Енді «шығынымыз – шығысқа» ауысып кетті.

«Шығыс» деген сөз орыс тілінде «восток», «восход», «выход» деген ұғымдарды білдіреді.

Сот төрелігі шеңберіне тартылып, мемлекеттік алым, адвокат пен өкілдің еңбекақысын, сараптама өткізу барысындағы қаржылық өтеміздерді төлеген тұлға шығындалады емес пе?

Кодексте «іс бойынша іс жүргізу» деген термин жиі қолданылған. Орыс тіліне бұл термин «производство по делу» деп аударылған. «Іс жүргізу» термині «процесс» деген терминнің баламасы ретінде белгіленген. Сонда «процесс» пен «производство» деген терминдер қандай себептермен мемлекеттік тілде бір ғана «іс жүргізу» деп қолданылуы тиіс.

Орыс тілінде аталған екі термин сот төрелігін жүзеге асыру барысында екі түрлі, мазмұны мен сипаты бір-біріне ұқсамайтын, құқықтық салдары әртүрлі, негізгі процестік әрекеттерді білдіреді және сол мағынада қолданылады.

«Производство» деген терминді «өндіріс» деп айқындау дұрыс болар еді біздің пікірімізше.

Кодексте «Репликалар» деп аталатын тарау бар. Аталған баптың диспозициясына сәйкес сот жарыссөздеріне қатысушылар реплика айтып, сөз сөйлей алады. Осы ретте «реплика» деген терминді «пікірталас» деп белгілеу қажет еді.

Келесі мәселе кодекстің 272 және 277-баптарында «іс жүргізуді тоқтата тұру» және «іс жүргізуді тоқтату» деген терминдер бар.

---

---

Құрметті әріптестер, өздеріңіз білесіздер, іс жүргізуді тоқтату кодекстің орысша мәтінінде «приостановление», ал «іс жүргізуді қысқарту, тоқтату – прекращение» деп алынған. Бұл екі терминнің құқықтық салдары екі түрлі. Іс өндірісімен тоқтатылғанда, ол қайтадан жалғастырылады. Ал егер іс өндірісімен қысқартылған болса, ол қайтадан қаралуға жатпайды. Ал біздің кодексте осы екі терминді «істі тоқтату» деп алған. Біздің судьялар осы терминді қалай қолдануды білмейді. Содан кейін судьяның әрекетіне арыздар туындауы мүмкін.

Мен тек Азаматтық процестік кодекстегі терминдерді қолдану туралы бір-екі мәселеге тоқталдым. Бәрі Регламентке байланысты.

Мен Қылмыстық процестік кодекс туралы бір әңгіме айтайын. Ықылым заманнан бері біздің «Жеті жарғымыздағы» Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолында қолданылып келе жатқан «ұрлық» деген сөз бар. Ол орысша «кража» деп аударылады. Ал біздің жаңа кодексте осы «ұрлық» – «жымқыру» деп алынған. Бұл күлкі келтіретін жағдай шынын айтса. Содан кейін «қамау» деген термин – «қамақ» деп алынған. Жаңа мен жоғарыда айтып кеттім, біздің судьялардың жас толқыны өсіп келе жатыр.

Құрметті әріптестер, оларға біздің процестік тілді, мемлекеттік тілді меңгеру оңайға түсіп жатқан жоқ. Сондықтан болашақта бүгін Парламент қабырғасында заңдарды қабылдағанда осы саланың, оның ішінде заң саласы мамандарының пікірлерін ескерсеңіздер деген пікір айтқым келеді. Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Бағлан Демесінұлы.

Құрметті әріптестер, біз басында келісіп алдық негізгі баяндамаларға 10 минут, ал пікір айтуға 5 минут деп.

Құрметті конференцияға қатысушылар, біздің әріптестеріміздің арасында осы заң саласында белсенді еңбек етіп жүрген азаматтар аз емес, ғылыми атақтары бар азаматтар. Сөзді жоспар бойынша талқылау кезінде береміз сіздерге.

Пікір қосу үшін сөз Парламент Мәжілісінің депутаты, кәсіби терминдер туралы мәселе көтеріп жүрген әріптесіміз заң ғылымдарының докторы, профессор Асылбек Айжарықұлы Смағұловқа беріледі.

А.А. СМАҒҰЛОВ. Сәлеметсіздер ме, құрметті конференцияға қатысушылар мен әріптестер!

Елбасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында терминология тұрғысынан қазақ тілін халықаралық деңгейге жақындату керек деп тапсырма бергені бәрімізге белгілі.

Елімізде ұлттық терминология қалыптастыруда жүйелі жұмыстың жоқтығы, әлі күнге дейін терминологияның даму бағытын айқындап ала

---

---

алмағанымыз – бұл саланың дамуын ақсатып алғанымызды білдіреді. Бұл, әсіресе халықаралық терминдерді аударуда анық байқалады. Бұл тұрғыда біріне-бірі мүлдем қарама-қайшы екі пікір қалыптасып отыр.

Бір ғалымдар аудару керек десе, екінші ғалымдар оларды аударудың қажеті жоқ, сол күйінде қабылдау керек деген пікір қалыптасқан.

Жалпы, термин жасауда жетекшілік ететін Республикалық терминология комиссиясының өзінде де бір бағытта белгілі бір ұстанымды ұстай алмай отыр. Мысалы, «процесс» деген халықаралық терминді «үдеріс» деп бекіткен. Ал енді қарасаңыздар, онымен түбірлес «процессор», «процессинг» деген сөздердің қалайша аударылатыны белгісіз...

Өкінішке қарай, заңнама терминдерін қалыптастыруда, бірізділікті қамтамасыз етуде нақты тұжырымдалған ұстаным жоқ. Жаңа Бағлан Демесінұлы айтып кетті, шынымен де бір сөздің өзін, мысалы, «декриминализация» деген сөздің өзінің бес түрлі аудармасы бар екен. Заңда екі түрлі аудармасы бар, Үкімет қаулыларында үш түрлі аудармасы бар.

Қазақ тілінің байлығы, мағыналық көпнұсқалылығы, синонимдік қатарларының кеңдігі көркем әдебиетте мол мүмкіндіктер ашқанымен, өзіндік ерекше талаптарға сай жасақталатын заң актілерінде белгілі бір қиындықтар туғызып, нормативтік құқықтық актілерде заң техникасының тілге қатысты талаптары сақталмай отыр.

Қазіргі заң текстерін аударушылар мен терминологтардың арасында халықаралық терминдерді қазақшалауда сөздердің этимологиясын дұрыс пайдаланбай, оларды бұрмалап, орынсыз пайдалану жиі кездесіп жүр. Олар орыс, ағылшын, неміс және Еуропаның басқа да тілінде жүздеген жылдан бері қолданылып келе жатқан сөздердің барлығына қазақша балама іздеп, олардың заңдық-терминдік мағынасын бұзып отыр.

Жедел жүріп жатқан жаһандану мен интеграция процестерінде тілдер де бірімен-бірі жақындай түскенін аңғаруға болады, оны өзіміз көріп отырмыз күнделікті өмірден. Бұл жолда термин сөздердің ықпалы ерекше. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін, менің алдымда сөйлегендер айтып кетті, Совет үкіметі кезеңінде халықаралық терминдер, қысқарған сөздер аударылмай, сол қалпында алынуға тиіс деген бұлжымас принцип болған. Мысалы, право, космос, спутник, баланс, стаж, стажер, тағы басқа көптеген сөздер сол қалпында қолданылатын. Ал тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап халықаралық терминдерді жаппай қазақшалау басталып, тілімізге еніп жатқан терминдер құлаққа түрпідей тиіп, өзіміз әрең түсінетін халге жеттік.

Елбасының пікірінше, «соңғы жылдары әлемде қалыптасқан 7 мың термин қазақ тіліне аударылған. Мұндай «жаңалықтар» кейде күлкіңді келтіреді. Мысалы, «интернет – ғаламтор», «крокодил – қолтырауын», «фортепиано – күйсандық» және тағы сол сияқтылар толып жатыр.

---

---

Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десек, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет».

Демек, бізге Елбасының тапсырмасын орындауда, заңнама терминдерін қалыптастыруда, бірізділікті қамтамасыз ету үшін төмендегідей шараларды атқару қажет:

– мемлекеттік тілді дамытуға қаржы бөліп, жол картасын жасап бұл бағытта жұмысты жандандыру;

– Республикалық терминология комиссиясының жұмысын жолға қойып, осы күнге дейін бекітілген терминдерге ревизия жасау (бірнеше нұсқада бекітілген терминдер жұртты шатастырып жүр, олардың ең дұрысын таңдап, қалғандарының күшін жою);

– термин қабылдауда «түркі тілдерінен термин алу», «терминдерді қазақ тілінің заңдылығына бағындырып қабылдауда» асыра сілтеуге жол бермеу, байыппен әрекет ету;

– заң мамандығы бойынша жаңа әріптестерім айтып кетті, мамандар дайындау туралы (Мемлекеттің оның бәрін жасай беруге күші жете бермейтін сияқты. Сондықтан бізге заң мамандары бойынша даярлайтын жоғары оқу орындарында қазақ тіліндегі заң лексикасының заңнамада қолданылуына мониторинг жүргізу тақырыбында іргелі және қолданбалы зерттеу жүргізу керек. Бізде қазір заң мамандарын дайындайтын көп оқу орындары бар. Сол жерде жүргізсек, жаңа айтылып кеткен кемшіліктердің бәрі шығады. Сол кемшіліктерді біз жолдап отырсақ, оның тиімділігі одан да арта түсер еді);

– ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде заң терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігін жетілдіріп, түзетіп, үнемі толықтырып отыру;

– барлық терминдердің тілдік, сапалық, жалпы қолданыстық сипаттамасына мониторинг жүргізіп, халықаралық терминдерді қабылдаудың бірыңғай принциптерін әзірлеу;

– қазақ тілінің терминжасамдық әлеуетін анықтау бойынша жұмыстар жүргізу;

– мемлекеттік органдардың қызмет тиімділігін бағалау рейтингіне заң жобасының мемлекеттік тілде сапалы дайындауды нысаналы индикатор ретінде енгізу;

– Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты өкілдерінің терминология саласында осыған дейін атқарған жұмысы, алға қойған жоспарлары туралы есебін тыңдау;

– мемлекеттік органдарда халықаралық терминдердің баламасын қолдану мәселесіне ұдайы мониторинг жүргізіп, оның нәтижесінде анықталған кемшіліктерді Мемлекеттік тіл саясатын одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссияда қарау;

---

---

– қолданыстағы заңдарға мониторинг жүргізіп, ондағы анықталған қателер мен олқылықтарды жою үшін заңдар мен кодекстерге тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

– орныққан заң терминдерінің банкін немесе электрондық қорын үнемі толықтыра отырып, қалыптастыру керек. Жалпы осы салада орын алып отырған анархиялық жағдайдан арылу үшін бүкіл жұмысты бір жүйеге қою керек. Ол үшін белгілі бір индикаторларды белгілеп, мүмкіндік болса мемлекеттік бағдарлама қабылдау қажет. Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Асылбек Айжарықұлы.

Жаңағы екі баяндамада айтылған пікірлерді ескере отырып, келесі сөз пікір қосу үшін 20 жылдан астам кәсіптік қызметінде қазақ тілінің терминологиясын іс жүзінде пайдаланып келе жатқан тәжірибелі маман, Парламент Мәжілісі аппаратының Редакциялау және аударма бөлімінің меңгерушісі Дәуітәлі Омашұлына беріледі.

Д. ОМАНШҰЛЫ. Сәлеметсіздер ме, құрметті конференцияға қатысушылар!

Терминологиялық жұмыстың қазір қандай проблемасы, қандай кемшіліктері бар екені, алдағы бағыт-бағдарын алдымызда сөйлеген үлкен ғалымдар жақсылап талдап, талқылап айтып берді. Сондықтан мен өзіміз белгілеген Регламентті қатаң сақтау үшін дайындап алып келген сөзімнің аясынан шықпай оқып берейін.

Шерубай Құрманбайұлы мемлекеттік мәртебе берілуі тиісті Терминологиялық комиссия жөнінде, сосын оның бекіткен терминдерінің заңды күші болуы керектігі туралы айтты. Менде де сондай қайталанатын жер бар, бұның қайталанып отырған себебі бұл өте өзекті мәселе. Мен баяндаманың барысында оған тоқталармын. Баяндама емес, баяндамаларға пікір қосу.

Терминология мәселесін қозғағанда біз терминдерді ұлттық заң терминологиясы шеңберінде қарастыратынымызды бірден айтып өтуіміз керек. Өйткені заңдар қоғам өмірінің барлық саласын реттейтін жоғары құқықтық акт болып табылады. Сондықтан заңнама терминдері қоғамның тіршілік тынысының барлық саласын қамтиды.

Ұлттық заңнама терминологиясында шешілмей жүрген бірқатар өзекті проблемалар бар.

Оның біріншісі – нормативтік құқықтық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі проблемасы. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, Парламентке келіп түскенше осы жобалардың орыс тіліндегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Тиісті сала маманының, заңгердің

---

---

тезінен өтпеген ұлттық термин алды-арты, кейінгі қолданылу жағдайы болжанбай, бір қайнауы ішінде шала-шарпы күйінде кетіп жатады.

Мәселенің түйіні нормативтік құқықтық актілер жобаларын қазақ тілінде әзірлеуде жатыр. Сонда ғана бірнеше сатыда алуан түрлі мамандар талқысынан өткен әмбебап терминдер қалыптасар еді.

Кеңес өкіметі тұсында ұлттық терминологиямыз интернационалистік принциппен дамыды. Түбірі сақталып, жалғауы орысшаға бейімделіп өзгертілген халықаралық терминдер, атау сөздер біздің тілдік ортамызға сол күйінше еніп кетті. Соның салдарынан қазіргі заңнама мәтіндерінде сырттан енген сөздер көптеп кездеседі. Басқа тілдерден сөзді қалай алу керек? Бұған қатысты екі пікір бар.

Бірінші пікір – ол сөзді сол қалпында алу керек дейді, екінші пікір – ол сөзді алған уақытта осы елдің тіл заңдылығына, сөз құрылысына, сөзді қалай қолданады, соған сай қылып алу керек дейді. Мысалы, «партия» деген сөзді орыстар француздан алған. Француздар – латыннан. Сонда француз тілінде «жөпәрти» дейді, ал орыстар оны «партия» деп алған. «Диктатура» деген сөз француздан алынған. Ал француздар «лө диктәтюр» дейді. Оны орыстар «диктатура» деп алған. Басқа елдің тілдерінен алуға болады, бірақ оны ұлттық тілдің грамматикасына, сөз құрылысына кіргізіп жіберу керек. Мысалы, орыстар тілдік қорының 30 пайызына дейін латын мен гректен алған. Біздің көбіміз оның орыстың сөзі емес екенін білмейміз. Олар тіл заңдылығын сақтай отырып, өздерінің тіліне кіріктіріп жіберген. Шет тілдерінің сөздерін осылайша кіріктіріп жіберуге болады.

Бірнеше ұрпақ сол сырттан енген терминдердің тілімен оқып, бұл сөздер әбден құлаққа сіңісті болып қалды. Жөні келсе, аударған да дұрыс, әрине терминдерді.

Бірақ, өкінішке қарай, терминді, атау сөзді аударған кезде көпшілік жағдайда оның кез келген сөз тіркесіндегі әмбебап мағыналық принципі, яғни терминнің аудармасына деген академиялық көзқарас сақталмайды. Көпшілік жұрттың оны қалай қабылдайтыны, аударма терминнің тілдік ортаға сіңісу мәселесі ескерілмейді.

Содан келіп бір сөзді бірнеше нұсқада аудару проблемасы пайда болды. Академиялық көзқарас соңғы жылдары қаптап кеткен сөздіктерде де сақталмаған. Өкінішке қарай, академик Ә. Қайдаровтың сонау 90-шы жылдардың басында айтқан: «Қазақ тілінің терминологиясы әр түрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқасты болып бара жатыр. Осының салдарынан әркімнің өз білгенінше термин жасауы немесе оны ауыстыруы тәрізді бейберекет әрекетке жол беріле бастады» деген сөзі бүгінгі күні күрделі проблемаға айналып, алдымыздан шығып отыр.



---

---

Осы орайда Терминкомға тиісті мәртебе берілсе, біздің жұртшылыққа тарап, қоғамдық пікір туғызатын ресми құжаттарымыз бен баспа басылымдарымызда бұрыннан екшеліп, електен өтіп, қалыптасқан сөздер мен тіркестерді әркімнің өз бетінше бұрмалап жазуына, жаңа сөздердің баламасын долбарлап жасай салуға жол берілмес еді-ау деген ой келеді.

Франция сияқты әлемге әйгілі дамыған елдің Президенті Француз Миттеран Терминкомның жиналысын өзі басқаратын болған.

Сонда ол Франция Президентінің істейтін жұмысы жоқ немесе біздің Президентіміз де Терминкомды басқарсын деген сөз емес. Бұл факт терминдерге осындай мән берсе де артық болмайды дегенді білдірсе керек. Ал біздің Терминком болса, әлі күнге дейін консультативтік-кеңесші орган мәртебесін қанағат тұтып отыр.

Адам психологиясы бір нәрсені жаңадан жасап, қиналғаннан гөрі дайынды пайдаланғанға бейім. Сондықтан біздің ғылымға талаптанған жастарымыз ғылым саласындағы, оның ішінде заң ғылымы саласындағы зерттеулерін қазақ тілінде жазуды, ондағы атау сөздер мен терминдерді қазақшаға аударғанды жан қинайтын артық жұмыс санайды. Ал орыс тілінде біршама пысықталып, дайындалған терминдер, терминология бар. Оның үстіне, көпшілік ғылыми әдебиеттер, мақалалар негізінен орыс тілінде және басқа тілде жазылады. Сол себепті де орыс тілінде жазғанды жөн көреді.

Тіліміздегі, оның ішінде ұлттық заңнамадағы терминдерді бірізге түсіруіміз қажет. Бұл – елдігімізге сын. Ол үшін терминдерді ретке келтіріп алу керек. Содан соң халықаралық теорияның қазіргі принципіне сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмысына көшуіміз қажет. Себебі біз халықаралық құқық теориясынан, оның терминологиясынан тыс қала алмаймыз.

Үлкен қиындық туғызып жүрген проблеманың бірі – мемлекеттік тілдегі терминдік қордың әлі жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны. Еуропаны айтпағанда бұрынғы ТМД елдерімен салыстырғанда да біз бұл жөнінен көп кенжелеп қалғанбыз. Мысалы, кейбір Балтық жағалауы елдерінде мемлекеттік терминология комитеттері бекіткен терминдер санынан біздегі бекітілген терминдер әлі де аз.

Жоғарыда біз орыс тіліндегі терминологияның артықшылығы жөнінде айттық. Ал енді орыс терминологиясы да жоқтан бар болып, аспаннан аяғы салбырап түсе қалған жоқ. Кезінде КСРО халықтарының мемлекеттік тілі – орыс тілінің қоғамдық өмірдің барлық саласында жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында термин мәселесімен арнайы түрде айналысатын, білікті ғалымдар мен әлеуметтанушылардан құралған Ғылыми-техникалық терминология комитеті құрылып, оған ғылыми-зерттеу институттары бағындырылды. Жаңа бұны Шерубай Құрманбайұлы айтып кетті. Яғни ол – жүйелі түрде жүргізілген жұмыстың жемісі.

---

---

Біздің қазіргі Мемтерминкомды білікті аппараты, қазір республикалық болды, мемлекеттік те емес, білікті аппараты, қажетті қаржысы бар тұрақты жұмыс істейтін мемлекеттік органға айналдырудың кезі келді. Сондай жағдай жасалғанда ғана, одан нәтижелі жұмыс талап етуге болады. Ал Мемтерминкомның консультативтік кеңесші орган ретіндегі қазіргі жағдайымен ұлттық терминдерімізді қалыптастыру сияқты үлкен жұмысты тиянақты жүргізу әсте де мүмкін емес екені белгілі. Кеңесші орган болғандықтан, оның шешімдерінің де жалпыға бірдей міндетті күші болмайды.

Терминология – бүгінгі күні ең күрделі және проблемасы көп сала. Қазір жарыса шығып жатқан жаңа сөздер көп. Сөздіктердің өзі ала-құла. Кәсіби, салалық, ғылыми терминдердің әр жерде әр түрлі жазылуы бәрімізді де жаңылдырады. Сондықтан заң, медицина, техника, экономика, элеуметтану, саясаттану және тағы басқа салалардың өзіне тән терминдері мен атау сөздерін қамтитын 30 томдық сөздікті қайта пысықтап шығаратын уақыт жетті.

Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасында терминологиялық ахуалға сипаттама беріліп, ұлттық терминологияны дамытудың негізгі міндеттері белгіленді. Олардың бәрін тізбей-ақ бір-екеуіне тоқталайық.

Біріншісі: «Мемтерминкомның мәртебесі өзгертіліп, оның міндеттері, құрылымы қайтадан қаралып, жаңа бағыттары белгіленген ресми орган ретінде бекітілуі қажет».

Екінші: Мемтерминком қабылдаған сөздерді Үкімет қаулысымен бекіту қажеттігі айтылады.

Ал енді алға қойылған осы міндеттердің орындалуы қалай. Тұжырымдамада Мемтерминкомды мемлекеттік орган ретінде құру бірінші міндет ретінде белгіленгенімен, ол әлі күнге шешімін тапқан жоқ. Терминком бекіткен сөзді алуға да, алмауға да болады, өйткені ол кеңесші орган.

Терминком қабылдаған сөздер Үкіметтің қаулысымен бекітілсін деген нұсқау да орындалған жоқ.

Сондықтан тұжырымдамада белгіленген міндеттердің орындалу жайына мониторинг жүргізіп, терминология үшін аса маңызды міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету керек.

Заң жобаларымен жұмыс істеу барысында терминологияға қатысты көптеген проблемаларға кезігіп жүрміз. Бұл жалпы термин жасау ісіне де тән проблемалар, өйткені экономиканың, ғылым мен білімнің, техниканың түрлі салалары бойынша ұлттық терминологияны қалыптастырып, жетілдіріп отыру – күн тәртібінен түспейтін мәселе. Бұл ұзақ уақытқа созылатын іс екендігін бәріміз де жақсы білеміз.

Қазіргі жаһандану кезеңінде қазақ терминологиясын жасау, оны қалыптастырып, дамыту оңай шаруа емес, өйткені осы жаһандану про-

---

---

цесімен талай-талай жаңа ұғымдар тұрмысымызға еніп жатыр. Бұл – біз үшін ғана емес, әлем жұртшылығы үшін де үлкен проблема.

Ендеше заңнама тілінің өзегі ретінде терминологиямызды түзу – бүгінгі күннің ерекше талабы. Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бір нәрсеге назарларыңызды аударайын деп едім. Басқа тілден аударып жүрміз, өзіміздің тілге деген ол өте дұрыс ұғым. Олжас Сүлейменовтың айтқаны бар: «Возвысить степь, не унижая горы...» деген сияқты. Осыны ұмытпайық.

Б. СМАҒҰЛ. (МИКРОФОНСЫЗ). Мамандармен санасу керек.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Санасып жатырмыз.

Б. СМАҒҰЛ. (МИКРОФОНСЫЗ). ...ардақтаған мемлекеттік тілді. Сондықтан мамандармен санасу керек деп ойлаймын. Кешірім өтінемін, Сізден.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Енді мамандарды санасу үшін шақырып отырмыз. Бағдарлама бар, осы бағдарламаны ұстанайық, сосын пікірлеріңізді айтуға уақыт бар. Басында солай келістік.

Б. СМАҒҰЛ. (МИКРОФОНСЫЗ). Келіскенмен заң терминдері туралы кішкене...

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Ойыңыз өте дұрыс. Ол ой кішкене бұрынырақ айтылса, мүмкін мынаған өзгеріс енгізер едік. Ағайындар, бір-бірімізді сыйлайық, сөздің қысқасы сол.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастыққа танытуға кеңірек мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қазақ тілін «сауықтыру» мәселесі де оң шешімін табады деп күтіліп отыр. Себебі кириллицаға қарағанда латын әліпбиі қазақ тіліндегі сөздер мен терминдердің өзіндік орфографиялық және орфоэпиялық нормаларын сақтауға әлдеқайда қолайлы болып табылады.

Сондықтан да латын әліпбиіне көшу – еліміздің келешегі үшін қажет үлкен қадам.

Осыған байланысты Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты терминология бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы Қарлығаш Жамалбекқызы Айдарбектің пікірін тыңдасақ.

Құрметті Қарлығаш Жамалбекқызы, Регламентті сақтауды өтінеміз. Конференцияның бағдарламасы алдын-ала ақылдасқан, берілген. Дайындық уақыты болды.

Қ.Ж. АЙДАРБЕК. Құрметті төраға! Құрметті конференцияға қатысушылар! Бізге мынандай тақырып берілді. «Латын графикасына көшу барысында терминдерді тіл заңдылықтарына сәйкес енгізудің негізгі бағыттары» деп аталады. Яғни, тақырып нақты әрі тіл заңдылықтарымен және латын графикасына көшу секілді өзекті мәселелермен тығыз байланысты болып келіп тұр.

---

---

Баяндамамызды еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы мына оймен бастағымыз келеді: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – дей келіп, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту қажеттігін баса айтқан еді.

Осыған байланысты «тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани код» ретінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тілтанымдық мұрасын әрдайым назарда ұстауымыз қажет деп санаймыз.

Шеттен енген термин сөздерді қазақ тілінің заңдылықтары бойынша бейімдеуде Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Елдес Омаров, Қошке Кемеңгерұлы сынды ағартушы ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа алу қажет. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің 1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған мақаласында сөз басына ереже жасауға болмайтынын, ондай емле қолайлы, оңай емле болмайтынын ескерткен болатын. Сондықтан кірме термин сөздерді қазақ тіліне бейімдеген кезде Ахмет Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың еңбектерінің негізінде қазақ тіліндегі нормаларды нақтылап алып, сол принциптерге бағындыру қажет деп санаймыз.

Кез келген әлем тілдерінің ішіндегі ұлттық тілдердің барлығында өзінің тілдік заңдылықтары бар. Қазақ тілі бұл жерде тыс қалмайды. Қазақ тілінің өз заңдылықтары бар. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омаров сынды ғалымдардың еңбектерінде термин сөздердің тұлғасын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазуда қосымша жалғау арқылы тексеру әдісі қолданылған. Бұл әдісті қазіргі таңда да қолдануға болады. Мысалы, *металл – металды, съезд – съезі* деген секілді. *Грамм – грамға, грамдық, грамы.*

Қазақ тілінің негізгі, басты тілдік заңдылықтарына тоқталамыз. Заңдылық өте көп. Мысалы, қазақ тіліндегі ең қатаң дауыссызға біткен (ск, ст, кс, кт, пт, фт) сөздердің соңына *ы, і* дәнекер дыбыстарын қосып жазу керек. Себебі ол сөздерге қосымша *ы, і* дәнекер дыбыстары арқылы жалғанады: *объект+і+ге, факт+і+ге, моллюскіге, эвкалиптінің* деген сияқты.

Үнді және қатаң дауыссыздар тіркесіне (*нк, лқ, мп, лт, льт, нс, рс* және т.б.) біткен сөздерге қосымша *ы, і* дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша жалғанады: *финанс+ы, цемент+ті, цифр+ға, формант+тар, банк+ке* және т.б.

Енді осы жерде қазақ тілінің қазіргі таңдағы терминология қанша терминологиялық бірліктен тұрады деген мәселе жиі айтылып жатыр. Осыдан бір жыл бұрын біздің терминология бөлімі нақты осы мәселемен айналысқан болатын. Сонда біз термин, терминологиялық бірлік ретінде қай кезде танылады, егер де ол ресми түрде белгілі бір терминологиялық

---

---

сөздікке тіркелген жағдайда ғана. Сондықтан біздің санауымыз бойынша қазіргі таңда тіркелген, бұл терминологиялық жұмыстардың ең алғашқы сатысы, түгендеу деп аталады. 333 мың термин санаққа алынды. Осының ішінде халықаралық терминдер деңгейіне сәйкес келетіні – 33 479 термин, яғни 10,6 пайызды құрайды екен. Осы 33 мың терминнің ішіндегі-6 317, яғни 1,9 пайызы нағыз ұлттық тілде игерілген екен.

Басым көпшілігі қазақ тілінің терминологиялық қорының, оның ішінде – 293 204-і, яғни 87,5 пайызы өзге тілді термин, бірақ қасына ұлт тілінің қосымшасы жалғанған терминдер. Мысалы, радиоқабылдағыш, автотұрақ, тағы басқа немесе дәл түбір сөзі өзге тілді термин, ал журнал, жалғауы қазақша. Сонда бұл терминдер теория тұрғысынан гибрид терминдер деп айтылады. Сонда бұдан қандай қорытынды жасауға болады? Біздің терминологиялық қорымыздың басым көпшілігі гибрид терминдерден тұрады екен. Ол 87,5 пайызды құрайды. Слайдтан көріп отырсыздар, үлес салмағы нақты ұлт тілінде қалыптасқан терминдердің саны, тіпті аз.

Біз графика ауыстырмаған жағдайда да міндетті түрде жаңағы айтып жатқан көптеген проблемалар, кемшіліктердің барлығы неден туындайды? Біз нормативтік талаптарды сақтамаймыз. Олар бұрыннан бері айтылып келе жатыр. Ең алдымен ең басты терминологияға қажет қасиеттердің бірі, ол:

- жүйелілік;
- бірізділік;
- термин мен ұғымның бірмағыналылық сәйкес келуі;
- семантикалық дәлдік;
- қысқалық.

Терминдер жарыспалылығы мен варианттылығын айқындап, қажеттілерін енгізу деп аталады.

Қазақ термин жасамының ғылыми қағидаттары мәселесіне келетін болсақ, біз Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған терминжасам қағидаттарынан ешқайда шыға алмайтынымызды мойындауымыз керек. Егер де мойындайтын болсақ, онда біз ең алдымен, бірінші принцип бойынша ұлттық терминқор қалыптастыруда қазақ тілінің өзінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін қолдануымыз керек. Ол болмаған жағдайда біз басқа түркі тілдерінен алуымыз керек. Түркі тілдерінен табылмаған жағдайда Европа халықтарына бәріне бірден келіп жатқан ортақ, жалпы терминдерді біз қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алуымыз керек. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып, аударуға келмейтіндерін де қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау керек. Мәселен, кез келген тілдің, әсіресе орыс тілінің, мысалы, а-дан басталатын академиялық сөздігін

---

---

алып келсек, а-дан басталатын сөздерінің орыс тілінде 90 пайызы өзінің сөздері емес. Біз оны байқамаймыз да, білмейміз де. Оның 90 пайызы кірме, 10 пайызы ғана өзінің орыс тілі негізінде жасалған сөздер.

Барлық әлем тілдерінде қабылданған ортақ терминжасам қағидаттары бар. Ол ең алдымен, бірінші, өз тілі негізінде термин жасайды және мойындауымыз керек біз өзге тілдерден термин қабылдаудан қаша алмаймыз, міндетті түрде қабылдаймыз. Бұл – барлық тілдерге ортақ қағидаттар.

Екіншіден, өзге тілдерден термин қабылдау барысында әлем тілдерінің барлығы негізгі екі принципке сүйенеді:

1) орфографиялық не жазу бойынша аламыз;

2) орфоэпиясы бойынша, айтылуы бойынша біз мынандай қорытындыға келдік:

Қазақ терминжасамында терминдерді латын графикасы негізінде қабылдауда біз орфоэпиялық принципті басшылыққа алуымыз қажет. Өткен жылы біз орыс тілінің, түрік тілінің соңғы 40 жылдағы тәжірибесін қарастырдық. Сонда осы 40 жылдың ішінде орыс тілі кірме қабылдағанда ең басты орфографиялық принципті негізге алған екен. Сөйтіп олар, мысалы «рецепция» деп алды. Ал қазіргі таңда байқадыңыздар ма, олар сол «ресепшн» дегенге қайтып келді, қайтып оралды. Себебі олар қазір орфографиялық принциптен бас тартып, орфоэпиялық принципті негізге алып отыр. Сондықтан бізде сол тілдердің қателігін жібермей, оларға жол бермей бірден қолайлы принципті басшылыққа алуымыз керек. Сондықтан латын графикасына әбден көшіп болғанда, ағылшын тілінен қабылдағанда біз негізге орфоэпияны аламыз деген ой.

Жалпы біздің институттың, оның ішінде терминология бөлімінің латын графикасына көшкенде негізгі ұстанымдары былай:

1) Өзге тілдерден терминдерді қабылдауда делдал тілдің, яғни орыс тілдің көмегінсіз тікелей түпнұсқа тілден алынсын. Бұл бірінші.

2) Қазақ тілінің терминжасам элементтері мағынасына қарай барынша тиімді пайдаланылсын. Қазір бізде керемет терминжасам элементтері дамыған. Әрбір терминжасамның өзінің беретін мағынасы бар. Мысалы, информатика саласында, ақпарат саласында бір терминдер басымдылық танытса, тілтаным терминдерінде бір жұрнақ. Оны біз қазір жұрнақ деп айтпаймыз, терминжасам элементі дейміз. Себебі әрбір элементтің өзінің мағынасы бар.

3) Қазақ тілінің терминжасам элементтерінің мүмкіндігі болмаған жағдайда терминдер түпнұсқа тілдің транскрипциясына, яғни орфоэпиясына орай латын графикасында таңбалансын;

4) Түпнұсқа тілдің транскрипциясы (орфоэпиясы) негізінде латын графикасында таңбалау барысында өзге тілдерден енген терминдер

---

---

қазақ тілінің фонемологиялық ерекшеліктері мен үндестік заңына сәйкес алынсын.

Жалпы біздің ойымыз латын графикасына көшу барысында, әсіресе қиындық тудыратын кірме терминдер, кірме сөздер, кірме сөздердің барлығы, олардың барлығы термин болып табылады. Ал олар үнемі үндестік заңына бағына бермейді. Бірақ біз мүмкіндігінше қазақ тілінің нәрі де, мәні болып табылатын үндестік заңының сақталуын қамтамасыз етуіміз қажет деп санаймыз.

Сөзімді қорыта келе, 1991 жылғы жарияланған академик Ә. Қайдаровтың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегіндегі 11 принциптің ең біріншісі, тектен текке былай деп басталмайды. «Мемлекеттік тіл тірегі терминологияға мемлекет тарапынан қолдау қажет дейді». Терминология – үнемі саналы мақсатты түрде жүргізілетін үдеріс. Сондықтан терминология саласында шын мәнінде лингвистикалық заңдастыру мәселесі қалып қойып отыр. Сондықтан бір терминнің бес нұсқасы, 10 нұсқасы, кейде 15 нұсқасы қатар жүретін тұстар осының салдарынан. Осы терминология мәселесіне келетін болсақ, менің ең жаным ашитын, обал деп санайтыным – ол мектеп оқушылары. Осы кезге дейін мектеп оқулық деңгейіне дейін біз ешқашан жеткен емеспіз. Біз жоғарыдан аламыз да тар салалық терминологияны біріздендіреміз деп ұрандаймыз, ал түптеп келгенде кез келген бірінші сынып оқулығының өзі, баспалардың барлығы әртүрлі, авторлары әртүрлі. Әр автор өзінің терминін негізге алғандықтан, бірінші сынып оқушысының ұғымына ауырлық туады, оқушының терминология мәселесіне қатысы осыдан басталады. Сондықтан жаңа Ерден Задаұлының айтып отырғаны – осы.

2020 жылдан бастап бірден төртке дейін нормативтік кодификацияланған, біріздендірілген лингвистикалық заңдастырылған нормативтік сөздік дайындап беру - біздің міндеттіміз. Яғни әр баспа, әр оқулықтың авторы сол сөздікті ғана басшылыққа алып барып терминді өзінің оқулығына енгізу керек. Әрі қарай негізгі 9-ға дейін, сосын барып 9-10 мен кәсіптік деп бөліп, кезең-кезеңімен көшіру керек деп отырғанымыз осы. Ол нормативтік сөздіктердің барлығы латын графикасы негізінде жасалуы тиіс. Оны да біле отырыңыздар. Сондықтан осындай мәселелер айтылып жатыр. Шын мәнінде бізге лингвистикалық заңдастыру мәселесін шешу керек деп ойлаймын. Назарларыңызға рақмет.

**ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ.** Рақмет, Қарлығаш Жамалбекқызы. Әттең-ай, ғылымның даусын жиі есітсек, ол бір.

Екінші, біз әлі күнге дейін, көңілдеріңізге алмаңыздар, бір-біріміз айтатын, бірақ естімейміз. Мына жерде мен басында әдейілеп тұрып айттым, тікелей осы мәселеге қатысты екі мемлекеттік комитеттің басшылары отыр, сондықтан ойларымызды да, істерімізді де біріктірген жөн.

Құрметті әріптестер, өздеріңізге белгілі, Шайсұлтан Шаяхметов

---

---

атындағы ұлттық ғылыми-практикалық орталығы ашылған. Орталықтың аты «Тіл-Қазына». Сол Орталықтың Ғалым-хатшысы, филология ғылымдарының кандидаты Гүлфар Мәжитқызы өз пікірін айтамын дейді. Тағы да регламент сақтауды өтінемін.

Г.М. МАМЫРБЕКОВА. Құрметті төраға! Құрметті халық қалаулылары! Құрметті конференцияға қатысушылар!

Дәл қазіргі таңда терминдерді латын графикасымен беруді біріздендіру, терминдердің, кірме сөздердің латын графикасындағы жазуын ретке келтіру ең өзекті, үлкен мәселе болып тұрғаны рас. Бүгінгі күндегі ең өзекті проблема осы болған. Осы мақсатта Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Емле мақұлданғанға дейін орфографиялық және терминологиялық топтың мүшелерін бірнеше рет жинап, талқылаулар, семинарлар өткізген болатын. Ондағы ең басты мақсат проблема туындатып тұрған кірме сөздерді, біз латынға көшіп жатырмыз, бекітілген латын графикасының құрамында оншақты таңба жоқ. Бұл – біздің терминдерді, кірме сөздерді ұлттық негізде қабылдауымызға үлкен жол ашып отырған үлкен мүмкіндік. Міне, осы бағытта Ш. Шаяхметов орталығы бірнеше отырыстар өткізді. Ондағы мақсатымыз терминолог ғалымдардың ұсыныстарын, пікірлерін ескеру болған. Ол кезде ашығын айтайын, бір ғана терминолог, ғалым маманның тарапынан бағыт-бағдар ұсынылып, ұсыныстар берілді. Міне, осы ұсыныстарды негізге ала отырып, орфографиялық топтың мүшелері емле құрастырушы ғалымдар таза грамматологиялық тұрғыдан жазудың теориялық принциптерін басшылыққа ала отырып шеттілдік кірме сөздерді латын графикасында берудің біріздік принциптерін жасап шықты.

Емле ережесі 2018 жылғы 6 желтоқсанында мақұлданған болатын. Бұл жобаның емледегі кірме сөздердің игерілуінің бірізді принципін өте тиімді болғандығын «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы тарапынан жүргізілген сынама-сауалнама, үгіт-насихат жұмыстарына халық тарапынан келіп түскен пікірлер растап беріп отыр қазіргі таңда. Өйткені емле ережесіндегі шеттілдік сөздердің игерілуі біріншіден, ұлттық жазу жүйесінің ерекшеліктері ескеріле отырып құрастырылса, екінші жағынан автоматты транслитерациялау жүйесін басшылыққа алған жоқ, керісінше, фонетикалық және түпнұсқа принципті үйлестіре отырып сындыру механизмін басшылыққа алған болатын. Өйткені сол тараптан қазіргі емледе кірме сөздер толықтай сындырылған жоқ, яғни пуристік бағыт басымдық алған жоқ. Бұл бір.

Екіншіден, кірме сөздердің көбі, түпнұсқа принципке жақындатылып берілді, ал әліпбидегі жоқ әріптер төл дыбыстарымыз арқылы ұлттық тілдің әуезіне икемдеп беріліп отыр. Мысалы, сөз ортасында келетін ю-ды қалай береміз, сөз ортасында келетін я-ны қалай береміз, жіңіш-



---

---

келік белгісі, қалай беріледі. Мысалы: абсолют – ю түр, парашют – ю түр, ансамбль – жіңішкелік белгі түр. Енді осыларды қалай біз игереміз, осы тұрғыдан емле құрастырушылар бірізді стандартты жүйе ұсынды. Мысалы, сөздің ортасында келетін – ю бірыңғай ү әрпімен беріледі. Сөздің ортасында келетін – я бірыңғай ә әрпімен беріледі. Жіңішкелік белгісі тұрған буындағы дауысты дыбыстың жіңішке түрі жазылады. Міне, осы мақұлданған емледегі бұндай бірізділік принциптің өте тиімді шыққанын біз дәл қазіргі таңда Ш. Шаяхметов орталығы тарапы 26 наурыздан бастап өңірлерде және осы елордамызда дәрістерді бастады. Дәріс беру кезінде бұның тиімділігін көріп отырмыз. Өйткені біз қазір аралық кезеңде тұрмыз кирил санадағы халықтың жазу жүйесінде қай жерде ю түр, қай жерде я түр, олар бірден ажыратады. Сонда кірме терминді енді біз латын графикасына ауыстырғанда жоғарыда айтып кеткен бірізділік принципі бойынша кірме сөздерді қазір меңгеріп жатыр. Сондықтан мақұлданған емлеге ішінара өзгерістер енгізуге болатын шығар, бірақ дегенмен игерудің бірізді стандартты тетіктері сақталса болашақта тиімді болмақ деген ойдамын.

Енді мынандай ұсыныс. Осы кірме сөздерді латын графикасында берілуді емлеге негіздеп, терминологиялық үлкен кірме сөздердің корпусы онлайн түрде де офлайн түрде де бүкіл халыққа қолжетімді болса екен. Өйткені әр адам емлені қалтасына салып жүрмейді. Онлайн түрде тұрса, оны тез игеруге мүмкіндік болашақта туады деген ойдамын. Айтатын дегенім осы, назарларыңызға рақмет.

**ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ.** Гүлфар Мәжитқызы, өте қызықты баяндама. Пікіріңізге рақмет.

Елбасының тапсырмасы бойынша, өздеріңізге белгілі, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы іске асырылып жатқаны. Бұл жоба қоғамдық-гуманитарлық салаға жаңа леп беріп, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауға бағытталған. Оны іске асыру үшін 2017 жылы арнайы қоғамдық қор құрылды. Ол әлемнің үздік оқулықтарын қазақ тіліне аударудың операторы болып саналады.

Осы орайда, әлемнің үздік оқулықтарындағы терминдерді қазақ тіліне аудару практикасы мен өзекті мәселелері жөнінде «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Рауан Кенжеханұлы баяндап береді.

**Р. КЕНЖЕХАНҰЛЫ.** Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер!

Біздің жоба туралы аз айтылып жүрген жоқ. Ақпарат құралдарында ақпарат көп. Сондықтан оған көп уақыт кетірмей-ақ қояйын. Бүгінгі тақырыпқа қатысты аспектілерді атап өтуге рұқсат етіңіздер.

Осы жоба қолға алынғалы бері жалпы саны қазір 500-ге тарта оқулық аударылып баспаға дайындалды. Өткен жылы Мемлекет басшысы-

---

---

ның – Елбасының қатысуымен алғашқы 18 оқулық көпшілікке таныстырылды. Сол кезден бері бұл оқулықтар әрқайсысы 10 мың данамен басылып, еліміздегі 112 жоғары оқу орнына жеткізілді. Содан бері оқу орындарында ғалымдар, академиялық орта студенттермен бұл оқулықтардың мазмұны, ондағы жаңа ұғымдар, соның ішінде терминология мәселесі, жалпы аударманың проблемалары жиі талқыланып жүр. Жалпы алғанда бұл оқулықтар шын мәнінде қазіргі жоғары мектептегі, әсіресе гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқыту мазмұнын түбегейлі түрде өзгертіп жатыр, ол анық. Оны бізге ғалымдар үнемі кездескен сайын айтады.

Бұл оқулықтар бірінші кезекте қалай іріктелді? Оқу орындары тиісті кафедралар мен факультеттердің ұстаздары өздеріне оқытуға қажетті оқулықтардың тізімін жасап бізге берді. Бұған елдегі барлық оқу орындары араласты. Алғашқы кезекте аударылса екен деген оқулыққа ұсыныс келіп түсті. Жұмыс тобы құрылып, осы тізімнің негізінде біз жыл сайын аударылатын 20-30 оқулықтардың тізімі бекітіп отырамыз.

Аударманы ұйымдастыру үшін, біз сырттағы оқулық аударма практикасын зерттедік, қарадық. Өйткені оқулықтар өте көлемді, мың бетке дейін барады, одан да үлкен оқулықтар болады. Сондықтан оны бір-екі ғана адам бірге отырып бір жылда аударып шығуы мүмкін емес. Сол себепті, әдетте бұған ғалымдар тобы кіреді сол пәнді жақсы білетін, ғылыми дәрежесі бар және сол пәнді аудиторияда оқытып жүрген мамандар мәтіннің алғашқы нұсқасын шығарады. Осыдан кейін ғылыми редакцияға аударма тобында болмаған, бірақ пәнді білетін, оған сырттан пікір айта алатын, терминология ұғым тұрғысынан өз пікірін қоса алатын басқа маман кіріп, ғылыми редакция жасайды. Осыдан кейін барып үшінші кезекте әдеби редакторлар кірісіп, бұлар мәтінді жатықтығы тұрғысынан, тіл нормаларына сәйкестігі тұрғысынан тағы да бір қарайды. Осылайша пәнді түсінетін және оны түпнұсқа тілде оқып, оны қазақша қағазға түсіре алатын аудармашы жұмыс істейді. Одан кейін ғылыми редактор жұмыс істейді. Одан кейін әдеби редактор жұмыс істейді. Текст кемінде осындай үш сатыдан өтіп жатыр. Әр сатыда негізгі қаралатын, талқыланатын үлкен мәселе – ұғымдар, терминдер, оларды қалай береміз, қалай қолданамыз деген мәселе өте көп, жиі талқыланады. Осы арада ғылыми редактор мен аудармашы бір жақтан және әдеби редактор екінші жақта өте жиі талас туады.

Ғылыми редактор мәтінге ғылыми дәлдік тұрғысынан келейік дегенді басшылыққа алады, соны алға тартады және ол дұрыс та.

Екінші жағынан әдеби редактор бұл кешегі мектеп оқушысы, бүгінгі бірінші курс студенті пәнмен енді ғана танысып жатқан балаларға түсінікті, ұғынықты болуы тиіс деген нәрсені алға тартады. Сонымен осындай талқының негізінде бір келісімге келіп жатамыз. Менің айтайын

---

---

деп тұрғаным, егер аударма сөздіктер, түсіндірме сөздіктер, Терминкомның шығарған тізімдері, бекітілген терминдері осындай аударма аясында емін-еркін қолдануға дайын тұрса, онда біздің жұмысымыз әлдеқайда жеңілдер еді. Бірақ, өкінішке орай, олай емес. Өйткені көп жағдайда түсіндірме сөздіктер өзге тілдегі түсіндірме сөздігін аудару негізінде жасалған. Ондағы ұғымдардың контексте өзінің қызметін қалай орындайтындығы, мағынаны қалай жеткізетіндігі көп жағдайда қарала бермейді. Сол себепті біз ол сөздіктердің бәрін ақтарып, егер қолданысқа ыңғайлы болса аламыз, бірақ болмайтын болса, онда мамандарды жинап ақылдаса отырып, басқа нұсқаларын қарауға тура келеді.

Терминкомға байланысты тура сондай. Біз де аударма аясында жұмыс істеп отырған 300-ге тарта маман бар, олар негізінен оқу орындарының оқытушылары, ғылыми орталықтардың мамандары, осында бізбен бірге жұмыс істеп отырған ағаларымыз, апайларымыз. Бұл кісілердің барлығы – Ұлттық аударма Бюросының негізгі қызметкерлеріде бұл жобаның тек гуманитарлық білімнің мазмұнын жаңарту үшін маңыздылығын ғана емес, сонымен бірге тіл үшін қаншалықты маңызды екендігін түсінеді және жауапкершілікті сезінеді. Қазір осы жұмысқа араласа алатын, үлес қоса алатын адамдарды мүмкіндігінше түгел тартып, бірге жұмыс істеп жатырмыз. Бірақ аударма сапасы өзіміздің де көңілден толықтай шығады деп айта алмаймыз. Көп жағдайда терминология тұрғысынан стильге келген кезде, оның қолданысы тұрғысынан өте күрделі.

XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының жасаған аударма шаруасының тіл үшін қандай құндылық болғандығын жақсы білесіздер. Кейде қазір бізге де соны айтады. Неге ол кезде 99 пайыз балама табылып аударылды ғылым, қазір неге өзге тілдерден сөздерді жаппай аудармай сол күйінде алуға әуессіздер деп сын айтады. Бірақ ол кездегі жағдаймен қазіргі жағдайдың мүлде бөлек екендігін түсіну керек, менің ойымша.

Біріншіден, авторлық құқық деген ұғым бар. Бізге мәтіннің түпнұсқасынан ауытқуға болмайды.

Екінші жағынан, шын мәнінде біздерге ол сөздердің бәріне қазақша балама тауып, мағынасын жеткізуге көп мүмкіндік бола бермейді. Қазір осы аударылып шығарылған 48 оқулықтың әрқайсысының артында глоссарий бар. Ол глоссарийде осы оқулықтың аясында ол ұғым қалай қолданылды және оның баламасы қалай таңдалды, сол жазылған. Ендігі кезекте осы глоссарийлердің негізінде біз шамамыз келгенше сөздіктер құрастыруға, сөздіктер жасауға келіп жатырмыз. Бұл жерде біз бұған дейінгі шыққан сөздіктерді жоққа шығарып немесе онымен келіспейтіндігімізді көрсету үшін емес, мына жобаның аудармашылар ортасына, аударма ісіне қалдырар тағы да бір нақты нәтижесі ретінде осы сөздіктерді жасауға кірісіп жатырмыз. Дүниежүзінде сөздік құрастырудан, сөздік

---

---

жасаудан алдына жан салмайтын үлкен бастау – бұл Оксфорд университетінің баспасы. Сондықтан осы баспамен бірлесе отырып, біріншіден, үлкен қазақ-ағылшын, ағылшын-қазақ сөздігі дайындалып жатыр. Бұл топты белгілі ғалым, тілші Таңат Аяпова басқарады.

Екіншіден, Оксфорд баспасы шығарған қоғамдық ұғымдар сөздігі, сондай-ақ Оксфордтың экономикалық түсіндірме сөздігі дайындалып жатыр. Осындай үш үлкен сөздік бар және бұдан бөлек Шерубай Құрманбайұлы бастаған топ дайындап жатқан «Қазақ тілінің кірме сөздері» сөздігі дайындалып жатыр. Біздің ойымызша, осы жобаның аясындағы терминология, аударма ісіндегі ұғымдарды қолданыстан жинақтаған тәжірибе, дағды, қор осы сөздіктерге кіреді деп сенеміз. Осымен біз Ұлттық аударма бюросы осы жобаға да өз үлесімізді қосқымыз келеді.

Аудармашыларға өзіміздің шамамыз келгенше жинақтап аударма ісінде басшылыққа алатын қағидалар не болмаса нұсқаулық ретінде дайындаған құжаттарымыз бар. Онда мүмкіндігінше өзге тілдегі ұғымдардың, терминдердің түптамасын аудару арқылы жаңа сөз жасауға әуес болмайық. Өзге тілден салалық терминдердің мағынасын бұзбай қазақ тіліне алып келуге көбірек ден қояйық. Бірақ оны жасағанда сөзжасам, терминжасам ережелері ескерілуі тиіс дегенді айттық. Мамандарды өзімізге шақырып, біздің аудармашылармен кездестіріп, оны қалай жасау керек екеніне байланысты пікірлерін, кеңестерін алдық. Қысқаша айтқанда жұмыс осылай жүріп жатыр, сұрақтарыңыз болса жауап беруге дайынмын.

**ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Рауан Кенжеханұлы. Еңбектеріңіз нәтижелі, жемісті болсын. Елбасының «Рухани жаңғыру» идеясын жүзеге асыруға да сіздердің үлестеріңіз болады деп сенеміз.**

Құрметті конференцияға қатысушылар! Өздеріңіз байқап отырған боларсыздар, бүгінгі конференциядағы баяндамашылар – атқарған немесе атқарып жүрген қызметінің қазақ терминологиясына тікелей қатысы бар кәсіби мамандар.

Ал қазіргі қазақ терминологиясының қалыптасып, дамуына бұқаралық ақпарат құралдары зор ықпалын тигізіп отырғандығы анық.

Осы орайда келесі сөз кезегін еліміз Тәуелсіздік алғаннан бері мемлекеттік органдарда жоғары қызметтер атқарған, ұзақ жылдар бойы еліміздің бас басылымы – «Егемен Қазақстан» республикалық газетіне басшылық еткен белгілі қаламгер, Парламент Мәжілісінің депутаты, филология ғылымдарының докторы, профессор Сауытбек Абдрахманұлына беремін.

**С.А. АБДРАХМАНОВ.**

Жаңа Рауан бауырымыз айтқан глоссарий деген сөзге байланысты әрі қарай жалғастырып кеткелі отырмын.

Дәл қазір біздің ойымыздан шықпай, аузымыздан түспей тұрған сөздің

---

---

ең бастысы – сайлау. Сол сайлауға байланысты дефиницияның қандай мәніне көңіл бөлу керектігіне байланысты бір мысал айтқым келеді. Мысалы, қазақта сайлаудың неше түрі өткен. Хан сайлауы өткен, аға сұлтан сайлауы, болыс сайлауы өткен. Ал өткен ғасырда сол сөзге басқа реңк берілді отенок, саяси тұрғыдан өте ақылды адамдар жасады.

Сайлау – выборы, әрі сайлау – избрания. Кеңестік идеология осы дефиницияның избрания мағынасына көбірек салмақ салды. Сөйтіп сайлауды белгілі лауазымды қызметке көтермелеу, марапаттау ыңғайына келтірді. Избрания депутатом Верховного Совета деген ыңғайға келтірді. Өйткені ол кезде Орталық комитетте келісілген тізім бойынша сайланатындығы анық еді. Бір кандидат сол адамға дауыс береді. Сол кезде бір адамнан қалай таңдау болады? Бір адамнан бір адамды таңдау мүмкін емес. Сол кезде оның – избрания жоғарыға көтермелеп, марапаттау, үлкен лауазым беру, үлкен сенім көрсету деген тұрғысына келді. Ал тәуелсіздік жылдарында, қайта құрудан кейін «выборы» сөзінің таңдау мағынасы ашыла бастады, бірақ әлі де толық ашылып үлгерген жоқ. Негізінде выборы өз мағынасы таңдау – выбирать. Партиялар арасынан таңдау, бағдарламалар арасынан таңдау, кандидаттардың арасынан таңдау. Міне терминді қалай алуға, қалай түсінуге байланысты, қандай үлкен ұғымдар қалыптасу мүмкіндігіне нақты бір мысал ретінде айтқым келіп отыр.

Жаңа Дәуітәлі бауырым орыс тілінің 30-40 пайызы грек, латын тілдерінен алынған деді. Соған байланысты бір тосын мысал келтіргім келеді. Орыс тіліндегі «ғ» әрпінен басталатын сөздердің саны қанша деп шамалауға болады? 1974 жылы шыққан Орфографический словарь русского языка қолыма түсті алдыңғы күні. Сөздікте 106 мың сөз қамтылған, соның ішінде «а» әрпінен басталатын сөздер тұтас 14 бетті алып жатыр. Барлығы 3360 бет санап шықтым. Сол 3360 беттің қаншасы орыстың өзінің төл сөзі, мың сөз бе, 500 сөз бе, 100 сөз бе, ешқайсысы емес. 50 сөз де емес, 10 сөз де емес, 6 сөз. Санап шығуға болады, 6 сөзді санап шығу қиын емес. Аз, азбука, аж, авос, ага, агу. Соңғы екеуі слова восклицание, біздің «ту» ғой деген сияқты. Қалған сөздердің барлығын орыс тілі терминдер арқылы сіңірген, сөйтіп терминдер арқылы сөз сіңірудің арқасында бүгінде әлемдегі бай тілдердің қатарына әлдеқашан қосылып, Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми алты тілінің біреуіне айналып отыр. Бұл терминнің қуатты күшін сәл анықтау болсын, сөздікті алып тексеріп қараған кезде мынандай сөздерді табуға болады. Антоновка, антоновские яблоки, олар антропонимдер. Абхазия, авария, саджариц, Алжир, олар этнонимдер. Олеуцкий, антарктический, онгорский дегендердің барлығы топонимдер ретінде төл сөзге жатпайды.

Қазіргі қазақ тілінің тәуелсіз елдің мемлекеттік тілдің міндетін абыроймен атқарып келе жатқаны да Ұлттық терминологиядан алар орны

---

---

ерекше. Бүгінгі таңда тілші ғалымдар арасында қазақ терминологиясының ғылыми негізінен қалыптасып бітті деген тоқтамды пікір орныққан. Олай айтуға толық негіз бар. Ана тіліміздің қазынасына терминдер табиғи түрде кірігіп, тіліміз тоқтаусыз байып жатса, бұл істе осы процестің әдіс-тәсілдерінің негізі деп берген терминтанушы ғалымдардың үлесі үлкен. Бұл жөнінде жаңа Шерубай Құрманбайұлы салмақты сөз айтты. Соңғы жылдарда қазақ тілінің терминдері біраз сынға ұшырап жүргені рас. Олардың арасында ең жоғары деңгейде айтылған сында бар. Осы арада Терминкомның жұмысына аз-кем тоқтала кетудің орайы келіп тұр. Төл тіліміздің терминдер арқылы толуында соғыс біте салысымен сонау 1945 жылы құрылған Терминология комиссиясының ұзақ уақыт бойғы жүйелі жұмысының рөлі ересен.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығы берілген 31 томдық терминологиялық сөздіктің өзі де Терминкомның тарапынан мақұлданған болатын. 31 томның әрқайсысында 13-14 мың термин бар. Біреуінде көп, біреуінде азырақ. Сонда тасқа басылып, дефиницияланған терминдердің өзі шамамен 400 мыңның ол жақ бұл жағында болып шығады екен. Жаңа Бейбіт Баймағамбетұлы 369 мың деп нақты айтты. Бәрі де салыстыру арқылы білінеді. Біз терминдерімізді қаншама сынасақ та, өзге ағайындармен салыстырып қараған кезде біз әлдеқайда ілгері тұрмыз. Біз кешегі кеңестік кезінде Ташкенттің автобусында граждан, пассажирлер деген жоқпыз. Біз кешегі кеңестік кезінде көршілес ағайындар сияқты родина деген жоқпыз. Біз басқа ағайындар сияқты театрдың сахнасынан «Дездомоно Минин синга берген носовой платогымды Ягаға неге бердік» деген жоқпыз. Олардың бәрінің жатық, қазақы сөздері болды. Қазір де Терминкомның жұмысында, міне Мәди ағамыз отыр, соңғы бір жылдың ішінде өте жақсы тәжірибе енді, ол - әр сөзге түрік, әзербайжан, қырғыз, өзбек, неміс, ағылшын, француз, испан тілдеріндегі баламаларын қосып беру. Соларды қарап отырған кезде біз қырғыз ағайындардың, өзбек ағайындардың, терминдерінен әлдеқайда ғылыми негізді терминдер жасап жүргенімізге көзіміз жетеді. Одан кейін бәрі де - шартты нәрсе.

Пуризмді оңды-солды сынап жатамыз. Ол – тазалық деген сөз. Пурус – ол тілдің тазалығы үшін күрескен адамдардың әрекеті. Мысалы, Велимир Хлебниковтар ботинканы мокроступ деп жазған. Ол орныққан жоқ. Бірақ әрекеттер жасалған. Ататүріктің тұсында, қазір ол мемлекеттік құпия болудан қалды, Ататүріктің тұсында тікелей тапсырма бойынша араб, парсы сөздерінен тілді тазарту үшін мыңдаған сөздер қолдан ойлап табылған және бұл сөздердің барлығы бізді ата-бабамыздың қолданған сөздері екенін, біз оларды ұмытып қалған екенбіз деген ғылымиланған мифтер шығарылған. Сол мифтердің негізінде Ерден жақсы біледі ондаған монографиялар жазылған ойдан шығарылған сөздерді

---

---

негіздеу үшін. Бұның барлығының арғы түбінде түрік тілінде көптеген сөздерді орнықтыруға алып келді.

Рим мифологиясында жер телімдерін бөлетін шекаралар мен аралық белгілерді «термин» деп атаған. Демек, «термин» дегеніміз – шегі, шекарасы, аралығы анық айқындалған сөз. Жалпы, қолданыстағы сөздерден терминдердің басты айырмашылығы – көпмағыналы, астарлы болмайтыны. Терминнің негізгі ерекшеліктері мыналар: біріншіден, жүйелілігі, екіншіден, дефинициясы, яғни ғылыми анықтамасы, үшіншіден, моносемиялылығы, яғни әртүрлі мағына тудырмайтындығы, төртіншіден, экспрессияның болмауы, яғни, сезімге ерік бермеуі, бесіншіден, стильдік бейтараптылығы.

Терминжасам ісінде осы талаптар сақталуы міндетті. Терминдерді қолдануда дәлсіздік халықаралық құжаттарда, әртүрлі іскерлік мәміле-лерде, мүлікті кепілге қоюға, сатуға, тарту етуге қатысты нотариус қағаздарында, адам тағдырын шешетін сот ұйғарымдарында түсінбестікке, тіпті дауға соқтыруы да мүмкін. Әскер және қорғаныс салаларының терминдерінде бұған атымен жол беруге болмайды. Оны Абай Бөлекбайұлы Тасболатов жақсы біледі.

Қазақ алфавитінің латын жазуына көшірілуіне байланысты терминжасам ісінде алдымыздан үлкен міндеттер туындағалы тұр. Бұл – жылдар бойы атқарылатын, жүйелі жүргізілуге тиісті жұмыс. Осы орайда жаңа әліпбидің қазіргі бекітілген нұсқасы әлдеқайда жақсарғанын, негізінен халықтың көңілінен шыққанын, баспасөзде қолданыла да бастағанын («Егемен Қазақстан» күн сайын бір бет береді) разылықпен айта отырып, жеке пікір ретінде мына жайды ортаға салғымыз келеді.

Жаңа әліпби қазіргі қазақ тілінің бері қойғанда соңғы екі ғасырда қол жеткізген фонетикалық байлығынан түбегейлі бас тартқызыбауға тиіс сияқты. «Бұрын тілімізде болмаған, бізге жат дыбыс» деу де шартты сөз. Мысалы, өзіміздің әуелдегі әрпіміз сияқты көрінетін «х» әрпінен басталатын төл сөз – жалғыз ғана «хан» сөзі. «Ханшайым», «хандық», «хантаалапай» деген сөздердің бәрі – «хан» сөзінен жасалған сөздер. Сол жалғыз «хан» сөзінің түбірі «қаған». Сонда қазақ тілінде «х» әрпінен төл сөз болмауы да мүмкін. Бірақ арабизмдер, фарсизмдер арқылы «х» әрпінен жасалған жүздеген сөздер бар. Сондықтан олардың бәрін біз жатсынбай сіңіріп, өз сөзіміз етіп алдық, демек, «х» дыбысы да біздің төл дыбысымыз болып кетті.

Жалпы, жаңа «кірме сөздер» деп айтылды, мен өз басым «сіңірілген сөздер» дегенді дұрысырақ көремін. Орыстың тілші мамандары да «слова-пришельцы» дегенді аз қолданады, олардың көбірек айтатындары – «заимствованные слова».

Терминдердің латынға бейімделуі, көшірілуіне байланысты. Дәуітәлі жаңа 31 томдық сөздікті қайта бастыру керек деді, бұл аздық етеді. Ол

---

---

31 томға ғылымның көптеген салалары кірмей қалған. Мен өткен жолы өзімше жазып көрдім, кемінде 50 сала бойынша терминологиялық сөздіктер дайындалғаны дұрыс. Бірақ оларды кириллица әріптерімен жасап шығып бекітіп жүргеннен кейінгі 2025 жылға қарай жасалатын жұмыс оларды латын жазуына көшіріп шығу емес, латын жазуына ауыстырып шығу. Көшіріп шығу дегенді бізге конвертер шешіп береді. Өткен жолы айтып отыр ғой, «Абай жолы» романының төрт томын бірнеше секундтың ішінде аударып береді деп. Ол – техникалық проблема.

Терминдердің тілде орнығуында БАҚ саласының алар орны үлкен. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әріптестеріміз ана тілімізді байыту, әлеуетін арттыру жөніндегі жауапкершілігін жеңілдетпейтініне сенімдіміз.

Бұл кітапты жаңа Ерденге де көрсеттім. 1968 жылы желтоқсанның 16-18 күндері Алматы қаласында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты мен Қазақстан Журналистер одағы тіл мәдениеті туралы конференция өткізген. Баяндама жасаған адамдар: Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Ахмеди Ысқақов, Рабиға Сыздықова, Шора Сарыбаев, Айтым Абдрахманов, тағы басқалар. Сөз сөйлегендер: Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбдуәли Қарақұлов, Кәкен Аханов, Ғайниден Мұсабаев, Мұзафар Әлімбаев, Жанайдар Мусин, Төлеутай Қордабаев, тағы басқалар. Қандай үлкен деңгей! Мәселені үш күн бойы талқылаған, тып-тыныш кезде, тек әрі қарай жетілдіру үшін. Ал енді қазіргідей бетбұрысты кезеңде ғалымдар үш күн демей-ақ, екі күн демей-ақ бір күн бойы таңертеңнен кешке дейін осы латынға қалай көшеміз, емлені қалай бекітеміз, қалай жазамыз, қалай оқимыз, не істейміз дегенді, Ереке, үлкен әңгіме жасау керек және бұл істегі басты сөзді, шешуші сөзді, әрине, тілші ғалымдар айтуы керек. Солай болады деп сенеміз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Сауытбек Абдрахманұлы.

Құрметті әріптестер, байқасаңыздар, бүгін тек өзекті теориялық мәселелер ғана емес, практика жағынан да әңгіме болып жатыр.

Осы ретте келесі сөз «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы басқармасы төрағасының орынбасары – бас редактор Айбын Шағалаққа беріледі.

А.Б. ТАСБОЛАТОВ. Рұқсат па?

Мен бір ұсынысымды айтайын деп едім.

Мен отырыстың резолюциясын көрдім. Сауытбек Абдрахманұлы дұрыс айтып кетті. Терминология комитетінің және екі министрліктің де өкілдері мына жерде отыр, сондықтан соларға айтып кетейін деп едім.

Ерден, Шерубай, әскери терминология бойынша, Шекара қызметкерлері, Ұлттық ұлан, Қорғаныс министрлігі барлығында терминология бойынша мәселе жеткілікті.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Қарардың жобасын бердік, құрметті конферен-



---

---

цияға қатысушылар, алдымыздағы дүйсенбіге дейін ұсыныстарыңызды күтеміз.

А. ШАҒАЛАҚ. Құрметті төрағалық етуші! Құрметті қатысушылар! Расында да, қандай термин болсын оның халыққа жеткізілуінде ең үлкен рөл атқаратын бұқаралық ақпарат құралдары болғаннан кейін оның баспасөзде жазылуы, қабылдануы ең маңызды мәселе болып табылады.

«Егемен Қазақстан» ел газеті ретінде, қазақ баспасөзінің қарашаңырағы ретінде қабылданғаннан кейін басқа басылымдар да бірінші кезекте «Егемен Қазақстанда» терминдер қалай жазылып жатыр, орысша сөздердің мағыналары қалай қабылданып жатыр, осыған бәріміз бағдар ұстайтынбыз.

«Егемен Қазақстан» газетінде біраз уақыттан бері жазылып жүрген дүниелер белгілі бір уақыттан кейін өзгеріп кетіп жатса, басқаларымыз дағдарып қалатынбыз. Мұның басты себебі, жаңа алдымызда ағаларымыз да айтып өтті, терминдердің жиі ауысатындығы үлкен проблема деп ойлаймыз. Өйткені, мысалы, қазір жиі айтылатын «пайыз» деген сөздің өзі халыққа жақсы сіңісті болып кеткен кезде қайтадан «процент» сөзін енгізіп жатырмыз. Бұл Елбасы сөзінде де «пайыз» деп айтылып жүрді де, бір рет «процент» деп айту керек деді, бірақ кейінгі сөздерінде қайтадан «пайыз» деп айтылып жүрді.

Сол сияқты басқа Үкімет басшыларының сөздерінде, министрлердің сөздерінде, баяндамаларында салалық мәселелерге қатысты сөздерде айтылып жүрген мәселелер кейін басқаша болып өзгеріп кетіп отырады. Осы кезде біз дағдарамыз. Сосын бізге қарап отырған басқа басылымдар да, оқып отырған халық та көп шатасады. Сондықтан Терминкомға, терминді қабылдайтын ағаларымызға бір өтініш, осы жағына мән берсек. Халық қабылдап кеткен сөздерді көп өзгерте қоймасақ деген өтініш бар.

Жаңа Сауытбек ағамыз да жақсы айтып өтті. Іс жүзінде сөз қалмады деуге болады. Сондықтан мен латын әліпбиі бойынша айтып өтсем деймін.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, жаңа әліпби қабылданғаннан кейін, емле ережесі қабылданғанға дейін «Егемен Қазақстан» газеті өзінің бір бетін латын әліпбиімен шығарып келді. Жаңа емле қабылданғаннан кейін әрі қарай таза сол емлеге сәйкес шығарып келе жатырмыз.

Бұл жерде журналистердің немесе біздің шығармашылық өндірістік топтың алдынан шығып отырған проблема жоқ, өйткені біз «Тіл-Қазына» орталығымен бірге жұмыс істедік, корректорларымыз сол жерде семинар-тренингтерден өтті. Қабылданған емле ережесін соған сәйкес жазуға бейімделіп отырдық.

Емле ережесіне қатысты көптеген әртүрлі мәселелер бар, енді олар кейін өзгерер, ол тілші ғалымдардың мәселесі деп есептейміз. Біз тұтынушы ретінде қалай қабылдайтынымызға байланысты кездесіп отырған мәселелерді айтайын деп едім.

---

---

Мысалы, «Тіл – Қазына» орталығы жаңа емлемен жұмыс істеп отырғаннан кейін негізгі жұмысымыз конвертермен байланысты. Біздің газет кириллицамен теріледі, сол мәтін конвертермен аударылады.

Біздің өзіміздің бағдарламашы әзірлеген конвертер бар және «Тіл-Қазына» орталығының конвертері бар. «Тіл – Қазына» орталығының конвертері жаңа емле ережесіне 80 пайыздай сәйкестелген. Сондықтан біз конвертермен аударған кезде шетелдік сөздерге қатысты, басқа да сөздерге қатысты аса бір үлкен қиындық тумады. Тек жаңа айтып өткен «и», «ю» әріптеріне байланысты.

Мысалы, ЮНЕСКО, ЮСАИД сияқты қабылданып кеткен сөздер бар. Оларды конвертермен аударған кезде автоматты түрде «IyNESKO» (ИУ-НЕСКО) деп жазылады. Оны корректорларымыз механикалық түрде үстінен қайтадан түзетіп отырады.

Осы тұрғыдан алғанда латын әліпбиінде, жалпы, алдағы уақытта да баспасөзде аса бір қиындық болмайды деп есептейміз.

Жаңа клавиатураның негізі бекітіліп, барлық қолданушыларға жеткен кезде бұл проблема өздігінен шешіледі, өйткені қолмен терген кезде біз бірден емле ережесіне сәйкес теріп кете береміз.

Сондай-ақ, мысалы, «и» мен «і» әріптерінің бас әріппен жазылуы бізге кәдімгідей қиындық тудырады, яғни корректорларымызға да, оқыған кезде де. Өйткені қазақта Исмет, Исләм, Искендір деген кісі аттары бар. Бұлар бас әріппен жазылған кезде жай қарапайым адамдар да, корректорлар да автоматты түрде Искендір, Исмет деп оқып кететін кездер болады.

Және осы әріптер қатар тұрған кезде қатені байқамай қалады, яғни «і» әрпі мен, «и» әрпі ме деген сияқты. Осыған да назар аударса деп ойлаймыз.

Сонымен қатар бізде қазір кездесіп отырған негізгі проблемалардың бірі, мысалы «Нұр Отан» қазір атауын «Nur Otan» деп латын әліпбиімен жазып қойды. Біз бұған жалғауды қалай жалғаймыз? Ондай проблема ылғи туындайды, мәселен, «Nur Otan»-ның деп дефис арқылы әрі қарай кириллицамен жалғап кетеміз бе, әлде латын әліпбиімен жалғап кетеміз бе? Енді біз қазір бір бетті латынмен беріп жүргеннен кейін «Nur Otan»-ның дегенде латыншаға қатысты емлеге сәйкес латынша жалғау жалғап жүрміз. Біз осындай практика енгізіп жатырмыз.

Сол сияқты бас әріптерде «ис», «тис» деген сөздер бізде тақырыптарда келген кезде, бәрі бас әріппен жазылған кезде үлкен проблема тудырады. Енді ол түсінікті нәрсе.

Мысалы, бізде «ц» әрпі жоқ. Бірақ «С витамині» деген сөз бар. Бұл мәселені өткен жолы бір ғалым көтерген болатын. Расында да, біздің практикамызда әлі кездесе қойған жоқ, оны біз «S витамині» деп жазайық десек, тура сондай витамин бар екен. Егер біз бұны жазуымыз

---

---

керек болса, біз жаңа клавиатурамызда орнатқан кезде қайтадан ағылшын пернетақтасына немесе басқа пернетақтаға ауыстыра отырып, қайта тереміз. Бұл кәдімгідей уақыт алады. Біз әліппені пернетақтаға бейімдеген кезде ең бастысы ыңғайлылық, уақыт үнемділігі деген мәселелер басшылыққа алынғанын ескерсек дейміз.

Жалпы алғанда, осындай негізгі мәселелер бар. Енді, шынын айту керек, бізде ең бірінші латын әліпбиін жақсы қабылдаған ақпарат құралдары болды деп ойлаймыз, өйткені республикалық, облыстық ақпарат құралдарының, әсіресе газет-журналдар бірінші кезекте өз атауларын латынмен жазып, қазір соған көшіп қойды. Ал «Егемен Қазақстан» бір бетін түгел арнап отыр.

Сондай-ақ шағын кәсіпкерлік өкілдері де жақсы қабылдады деп есептейміз, өйткені өздеріңіз де көріп жүрсіздер, барлық дүкендер, сауда орындары атауларын қазіргі әліпбиге сәйкес жазып қойды.

Демек, бұл жерде ең басты мәселе емле ережесін біз мектептен және өзіміз қалай оқимыз, қалай қабылдаймыз, соны есімізге сақтаймыз. Бар мәселе осы жерге ғана тіреліп тұр деп ойлаймыз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет, Айбын. Өте құнды пікірлер айттыңыз.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Бағдарлама бойынша баяндамашылар, пікір айтушылар толық тыңдалды. Енді біз жарты сағаттан астам уақытты талқылауға, сұрақ-жауапқа қалдырып отырмыз. Осы залда отырған баршаңыздың тікелей осы мәселеге қатыстарыңыз бар екенін айтқым келеді. Осы салада жемісті еңбек істеп жүрген Әйімбетов Мәди Айтбенбетұлы ағамыз отыр, басқа да азаматтар бар. Сондықтан пікіралысуға көшейік.

Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбеков өз пікірін айтқысы келеді.

Жалпы, біз бүгін бір нәрсені айқындадық. Қазақ тілінің бай тіл екені даусыз, бірақ ғылыми тілді дамыту, терминдерді дамыту, кәсіби тілді дамыту мәселелері бойынша бүгін жақсы, құнды ойлар айтылды.

Нұрлан Орынбасарұлы, Сізге сөз.

Н.О. ДУЛАТБЕКОВ.

Бағанадан бері өте жақсы пікірлер, келелі ойлар айтылып жатыр. Біріншіден, мен сіздердің комитеттеріңізге көп рақмет айтқым келеді, үлкен терминологиялық мәселелерді Парламент деңгейінде және заң шығару органында талқылап отырғандарыңыз бізді өте қатты қуантады.

«Құланның қасуына мылтықтың басуы» деген қазақтың сөзі бар. Мен Әкімшілік құқықтық кодекстің қазақша нұсқасын қарап отырып, соны қабылдау кезінде бірнеше пікірлерімді жазып, соған бір көзқарас қалыптастырып, қандай кемшіліктері бар, солар туралы жазып жатыр едім. Бүгін, міне, шынында да, өте әсерлі пікірлер айтылып жатыр.

Қазақ киіз үй тіккенде уығының мықты болуына қатты қарайды, өйткені керегенің мықтылығы өз алдына, уық мықты болса, шаңырақ

---

---

шайқалмайды, киіз үй құламайды. Шынында да, біз, заңгерлер үй салмаймыз, заңды жазамыз, қараймыз, бірақ, шыны керек, мен өз әріптестеріме қарап отырамын, бізге заңның екі нұсқасын алып келген кезде біз бәріміз заңның орыс тіліндегі нұсқасын оқып жатамыз. Неге? Әрине, заңның тілін, оның қалыптасуын рухани жаңғырумен байланыстырып отыруымыз керек. Заң жазу кезінде біз алдымен ресми тілді қолданып отырдық та, ал қазақ тілі аударма ретінде қалыптасып қалып қойып отырды ғой, сол үрдіс әлі де қалып қойған сияқты. Термин тұрлаусыз болса, заң қауқарсыз болады, яғни бізде қазақ тіліндегі жазылып жатқан заңдарымыздың барлығы қазақтың өзінің төл тумасы болмағандықтан ба, отаршылдық саясаттың бір әсерлері бар ма, енді біз оны мойындауымыз керек. Міне, осы мәселе бойынша жұмыс жасауымызда біз ең алдымен заңның тілін, заңның терминологиясын жақсартып алатын болсақ деймін.

Заң шығару кезінде көп проблемалар кездеседі. Мысалы, біздің заңымызда, үлкен конституциялық заңдарымыздың өзінде егер бір термин орыс тілінде бір сөзбен берілетін болса, мәселен, «құқығы», бізде, қарап отырсақ, «құқығы», «хақысы», «құқылы», тағы бір алты-жеті терминмен келеді де, сол кезде түсінбеушілік туындайды.

Мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті қарадым, мысалы, бізде әкімшілікте, қылмыстық құқықта бір «невменяемость» деген термин бар (есі дұрыс емес). Ал біз оны қазақшаға аударған кезде «ақыл-естің кемістігі» дейміз де, оның деңгейін, енді былай аударған кезде келіп тұрады, ал бірақ негізгі заңдық мағынасын бермейді, яғни «ақыл-естің кемдігі» – «слабоумие» деген терминмен жалғасып отырады да, біз қарай алмай қаламыз. Тіпті күнделікті қолданылып отырған «коррупция» деген сөзіміздің өзін біреулер «жемқорлық» дейді, біреулер «сыбайластық» дейді де, содан кейін бұл екеуі де оның толыққанды мағынасын бермейді. Сондықтан да біз келеміз де орысша нұсқасында қалай жазылған екен деп, орыс тіліндегі нұсқасына бұрылып кетеміз.

Мысалы, Неке және отбасы туралы заң бар. Сонда бір термин қалыптасқан, «отбасы» дейді, ал енді халықты тіркеуде «жанұя» деп келтіріп отырады. Міне, осындай терминдер әртүрлі болғаннан кейін біз қиналыстарға түсіп отырамыз.

Шынында да, терминология мәселесі, оның ішінде құқықтық терминология бойынша біраз жылдар, міне, Шерубай бар 1989 – 1990 жылдары бірге шұғылданып, соны қалыптастырғанбыз. Меніңше, ғылыми орталық, Терминология институтының қалыптасуы біз үшін өте керек сияқты. Әрине, Ғылыми-зерттеу институтымыз бар, Байтұрсынов атындағы терминология бөлімдері бар, бірақ бұлардың барлығы заң шығару органымен, одан кейін атқару билігіндегі, өйткені сіздер қазір қарап отырсаңыздар, үрдістің барлығы біздің мемлекеттік тілде қалыптасып

---

---

келіп жатыр, яғни бізде сандық қасиет бар. Енді сол сандық қасиетті сапалық қасиетке айналдыру үшін Терминология институтының керектігі өзекті мәселе болып қалатын сияқты.

Айтатын болсақ, үлкен әңгімелер көп. Мен заңгер ретінде айтатын болсам, заң қауқарсыз болса, заңның өзінің рухани жағы болмайтын болса, онда ол заң сапасыз болады. Заңның сапалылығына, әрине, тіл бірінші кезекте рөл атқарады. Сондықтан да терминология мәселесі – мемлекеттік мәселе.

Сіздердің жаңа айтқан келелі пікірлеріңізге көп рақмет.

Менің де біраз ұсыныстарым бар, оны сіздерге беріп, оны кейін конференцияның қарарына кіргізерміз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Нұрлан Орынбасарұлы.

Тағы да пікір айтамын деген адамдар бар ма? Маха.

М.К. САДЫҚ. Рақмет.

Жаңа ғана Сауытбек ағамыз журналист ретінде өз көзқарасын айтты ғой. Қазір еліміз сын сағатқа түскен сайлау кезінде Елбасымызды қолдау кезінде өте үлкен рөл атқарады. Біз өзіміз, мысалы, журналистикада Дариға Нұрсұлтанқызы мен Гүлнар Мұстахымқызынан үйреніп, біраз жерге келдік.

Бүгін замандасымыз Бейбіт Мамраев мырзаның шақырып отырғанына рақмет айтқым келеді.

Тәуелсіздік алғаннан бері тіл мәселесіне миллиардтап бюджеттен ақша кетіп жатыр. Жаңа Сауытбек ағамыз айтқандай, әлеуметтік желіде тіл мәселесін қорғап, жаңағыдай сөз айтылғанда белді буып шығатын бір төрт-бес журналист бармыз.

Сіздер әлеуметтік желіде белсенді болып жүрген блогер журналистерді тартып, миллиардтардан кішкене болса да қаржы бөліп, мысалы, біз сіздер тілдің нақты жұмыс істеуіне, нақты жолға шығуына кепілдік береміз, сіздер кабинетте отырсыздар, бюджетпен отырсыздар, ал біз елдің не айтатынын, жаңа Сауытбек ағамыз айтқандай, бәрін көрсете аламыз.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.

А. САНҒАЛИҚЫЗЫ. Мен терминдердің өзгеруіне, ауысуына байланысты пікірімді айтқым келген. Есімім – Ақсу Санғалиқызы. «Самұрық-Қазынаның» аударма бөлімін басқарамын.

Біз өзіміздің жұмысымыздың барысында әртүрлі аналитикалық құжаттар, ресми құжаттар жасап жүрміз. Сонда бір терминнің өзін, мысалы, «аукцион» – «бәссауда», «процент» – «пайыз» бір құжаттың өзінде бір сөзді он түрлі вариантта жазамыз. Өйткені біз заңның сөзін ауыстырмақ түгілі, оның түрін ауыстыруға хақымыз жоқ. Ол – бекітілген құжат. Сондықтан бұл ретте нормативтік құқықтық актілерге бір бірізділік, болмаса ревизия жасау керек шығар. Мен сол бойынша айтқым келеді.

Екінші мәселе қолжетімділікке байланысты. Біз сөздерді аударған

---

---

да қазір барлығы онлайн форматқа көшіп жатыр ғой, сондықтан да көпшіліктің қазір пайдаланатыны «Sozdik.kz». «Termincom.kz» біресе ашылады, біресе ашылмайды, сайттардың барлығын бірінен кейін біріне жүгініп жүрміз. Сондықтан, мүмкін, оның бір мобильді қосымшасын тағы басқа деген сияқты нәрселерді осы дамыту бағытында бір жақсы жұмыстар жасалса екен.

ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет. Пікіріңіз өте құнды. Мысалы, ғылым саласында авторитет деген дүниені тіпті қатырып қоюға болмайды, себебі ғылым саласында авторитеттерді қатырып қойсақ, онда даму болмай қалады. Әр нәрсе күмәнді болу керек. Осы жерде тіл маманының мықтылары отыр, сондықтан Сіздің де пікіріңіз естілді деп ойлаймын. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бүгін өте бір маңызды әңгіме болды деп санаймыз. Формальды түрде өткен іс-шара емес, мүмкін, осы отырған азаматтарың көкейінде талай ойлар бар шығар, дегенмен Парламент жұмысын ашық өткізеді, біздің сайттарымыз ашық, пікірлеріңізді беруге болады. Қазір әріптесіміз Кәрібай Иманжанұлы қарармен қысқаша таныстырып шығады. Тағы да бір тыңдап шығыңыздар, сосын дүйсенбіге дейін ұсыныстарыңызды күтеміз.

Кәрібай Иманжанұлы, Сөз сізге беріледі.

К.И. МҰСЫРМАН. Қарардың жобасы сіздерде бар.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи сананы жаңғырту және қоғамның рухани дамуы стратегиялық пайымдауы білім, ғылым және мәдениет саларындағы көптеген заманауи мәселелерді өзектілендірді.

Қазақ тілін одан әрі дамыту, оны терминологиялық жағынан жетілдіру, қолданылу аясын кеңейту қажеттілігі туралы мәселелерді ғылыми-практикалық тұрғыдан жан-жақты талқылай келе және конференцияға қатысушылардың пікірлерін ескере отырып, осы қарар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Үкіметіне:

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда, мемлекеттік кәсіпорындарда, бұқаралық ақпарат құралдарында Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған терминдердің жүйелі түрде бірізді қолданылуын қадағалауды қамтамасыз ету;

бекітуге ұсынылған салалық терминдердің сапасына жауапкершіліктерін арттыру арқылы салалық терминологиялық секциялардың жұмыстарын жандандыру;

жергілікті атқарушы органдарда терминологиялық секцияларды құру мәселесін қарастыру;

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының жұмысын жыл сайын қаржыландыруды қамтамасыз ету;

терминологиялық жұмыстарды ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу жұмыстарының сапасын және Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына

---

---

көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы жұмыс топтарының тиімділігін арттыру.

Мәдениет және спорт министрлігіне:

– терминдерді біріздендіру, жүйелеу қоғамның барлық саласында терминдердің қолданылу аясын кеңейту мақсатында «Termincom.kz» сайтының көпшілікке қолжетімділігін қамтамасыз ету;

ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдерді және бірінші кезекті терминологиялық сөздіктерді жаңа әліпбиде әзірлеу және шығару.

Білім және ғылым министрлігіне:

– жоғары оқу орындарында терминология саласында біліктілігі жоғары ғылыми кадрларды даярлауды қамтамасыз ету;

– жоғары оқу орындарының білім жүйесінде терминолог-мамандарды даярлау мәселесін қарастыру;

2020 – 2022 жылдар аралығында 1-4, 5-9, 10-11 кластарға арналған латын графикасына негізделген базалық терминдердің біріздендірілген сөздіктерін әзірлеу;

2023 – 2025 жылдар аралығында қоғамдық-әлеуметтік, техникалық, ғылыми-жаратылыстану салалары бойынша латын әліпбиі негізінде көптомдық салалық терминологиялық сөздіктер әзірлеу және шығару.

**ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУШІ. Рақмет.**

Дүйсенбіге дейін жіберуге келістік қой? Жақсы.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі конференция қазіргі қазақ терминологиясы саласында жаңа бетбұрыс жасауға көмегін тигізеді деп сенеміз.

Ертең – Ғылым күні! Әлеуметтік-экономикалық саясатымызды елдің бүгінгі мен болашағы үшін жүзеге асыруда ғылымның рөлі ерекше. Бүгінгі конференциямызда соның бір дәлелі деп есептейік, себебі ғылыми сараптама болмаса және сол жүйеленген дүниені жүйелі түрде жүзеге асыруға баршамыз білімімізді, тәжірибемізді пайдаланбасақ, әрине, барлығы сөз болып қала береді. Біз кейде өкінеміз, әттең-ай, ата-бабалар мынадай дүние жасаған екен, ал соның түпнұсқаларын таба алмай жүреміз, қағаз күйінде жазылғанын таба алмай жүреміз. Жаңа әріптесіміз Сауытбек Абдрахманов айтқандай, жасанды түрде дүниелерді табуға іс-әрекет жасалады. Себебі әлемдік тарихтан қалмауымыз керек, тереземіз тең болу керек десек, онда негізгі фундаментімізді біз нығайта беруге әрқайсымыз өз үлесімізді қосуға дайынбыз деп ойлаймын.

Қазақстан ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан аса көрнекті замандасымыз, ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына ертең 120 жыл. Отандық ғылымымыз дами берсін, ғалымдарымыз әлемдік деңгейде еңбектеріңіз де, өздеріңіз де көріне беріңіздер. Кей жағдайда ғылым саласына қатысты импакт-фактор деген бар ғой. Оны тарихшылардан талай рет естідім, қазақ тарихы, қазақ тілі кімге керек

---

---

әлемдік деңгейде, ол импакт-факорды біз қай жерде жариялаймыз деп жүреді. Мәселе онда емес, фонетика, орфоэпия, орфография, лексикология болсын, тарих болсын, қай сала болсын мәселенің бәрі ғылымда жатыр. Біз дүниежүзілік тарихты оқимыз ғой. Біз жапон не американдық қазақ тілін зерттеп жүр деп таңғаламыз. Сондықтан жоғарғы айтылған «кімге керек?» деу тек сылтау. Тіл керек, ол - адамның тілі. Тарих та керек, ол - адамзаттың тарихы. Сондықтан аудиторияның жасына қарамастан белсенді маман екендеріңізге, білікті маман екендеріңізге толығымен мен сенім білдіргім келеді. Осы жерде комитеттің төрайымы Гүлнар Мұстахымқызы бастап бүкіл комитет болып қатысып отырмыз. Біз сіздерді естідік. Сондықтан бірге болайық, ісіміз бірге болсын дегім келеді. Баршаңызға рақмет. Алыстан келген, Алматыдан келген азаматтар бар, барлықтарыңызға табыс тілеймін.

Конференцияның жұмысын жабық деп жариялаймын. Сау болыңыздар.





---

---

**«Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы»  
ғылыми-практикалық конференциясының  
ҚАРАРЫ**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи сананы жаңғырту және қоғамның рухани дамуы стратегиялық танымы білім, ғылым және мәдениет салаларындағы көптеген заманауи мәселелері өзектілендірді.

Қазақ тілін одан әрі дамыту, оны терминологиялық жағынан жетілдіру, қолданылу аясын кеңейту қажеттілігі туралы мәселелерді ғылыми-практикалық тұрғыдан жан-жақты талқылай келе және конференцияға қатысушылардың пікірлерін ескере отырып, осы **ҚАРАР** қабылданды:

**Қазақстан Республикасы Үкіметіне:**

- орталық квазимемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған терминдердің жүйелі түрде бірізді қолданылуын қадағалауды қамтамасыз ету;

- бекітуге ұсынылған салалық терминдердің сапасына жауапкершіліктерін арттыру арқылы салалық терминологиялық секциялардың жұмыстарын жандандыру;

- жергілікті атқарушы органдарда терминологиялық секцияларды құру мәселесін қарастыру;

- Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының жұмысын жыл сайын қаржыландыруды қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясында бекітілетін терминдердің саны емес, сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақ тілінің реттелген терминологиялық қорының үлесі мен терминологиялық комиссия бекіткен терминдердің саны (өсу қорытындысымен) көрсетілген нысаналы индикатор, нәтижелі көрсеткішті қайта қарау;

- терминологиялық жұмыстарды ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу жұмыстарының сапасын және Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы жұмыс топтарының тиімділігін арттыру.

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне:**

- терминдерді біріздендіру, жүйелеу қоғамның барлық саласында терминдердің қолданылу аясын кеңейту мақсатында «Termincom.kz»

---

---

сайтының көпшілікке қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдерді және бірінші кезекті терминологиялық сөздіктерді жаңа әліпбиде әзірлеу және шығару;

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне:**

- ЖОО-да терминология саласында біліктілігі жоғары ғылыми кадрларды даярлауды қамтамасыз ету;

- ЖОО-ның білім жүйесінде терминолог-мамандарды даярлау мәселесін қарастыру;

- 2020-2022 жылдар аралығында 1-4, 5-9, 10-11 кластарға арналған латын графикасына негізделген базалық терминдердің біріздендірілген сөздіктерін әзірлеу;

- 2023-2025 жылдар аралығында қоғамдық-әлеуметтік, техникалық, ғылыми-жаратылыстану салалары бойынша латын әліпбиі негізінде көптомдық салалық терминологиялық сөздіктер әзірлеу және шығару.

**Төраға**

**Хатшы**

**«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері»**

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың  
Қазақстан халқына арнаған Жолдауы

*Қазақ терминологиясын жетілдіру*

*«Егер біз қазақ тілі ғұмырлы болсын десеқ, оны жөнсіз терминологиямен қиындатпай, қазіргі заманға лайықтауымыз қажет»...*

Жолдаудағы терминология мәселесіне қатысты көрсетілген міндеттерді орындау мақсатында терминолог ғалымдардың қатысуымен **«Терминжасам қағидаттары және ұлттық терминология мәселелері»** тақырыбында республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

**Конференция жұмысының негізгі бағыттары:**

- Терминжасамның ғылыми қағидаттары;
- ұлттық терминологиялық қор;
- салалық терминологияның өзекті мәселелері;
- латыннегізді әліпбиге көшуге байланысты туындайтын терминологиялық міндеттер;
- ұлттық терминқордың электрондық базасын жасаудың ғылыми-тәжірибелік негіздері.

**Конференцияның мақсаты:**

Қазіргі жаһандық ғылыми-техникалық даму үдерісінде түрлі салалардағы терминдерді толықтыру және біріздендіру мақсатында терминологияның теориялық және практикалық ізденістерін сараптау, талқылау, терминология қағидаттарын айқындау және оны терминжасамда басшылыққа алу.



---

---

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Республикалық терминология комиссиясы негізгі  
қорға енетін терминдерді бекітеді**

1. Бекітілетін терминдер жетекші терминолог-ғалымдарға сараптамаға ұсынылады.

2. Ғалымдар әрбір терминнің этимологиясын ашып, дефинициясын талдап, әлемдік тәжірибедегі қабылдану ретін көрсетеді.

3. Сұрыпталған терминдер Терминком мүшелеріне алдын ала таныстырылып, бекітуге жіберіледі.

4. Терминдерді бекіту барысында олардың дефинициясы, ағылшын, неміс, испан, француз және түркі тілдеріндегі қолданысы ескеріледі.

Қазақша баламаларымен қатар қолданыста жүрген процент, шина, баланс, гимн, инвентарь, демаркация, класс, интеграция, дефект, ресторан, анимация, потенциал, компонент, инстанция, тенденция, механизм, бизнес, атрибут, дотация, бюрократ, гарантия, гипотеза, инновация, интеллект, интеграция, конфронтация және т.б. терминдер қайта бекітіліп, қазақ тілінің сөздік қорына енгізілді.

# Termincom.kz



Базада барлығы  
369 431 термин

Жоба жайлы Хат жазу Құжаттар Қаз/Қаз/Рус



- Термин
- Алаң
- Мақалалар
- Кітаптар
- Библиография
- Тұлға
- Терминология

Категорияны таңдаңыз ▾

Термин іздеу ...

Іздеу




## КӨП ІЗДЕЛГЕНДЕР

Апта Ай Барлығы

- Чугун
- конструкция
- Займствование
- Сооружение
- клапан
- программное обеспечение
- функционал

## Статистика

### 1. Сұраныстар көрсеткіші



### 2. Көп ізделген салалар

Математика Тарих Химия  
Заң Биология Химия  
Іс жүргізу және мұрағат ісі

## САЛАЛАР ТІЗІМІ

- Заңтану
- Дене тәрбиесі және спорт
- Іс жүргізу және мұрағат ісі
- Экономика және қаржы
- Әдебиет және лингвистика
- Мәдениет және өнер

---

---

**«Termincom.kz» электрондық сайтының мақсаты**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді үйрету үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу

**«Termincom.kz» электрондық сайты мынадай блоктардан тұрады:**

1. Термин

2. Алаң

3. Мақалалар

4. Кітаптар

5. Библиография

6. Тұлға

7. Терминология

**Тіркелу:** Терминологиялық алаңдағы талқылауға араласу үшін, алдымен сайтқа кіру немесе тіркелу керек. Кіру/тіркелу әрекетін сайттың жоғарғы бөлігінде орналасқан. «Кіру» сілтемесін шерту арқылы жүзеге асады.

Терминдерді талқылауға қатыса аласыз

Терминолог мамандармен, ғалымдармен байланыса аласыз

Ресми терминдердің қабылдануына ықпал ете аласыз

### САЙТҚА КІРУ

Email

Құпия сөз

[Құпия сөзді ұмыттыңыз ба?](#)

**Кіру**

немесе әлеуметтік желі арқылы кіріңіз

[f](#) [vk](#) [@](#)

немесе тіркеліңіз

[Тіркелу](#)

**Сурет 1.** Сайтқа кіру/тіркелу формасы



Егер сайтқа тіркелген болсаңыз, онда email мен құпия сөзіңізді енгізеңіз немесе әлеуметтік желі арқылы тіркелмей-ақ кіруге болады.

**Termincom.kz** Базада барлығы 369 431 термин Жоба жайлы Хат жазу Құжаттар Қаз/Қаз/Рус Кіру f vk t

Термин Алаң Мақалалар Кітаптар Библиография Тұлға Терминология

Категорияны таңдаңыз ▼ Термин іздеу ... **Іздеу**

### ТІРКЕЛУ

Аты-жөніңіз:


Электронды почтаңыз:

Құпия сөз:

Құпия сөзді қайталаңыз:


Қысқаша ақпарат:

Суретіңіз:



**Сурет 2.** Сайтқа тіркелу


Сайтқа тіркелу формасын толтырғаннан кейін, **поштаңызға растау жөнінде хат келеді.**



**Сурет 3. Email растау хаты**


# Алаңның дизайны

## Алаңның дизайны әлеуметтік желі стилінде әзірленген



Сурет 4. Алаңның дизайны

Жаңа пост жариялау үшін пост мәтінін енгізіп, қажетті пост түрін таңдайсыз. Мұнда пікір қалдыруға, терминдерге ұсыныс жазуға, сауалнама жүргізуге, құжат және сурет ілуге болады.

 Дипломатиялық терминдердің бірі - "гарантия" француз тілінен аударғанда "обеспечение" деп аталады. Бұл сөздің қазақша үлгісі "кепілдік беру" немесе кей жағдайда "қамтамасыз ету" деп те қатар қолданылып жүр. "Залог" термині де "кепіл" болып кездеседі. Сіздің ойыңыз қандай?

"Гарантия" термині?

Кепілдік беру Өшіру

Қамтамасыз ету Өшіру

Кепілдік Өшіру

Кепіл Қосу

☰ ҰСЫНЫС **САУАЛНАМА** ҚҰЖАТ СҮРЕТ Жариялау

Сурет 5. Пост жариялау формасы

Кез-келген қолданушы өзінің ұсынысын қалдыра алады. Алаңның басқа да қатысушылары тарапынан бұл постқа жасаған әрекеттері жайлы ескертпе хат, пост иесінің электронды поштасына келіп тұрады.

**ҚОЖАХМЕТ АЙГЕРІМ**  
5 күн бұрын

Сөз тудыруда -хана журнағы сөздік қорымыға біршама сөзді қосты. Қазіргі таңда полиграфияны баспахана деп атап жүр. Меніңше, сәтті шыққан термин. Қалай ойлайсыздар?

Полиграфия -

Полиграфия	50 %
Баспахана	50 %

8 дауыс

Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы, Arystan\_daryshpan, Aibek Qali және 3

**Мольдир Мырзатай** 5 күн бұрын  
2017 жылы бекітілген

**Aibek Qali** 5 күн бұрын  
Менің ойымша, "полиграфия" термині сол қалпында қалғаны дұрыс. Полиграфия (поли және графия) дегеніміз — мәтіндік және графикалық материалдарды басып шығаруға арналған техникалық құралдар жиынтығы; техника саласы, сол себепті оның аусымы Толығырақ ...

**Қызғалдақ** 2 күн бұрын  
Баспахана, баспа өнімдері, баспа табақ деген терминдер тілімізге тым жақсы еніп кетті.

Сурет 6. Жарияланған пост

Алаң арқылы сауалнама жүргізуге болады.

**АРАЙ АДИЛХАНОВА**  
2 апта бұрын

Шарт па Келісімшарт па?

Договор

Шарт	100 %
Келісімшарт	0 %

9 дауыс

Arystan\_daryshpan, Albek Qali, Қанайбекова Элмира Төрқұлқызы және 3

Унайды Пікірлер Бөлісу

**Итегулова Сая Ағанасқызы** 6 күн бұрын

Мемлекеттік терминологиялық комиссия 1971-1981 жылдар аралығында бекіткен терминдердің қатарында договор - шарт түрінде орын алған. Мәселен "Аннулирование договора" термині "Шарттың күшін жою" түрінде мақұлданған. Ал "келісімшарт" "контракт" терминінің қазақша баламасы ретінде алынған.

**Итегулова Сая Ағанасқызы** 6 күн бұрын

Сондықтан договорды - шарт, ал контрактіні - келісімшарт түрінде алған дұрыс

Пікіріңізді енгізіңіз ...

Сурет 7. Сауалнама

## МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i> .....	3
<i>Б. Мамраев.</i> Құттықтау сөз.....	5
<i>Е. Қажыбек.</i> Тілді дамытудағы терминологиялық жұмыстардың рөлі..	7
<i>Ш. Құрманбайұлы.</i> Қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселелері.....	12
<i>Б. Мақұлбеков.</i> Заң терминдерінің өзектілігі және оларды қолдану тәжірибесі.....	17
<i>А. Смағұлов.</i> Заң терминдерін аудару барысындағы кей тұстар.....	23
<i>Д. Омашұлы.</i> Ұлттық заңнама терминологиясындағы өзекті проблемалар.....	26
<i>Қ. Айдарбек, О. Жұбаева.</i> Латын графикасына көшу барысында кірме терминдерді тіл заңдылықтарына сәйкес игеру мәселелері.....	30
<i>Г. Мамырбекова.</i> Мақұлданған емле жобасындағы кірме сөздердің игерілуі.....	35
<i>Р. Кенжеханұы.</i> «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» ұлттық жобасын іске асыруда терминдерді қазақ тілінде қалыптастыру мәселесі.....	38
<i>С. Абдрахманов.</i> Терминдердің бұқаралық ақпарат құралдарында орнығуының мәселелері.....	41
<i>А. Шағалақ.</i> Латын таңбалы қазақ әліпбиін газет өндірісінде қолдану тәжірибелері туралы.....	51
«Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы» ғылыми-практикалық конференцияның <i>стенограммасы</i> .....	53
«Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы» ғылыми-практикалық конференциясының <i>қарары</i> .....	97

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ»  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары  
Жинақта авторлардың өзіндік стильдік қолданыстары сақталды

Корректорлар: **Б. Ысқақ, С. Жайлау, М. Карикулова**  
Тех. редакторы: **С. Баубек**

Қазақстан Республикасы  
Нұр-Сұлтан қаласы,  
Сығанақ, 25  
Тел./ факс: 8 (7172) 27-30-42  
tilortalyk@mail.ru

Терілуге берілген күні 23.04.2019 ж.  
Басуға қол қойылған күні 30.04.2019 ж.  
Пішімі 70x100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Шартты баспа табағы 9,0  
Таралымы 30 дана